

TILDERDI OQYTÝ: IZDENIS JÁNE ÁDISTEME

aqparattyq-ádistemelik jýrnal

2020 jyl, 28 qyrkúiek

«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журнал



Меншік иесі: «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

Бас редактор: Г.Төлебаева

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

Басылым мерзімділігі: 3 айда 1 рет

№3 саны
28 қыркүйек, 2020 жыл

Таралымы: 100 дана
Тапсырыс №3

Баспахана атауы:
ТОО «DalaPrint»

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы,
Ереван көшесі, 2.
Тел./факс: + 7 (727) 290-86-47.
E-mail: dalaprint@mail.ru

Редакция мекенжайы: Ақтөбе қаласы,
ағ.Жұбановтар к-сі, 257/Б
тел./факс: 8 (7132) 41-69-34
E-mail: ortaluktil@mail.ru

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады.
Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.

МАЗМҰНЫ

Редактор бағаны.....5

Тілтаным

1. **А.Б. ЖУМИНОВА.** Обучение языку в дистанционном формате.....6
2. **Н.Ж. ДАУЛЕТКЕРЕЕВА.** Лексиканы меңгерту – тілдік дағдыларды қалыптастырудың негізгі.....9
3. **А.С. СҮГІРБАЕВА.** «English grammar» оқу құралы жарыққа шықты.....13

Рухани жаңғыру

1. **А.Ә. ОРМАНОВА.** Латын әліпбиін оқушыларға үйрету жөнінде.....14
2. **Ж.А. ЖИЕНҒАЗИНА.** Абай мұрасы – қазақ халқына рухани азық.....15
3. **З.Е. АХМЕТ.** Абай әлеміне саяхат.....16

Тіл үйрету әдістемесі

1. **К.А. АГАДИЕВА.** Монтессори және триз технологияларының заманауи технологиямен ұштастығы.....18
2. **Л.Т. ИМАНҒАЗИНА.** Отбасы және балабақша ынтымақтастығы.....20
3. **А.Т. ҚАРМАШЕВА.** Бала тәрбиесі отбасынан басталады.....21
4. **Л.Б. КУРМАНОВА.** Отбасынан басталатын отансүйгіштік тәрбие тарамдары.....22
5. **М.С. ОБАЕВА.** Балабақшадағы театрдың рөлі.....25
6. **А.Е. ШОНТЫБАЕВА.** «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны».....26

Үздік сабақ

1. **А.М. АРЫКОВА.** Экспо-2017-Астана қаласында.....29
2. **Л.К. ДОНБАЕВА.** Мен Отанымды мақтан етем!.....33
3. **Д.А. ЕСЕТОВА.** 1-тен 5-ке дейінгі сандар.....34
4. **К.Т. ЖУМАБАЕВА.** Табиғи ресурс түрлері.....35
5. **Ж. ИСМАГУЛОВА.** Бейбітшілік – жаһандық даму кепілі.....39
6. **Г.К. КАЛДЫГУЛОВА.** Етістік.....42
7. **С.К. КАУМЕНОВА.** Природа зимой.....44
8. **А. МАДИНАШ.** Ғ дыбысы және әрпі.....46
9. **А. МАХМУДОВА.** БАҚ және журналисттің мәдениеті.....48
10. **Р.Ж. ОЖАНОВА.** Блум таксономиясын қолданудың нәтижесі. Коучинг сабақ.....51
11. **Ф.Ж. РАХМЕТОВА.** Т.Айбергенов «Сағыныш».....53
12. **М.Қ. САНСЫЗБАЕВА.** Табиғи ресурсқа не жатады?.....55
13. **Э. СМАГУЛОВА.** Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы.....57
14. **Ә.Ә. СҮЙНАЛИНА.** І.Жансүгіров «Күлагер» поэмасы.....59
15. **І.М. TURUMBETOVA.** A festival.....61
16. **С. ХАСАНОВА.** Гендік инженерия әдістері.....62
17. **Н. ШҮЙІНШАЛИНА.** Мөңке би. Төрт тентек.....65



Тәрбиеші жазбалары

1. Р.П. АЛДАБЕРГЕНОВА. Жыл мезгілдеріне саяхат.....	68	11. Р.Б. ЖАНАБАЕВА. Үй жануары – қоян.....	83
2. А.Р. АСКАРОВА. Табиғат-біздің досымыз.....	69	12. А.У. ЖУБАТОВА. Транспорт.....	84
3. З.Н. БАЙМАХАНОВА. Қош келдің, алтын күз.....	70	13. М.Х. ЖУМАШОВА. Жылдың төрт мезгілі.....	86
4. Г.Ж. БЕКЕНОВА. Президент күні.....	72	14. Л.Л. ИСУПОВА. Пословицы и поговорки.....	87
5. Э.У. БИМАСHEВА. Үй жануары. Жылқы.....	73	15. Г.М. КАРЖАУОВА. Моя семья.....	89
6. Ж.Е. ГАБДУЛЛИНА. Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы.....	75	16. М.О. КАСЫМГАЛИЕВА. Алтын күздің кереметі.....	90
7. А.Б. ДОСОВА. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	76	17. С.Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА. Көңілді көктем.....	92
8. Н.М. ЕРЖАНОВА. Халық даналығы - тілінде.....	78	18. Т.Ж. МАХАМБЕТОВА. Қуыршақтар бізде қонақта.....	94
9. М.Е. ЕСЕНГЕЛДИЕВА. Қош келдің, Әз-наурыз!.....	79	19. Б.Ө. НҮРМУХАН. Киіз үйдегі ыдыстар.....	95
10. Т.А. ЖАҚСЫЛЫҚ. Математика патшалығы...81		20. Ш.Ұ. ТЕМІРБАЕВА. Төрле, төрле, жаңа жыл!.....	96
		21. З.Ж. СҮЛЕЙМЕНОВА. Қоянға көмектесейік.....	98
<i>Хабарландыру тақтасы.....</i>			<i>100</i>



Құрметті оқырман!

2017 жылы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Мереке күндері тізбесін бекіту туралы» №689 қаулысымен Қазақстан халқының тілдері күні 5 қыркүйек болып белгіленді. Бұл атаулы күн - ұлт ұстазы, Алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлының туған күні. Осыған орай облыста түрлі форматта тілдік мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Биылғы жылғы ерекшелік – шаралар әлемдегі пандемияға (COVID-19) байланысты онлайн форматында ұйымдастырылды. Атап айтқанда, инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілерінде тікелей эфирде «Біздің мақсат – тілдерді оқыту», «Тілім менің – айбыным менің», «Рухани жаңғыру қайнары – латыннегізді әліпби», «Ұлттану жолындағы ұлттық әліпби» тақырыбында сұхбаттар, «Мен қазақша сөйлеймін» сыр-сұхбаты, «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас...» мақал-мәтелдер, «Толғауы тоқсан қызыл тіл» мерекелік челленджері, «Ахмет Байтұрсынов өмірі, еңбегі», «Тіл – халықтың жаны» ашық онлайн сабақтар, «Тіл – тірегім, соғып тұрған жүрегім» онлайн эссе байқауы, «Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім...», «Ойын – ойды сергітеді» онлайн лингвистикалық тренингтер, «English Grammar» оқу құралының тұсаукесері, «Тілім – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» онлайн байқауы ұйымдастырылып, «Туған өлкем – аңызымен көркем» жастар мен балалар арасындағы ғылыми-зерттеу, шығармашылық байқаулар жобасының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар онлайн форматта марапатталды. Сонымен қатар Тілдерді оқыту орталығы оқытушылары фейсбукте республикалық Onlindabol парақшасында ашық сабақтар жүргізді. Аталған шаралардың басты мақсаты – азаматтардың тіл мәдениетін, мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру, тілдерді қашықтан меңгертуге ықпал ету.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қолданыс аясы, қоғамдағы мәртебесі өзекті мәселе екені анық. Сондай-ақ, әр мемлекеттің тұрғындары бәсекеге қабілетті, әлемдік, дағдарыс жағдайында бүгінгі заманның алға қойып отырған үдерістерінің алдына жауап беруі үшін қуатты мемлекеттің адами капиталы да мықты болуы керек екенін ескере отырып, біздің мемлекетіміз тіл саясатында көптілді тұлғаны қалыптастыруды да қолға алып отыр.

Тағы бір міндет – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру. Бұл мақсатта саяси шешім де қабылданды. Бұл толығымен әлемдік сахнада өркениетті мемлекеттермен иық тіресу мақсатында қолға алынып отыр. Себебі бүкіл өркениетті елдердің барлығы латын графикасына негізделген алфавитті қолданады. Бұл – әлемдік кеңістікке кірісу, жеңіл интеграциялану әдісі. Яғни, еліміз отыз дамыған елдің қатарына кіру үшін осы графикаға көшуіміз керек.

Облыста ұйымдастырылып жатқан шаралардың жылдан жылға облыс тұрғындарының тілдік деңгейінің өсуіне қол жеткізуге ықпалы зор.

Жүргізілген әлеуметтік зерттеулер қорытындысына сәйкес пікірлерді ескерсек, облыс тұрғындарының 89,5 пайызы мемлекеттік тілді меңгеруге барлық жағдайлар жасалған деп есептейді.

Жалпы ғылыми негіздерге сәйкес егер мемлекетті құраушы ұлттың үлесі 70-80 пайызды құраған жағдайда, сол мемлекеттің қызметі, тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекеті, жұмысы сол тілде болуы тиіс. Яғни, демографиялық көрсеткіш өскен сайын тілдің де қолдану аясы кеңейе түседі.

Кезең-кезеңмен халыққа жағдай жасау, ұлттық сананы жаңғырту арқылы тұлғаны өсіру, дамыту, адами капитал ретінде құнын арттыру басты мақсат болып қала бермек. Осыны әр адам дұрыс түсінуі керек және осы бағытта жұмыс жасауы керек деп есептейміз.

Құрметті оқырмандар! Сіздерді 5 қыркүйек - Қазақстан халқының тілдері күні мерекесімен құттықтаймын! Мемлекеттік тілдің мерейі асқақтай берсін! Тілдерді меңгерту саласындағы қажырлы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Гүлайым Төлебаева
Ақтөбе облысының тілдерді дамыту
басқармасының басшысы

ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКУ В ДИСТАНЦИОННОМ ФОРМАТЕ

А.Б. ЖУМИНОВА

доцент кафедры «Журналистика и переводческое дело» Университета «Туран», г. Алматы

В современных условиях модернизации образования и цифровизации многих отраслей Казахстана в рамках программы «Цифровой Казахстан» ключевую роль играет образование в обеспечении динамичного развития казахстанского общества. В Постановлении Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Государственной программы «Цифровой Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827 выделяются основные стратегические направления информатизации образования РК, в частности «повышение цифровой грамотности в среднем, техническом и профессиональном, высшем образовании», «реализация содержания образования на базе информационных технологий», «подготовка, переподготовка и повышение квалификации кадров в области информатизации образования», «создание и поддержка инфраструктуры информатизации сферы образования».

В настоящее время в Казахстане доступны и стали актуальными в условиях карантина такие программы, как ZOOM, MicrosoftTeams, Coursera, Webex, GoogleMeet, Trello и др., позволяющие индивидуально и коллективно на расстоянии овладеть новыми знаниями в различных отраслях жизнедеятельности человека. В дистанционном обучении активно используются мультимедийные и учебно-игровые комплексы, которые широко представлены в системе Интернета. В русле этого направления предпринимаются большие шаги в разработке и внедрении дистанционного обучения студентов языку в условиях концепции формирования обучающей виртуальной среды (ОВС).

Проблемы дистанционного обучения и концепции обучающей виртуальной среды (ОВС) применительно к лингвистике еще недостаточно разработаны как в отечественной, так и в зарубежной лингвистической науке. Однако имеющийся отечественный и зарубежный опыт практики дистанционного образования приближает нас к пониманию сущности и особенностей этой системы, основанной на использовании специфических образовательных технологий, современных методик обучения, технических средств и способов передачи информации, информационных и телекоммуникационных технологий, дает возможность осмыслить их на уровне теоретической концепции.

Анализ литературных источников свидетельствует, что данном этапе наблюдается многообразие подходов к толкованию сущности дистанционного образования. Во многих случаях термин "дистанционное образование" используется наряду или вместо термина "дистанционное обучение", "дистантное обучение" и т.д.

«Дистанционное образование характеризуется как качественно новый, прогрессивный вид обучения, возникший в последней трети XX в. благодаря новым технологическим возможностям, появившимся в результате информационной революции и на основе идеи открытого образования. В основу этого вида обучения положена самостоятельная интерактивная работа студента со специально разработанными учебными материалами» - приведенное определение принято за основу в Международном институте менеджмента "ЛИНК", что является российским представителем Британского открытого университета и ориентировано, соответственно, на британскую Модель дистанционного образования с ее характерным акцентом на интерактивность, роль специальных материалов для самостоятельной работы, а также на открытый и прагматичный характер образования[1].

В труде В.И. Овсянникова дается следующее определение: "Дистанционное образование - это обучение на расстоянии. Обучение реализуется благодаря сочетанию почтовой, радио-, телевизионного, электронного связей, телефона и газет за ограниченного непосредственного контакта обучаемого с преподавателем или при полном его отсутствии"[2, 15].

В исследовании А.А. Андреева и В.И. Солдаткина дистанционное обучение рассматривается как «новая организация образовательного процесса, базирующаяся на принципе самостоятельного обучения студента» [3, 18]. Среда обучения в этом случае характеризуется тем, что учащиеся в основном отдалены от преподавателя в пространстве и/или во времени. В то же время они имеют возможность в любой момент устанавливать и поддерживать диалог с помощью средств телекоммуникации. Следовательно, дистанционное обучение - "целенаправленный, организованный процесс интерактивного взаимодействия тех, кто учит, и студентов между собой и со средствами обучения, инвариантный к их расположению в пространстве и времени, который реализуется в специфической дидактической системе"[3, 19]. Таким образом, в отличие от предыдущих, в этих определе-

ниях дается указание на процессуальный характер указанной системы обучения, наличие в нем интерактивного взаимодействия, что распространяется не только на участников учебного процесса, но и на средства обучения, инвариантность этого взаимодействия и его реализацию путем использования специфической дидактической системы. Эти же авторы подчеркивают, что ДО - совокупность информационных технологий, обеспечивающих предоставление студентам основного объема изучаемого материала, интерактивное взаимодействие обучаемых и тех, кто учит, в процессе обучения, предоставление студентам возможности самостоятельной работы по освоению изучаемого учебного материала, а также оценку их знаний и навыков, полученных в процессе обучения; это новая ступень заочного обучения, на которой обеспечивается применение информационных технологий, основанных на использовании персональных компьютеров, видео - и аудиотехники, космической и оптоволоконной техники.

Еще в одном определении, которое приводит В.И. Овсянников, дистанционное образование охарактеризовано как "планируемый процесс обучения (изучения), в котором используется широкий спектр технологий для того, чтобы наладить контакт со студентами на расстоянии, с целью обеспечения взаимодействия с ними и аттестации знаний, которые они получили" [2, 16].

Как видим, все приведенные определения отражают один или несколько аспектов сложного и многогранного явления, связанных с образованием на расстоянии с помощью современной компьютерной техники.

По нашему мнению, достаточно исчерпывающее определение приводит А.А. Андреев, который учитывает все характерные черты и варианты организации системы дистанционного образования в ее полном объеме: "Дистанционное образование - это синтетическая, интегральная гуманистическая форма обучения, базирующаяся на использовании широкого спектра традиционных и новейших информационных технологий и их технических средств, которые применяются для доставки учебного материала, его самостоятельного изучения, диалогового обмена между преподавателем и обучающимся, причем процесс обучения вообще не критичен к их расположению в пространстве и времени, а также относительно конкретного образовательного учреждения"[5]. Согласно данному определению ДО предстает как особая педагогическая технология XXI столетия, которая базируется на открытом обучении с использованием современных телекоммуникаций для общения (студент - преподаватель, студент - студент,

студент - информация) в информационном пространстве. Главное лицо дистанционного обучения - студент.

При дистанционном обучении обеспечивается систематическая и эффективная интерактивность, причем не только между теми, кто учит, и теми, кого учат, но и последних между собой, независимо от того, на каком носителе расположено основное содержание обучения (в сетях, платформах, приложениях).

Как отмечают В.М. Кухаренко, В.И. Овсянников, Е.С. Полат, применение новых организационных (технологических) форм обучения принципиально меняет способ получения и усвоения знаний, а также взаимодействие между студентом и преподавателем. Источником информации в этих моделях есть базы данных в образовательном пространстве, координатором учебного процесса - преподаватель, а интерпретатором знаний – студент[4, 82].

Существенно меняется в этом учебном процессе и роль преподавателя. На него возлагаются такие функции, как координирование познавательного процесса, корректировка курса, изучаемого консультирование слушателей во время упорядочения индивидуального учебного плана, управления их учебными проектами и др. [5, 134]. Он помогает студентам в их профессиональном самоопределении. Деятельность студента изменяется в направлении от получения знаний к их поиску.

Если рассмотреть особенности дистанционного образования с точки зрения коммуникаций между преподавателем и студентом, то можно определить следующие ее характерные черты:

- самообразование как основа дистанционного обучения, что предполагает само мотивацию студента в отношении собственного обучения, а также определенный уровень самоорганизации личности;

- общение преподавателя и слушателя по принципу "один к одному", что соответствует по форме и содержанию индивидуальной консультации;

- общение и взаимодействие "один к одному" не исключает взаимодействия "одного до многих", поскольку преподаватель, согласно заранее составленного графика, работает сразу с множеством студентов. Такая форма взаимодействия напоминает традиционное обучение в классах;

- взаимодействие "многих ко многим" означает, что возможно одновременное общение множества студентов, которые обмениваются между собой опытом и впечатлениями.

Средствами, обеспечивающими в дистанционном образовании использование всего богатства форм взаимодействия, являются современные информационные телекоммуникационные технологии. Так, "па-

утина", или Интернет, дает возможность студентам самостоятельно участвовать в самых разнообразных информационных источниках, в т. ч. зарубежных. Студент может за небольшое время посетить, например, множество отечественных и иностранных университетов, одновременно находя нужную информацию и, возможно, налаживая личные контакты.

Электронная почта дает возможность студенту, слушателю переписываться с преподавателем, задавать вопросы и получать на них ответы, обсуждать текущие проблемы и организационные моменты.

Телеконференции дают возможность нескольким студентам "собираться" в назначенный час в виртуальном классе и работать, практически, как на обычном уроке, выполняя задания преподавателя и задавая при этом вопросы, ответы на которые доступны сразу всем посетителям виртуального класса.

Чат дает возможность студентам и тем, кто только просматривает для себя варианты обучения через Интернет, пообщаться в режиме реального времени, обмениваясь впечатлениями и задавая актуальные вопросы.

Все вышеперечисленное относится к обучающей виртуальной среде -Virtual Learning Environment (VLE). ОВС в образовательной технологии является веб-платформой для цифровых аспектов курсов обучения, как правило, в рамках учебных заведений. Они представляют собой ресурсы, деятельность и взаимодействие в рамках структуры курса и обеспечить для различных этапов оценки.

VLEs или ОВС были приняты почти во всех высших учебных заведениях страны.

Данные платформы обычно позволяют:

- управлять контентом: создавать, хранить, использовать учебные ресурсы;
- отображать учебные программы и планировать занятия, оценивать и тестировать;
- Участие учащихся и управление - управляемый доступ обучающегося к информации и ресурсам и отслеживание преподавателем прогресса и достижений;
- Связь и сотрудничество - электронные письма, уведомления, чат, вики, блоги;
- Связь в режиме реального времени - прямая видеоконференция или аудиоконференция.

ОВС может включать в себя некоторые или все из следующих элементов:

- Курс учебный план;
- На доске объявлений для текущей информации;
- Основное содержание курса, включающий видеолекции, текстовый контент, разработки семинарских занятий, вопросы для самопроверки, контрольные измерительные материалы, презентации, методиче-

ские рекомендации и указания по выполнению СРС, СРСП и др.

– Дополнительные ресурсы, либо интегрированные или как ссылки на внешние ресурсы. Это, как правило, состоит из дополнительного чтения или инновационных эквивалентов для него.

– Самооценка викторин или автоматическое оценивание;

– Формальные функции оценки: представление эссе или презентации проектов, когда в качестве жюри выступают сами обучающиеся;

– Поддержка связи, включая электронную почту, резбовые дискуссии, чаты, Twitter, WhatsApp и другие средства массовой информации, иногда преподаватель выступает в качестве модератора. Дополнительные элементы включают вики, блоги, RSS и 3D пространства виртуального обучения.

– Ссылки на внешние источники - пути для всех других онлайн-учебных пространств.

– Документация и статистика по мере необходимости для администрации учреждения и контроля качества.

– Интерактивная онлайн доска для живых виртуальных классов и др.

На следующем примере рассмотрим включение нескольких типов модулей универсального плана, составляющих разделы занятий, в дистанционный процесс, направленный на изучение языка:

а) «Запомните!» - теоретический модуль, вводит новый материал (правила, тексты, вокабуляр и т.д.). Содержание модуля необходимо внимательно изучить и законспектировать в бумажную тетрадь.

б) «Задание» - практический модуль, в котором размещаются упражнения. Некоторые упражнения данного модуля предусматривают выполнение перевода или какого-либо другого задания открытого типа и содержат ключи для самостоятельной проверки или поле для ввода текста с его последующей проверкой преподавателем вручную. Задания с ключами рекомендуется выполнять в бумажной тетради. В последнем случае проверенный вариант ответа отправляется обратно обучающемуся с письменным комментарием преподавателя для ознакомления, исправления и повторной отправки проверяющему (при наличии ошибок).

в) «Проверьте Ваши знания» - диагностический модуль, содержащий тестовые задания с автоматической проверкой. Все тесты курса можно проходить неограниченное количество раз, добиваясь максимального балла (100 баллов).

Материал курса рассчитан на 130 академических часов занятий, включая 120 часов самостоятельной работы.

После завершения изучения модулей всех тем слушатель сдает экзамен в режиме видеоконференции, который состоит из двух частей:

1. Тестовая часть, включающая задания, контролирующие усвоение грамматического и лексического материала, а также задание на аудирование.

2. Беседа с экзаменаторами по изученной проблематике.

Общая оценка за экзамен выставляется по 100-балльной шкале и складывается из оценок за каждую из его частей. Оценка за тестовую часть формируется автоматически и может составлять 0-50 баллов. Оценка за беседу и за письменную часть выставляется экзаменаторами по согласованию между собой по специальным критериям и может составлять 0-50 баллов. Считается, что испытуемый выдержал (успешно сдал) итоговый экзамен, если его оценка составила 65 и более баллов.

Для протоколирования действий слушателя на экзамене предусмотрен специальный блок, в котором помещается тест, содержащий не менее 15 заданий из изученных тем и выбранных из банка вопросов случайным образом. Устные ответы и содержание беседы с экзаменаторами протоколируются в модуле открытого задания. Балл за экзамен выставляется в матрицу оценок слушателя.

Среди важных нововведений анализируемого курса отметим структурирование внутри уроков, а именно - появление раздела «Задания для подготовки к консультации», в котором помещаются открытые грамматические задания без ключей. Эти задания не ограничиваются подсистемой взаимозависимости модулей, чтобы слушатель, перейдя в урок и выполняя пошагово задания других разделов, имел возможность видеть, к какому результату он должен прийти, изучив текущий материал урока.

Другой важной особенностью курса стало активное введение аудио ключей для открытых заданий с ключами. Это значительно увеличивает долю аудирования в курсе. Размышляя о пользе заданий на формирование вида речевой деятельности аудирования, мы пришли к выводу, что на любом уровне изучения языка полезно предлагать обучающемуся аудиозаписи одних и тех же текстов записанные разными дикторами. Например, женский голос и мужской голос, медленно и быстро, с местными особенностями произношения и без и т. д.

Таким образом, процесс обучения языку в дистанционном формате будет эффективнее при условии: использования компьютерных технологий на основе коммуникативно-деятельностного подхода как средства формирования межкультурной компетенции.

ЛЕКСИКАНЫ МЕНҒЕРТУ – ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ

Н.Ж. ДАУЛЕТКЕРЕЕВА
Назарбаев Зияткерлік Мектебі
«Лингвистикалық бағыттағы пәндер»
бөлімінің аға менеджері, филология
ғылымдарының кандидаты

Оқыту тілі қазақ тілінде емес аудиторияда қазақ тілін үйретіп, дәріс беретін оқытушылар, мұғалімдер бүгінде грамма-аударма тәсілдемесінен бас тартып, жаңа ізденіс бағытына бет бұрды. Коммуникативтік тәсілдемеге (подход) қоса, сөздік қорды меңгерту, тапсырмаға негіздеп оқыту, ТТТ (тест-оқыту-тест), РРР (презентация-жаттығу-продукт), ТВЛ (тапсырмаға негіздеп оқыту) т.б. оқыту тәсілдемелерін қолдану алдыңғы орынға шықты. Осы аталғандардың арасында лексиканы меңгерту ең маңызды басқыш болып табылады. Лексикалық қорды терең игерген тіл үйренуші сөйлеу әрекетінің төрт түрін жетік меңгеріп, коммуникацияға еркін

түсе алатын дәрежеге көтеріледі. Дүниежүзіне танымал Jeremy Harmer, Susan Ragsdale and Ann Saylor, Marry Sprat сынды әдіскер ғалымдар өз еңбектерінде лексиканы меңгерудің маңыздылығын және оны тиімді үйретудің жолдарын ұсынады, танысқан жаңа сөздің тіл үйренуші санасында жатталып қалуы үшін қандай амал-әдістердің оқытушы үшін жарамды болатындығын түрлі мысалдармен дәйектеп көрсетеді. Marry Sprat бастаған бір топ ғалымдар «The TKT course» еңбегінде лексиканы меңгерудің маңыздылығын былайша түсіндіреді: «...сөздің бас-тапқы формасын тану және оны түсіну сол сөздің барлық мағыналық қолданысын түсінуге, сөзді тану оның қандай сөз табына жататынын айыра білуге және қандай грамматикалық қызметті атқарып тұрғанын ажыратуға, ол сөзді жазып, дұрыс айтуға алып келеді».

Сондай-ақ, еңбекте тілді екінші тіл ретінде меңгерту үшін ең алдымен сөздік қордың дұрыс әрі

жүйелі өсу тәртібімен меңгерілуіне ерекше мән беру қажеттігі аталады.

Атақты әдіскер маман Joe Barcroft пікірінше лексиканы меңгеру – тіл үйренушінің жазылымының түсініктілігін, мазмұнның жүйелі баяндалуын, ойдың сәтті жеткізілуін және оқылымның қиындықсыз жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Осы пікірден-ақ сөйлеу әрекетінің төрт түріне де (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) тіліміздің лексикалық қабаты арқау болатынын аңғарамыз. Тыңдаушылардың рецептивті оқыту дағдыларын қалыптастыру барысында ұсынылған мәтін арқылы жаңа лексиканың қолданыстық үлгісі көрнекі таныстырылады, ал тіл үйренушілердің продуктивті оқыту дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсаты көзделген жағдайда нақты белгіленген лексикаларды тіл үйренушінің коммуникацияға түсу барысында қолданып көруі, жаттығуы, дағдылануы жүзеге асырылады. Тіпті грамматикалық білімнің өзі екінші тілді меңгеретін аудиторияда лексикалық қордың көлеміне тәуелді болып келеді.

Қазіргі уақытта өзінің әдістемелік еңбектерімен кеңінен танымал болған Scott Thornbury сөздік қорды меңгерудің маңыздылығын былайша тарқатып береді: «Сөз мағынасын түсіндіру біздің білуімізше оқыту өнерінің ең маңызды құрамдас бөлігі. Тіл үйренуші сөздің шынайы қолданысымен таныс болуды көксейді». Бұл пікірден жаңа сөздерді меңгерудің ең дұрыс амалы мәтінді оқу мен аудиожазбаларды тыңдау екенін айқын аңғара аламыз.

Scott Thornbury өз зерттеулеріне сүйеніп екінші тілді меңгеру үшін тіл үйренушінің өмірлік қажеттілігін өтеу үшін шамамен 5000-дай сөз қажет болатынын атайды. Бұл ана тілімізде меңгерген сөздік қорымыздың төрттен бір ғана бөлігі болып келеді. Оған қоса бұл аталған меженің 2000-ы пассив сөздер болып келетіні анықталған. Осы тұста айта кететін жайт, сөздік қорды игертуде тілді үйренушінің қажеттілігін, қызығушылығын, бейінін басты назарда ұстаған жөн (кәсібі, жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, мәдени ортасы т.б.).

Тілші ғалымдардың зерттеулері бойынша (Thornbury, Harmer) тілді меңгеруге қысқа мерзімді жады (уақытша телефон нөмірін жаттау, емтиханға әзірлену т.б.) мен ұзақ мерзімді жады бірдей қатысады. Алайда екінші тілді тиісті дәрежеде меңгеру үшін, атап айтқанда, сөздік қорды күнделікті тұрмыста еркін қолдану үшін соңғы аталғанының маңызы өте зор. Ғалымдардың жасаған тұжырымдарына сай сөздік қордың санада ұзақ сақталуына не мәңгі тұрақтауына қайталаусеп болады. Мәселен оқулық қосбетінде меңгерілуге тиіс деп жоспарланған жаңа сөздер (шамамен 8 сөз) әр тапсырмада қамтылып,

тілді үйренушінің алдынан қайталап ұшыраса беруі қажет. Бұл бір сабақ көлемінде тыңдаушыға берілетін білім мазмұнына қатысты меже. Ал тілді үйреніп жүрген тыңдаушыға берілетін тілдік білімнің бірнеше сабақтар арасында өзара байланыста болып, жүйелі берілуі оқытушы әдістемесінің озықтығын көрсетеді. Мәселен, еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне, Назарбаев Зияткерлік мектептеріне «Лексика-грамматикалық минимум» жасақталып, қолданысқа ұсынылды. Бұл бастама оқыту тілі қазақ тілінде емес мектептердегі білім сапасын көтеруге зор ықпалын тигізуде және әдістемелік тұрғыда жасалған шешуші қадам, алға басу болды. Мұғалімдер тұтас бөлімді жоспарлауда лексика-грамматикалық тізімді басшылыққа алып, әр сабақта жоспарлы түрде меңгертілуін жүзеге асырады. Алғашқы сабақта үйретілген сөздік қордың бірнеше сабақ көлемінде қайталап ұшырасуын (спираль тектес бағытта), тіл үйренуші санасында аңғарусыз жатталып қалуын қамтамасыз етеді. Демек, ұзақ мерзімді жадыны іске қосады. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін тестілеу тапсырмаларын орындату арқылы да тыңдаушының санасындағы білім мазмұнын жаңғыртуға болады, білім тексеру аралығы біртіндеп алшақтатыла береді. Бұл да қайталаудың сөздік қорды игеруге қосатын үлесін дәйектейді. Дәл осы үрдіс жаппай қазақ тілін оқытатын (кез келген тіл екінші тіл ретінде оқытылған жағдайда) курстарда басшылыққа алынғаны абзал.

Сабақ барысында мәтінді оқытудың басты мақсаты - тыңдаушыға жаңа білімді игету (language input). Атап айтқанда, сөздік қорды дамыту мен грамматикалық білімді меңгеру болып табылады. Оқылым не тыңдалым мәтінін ұсынуда оқытушы тыңдаушылардың назарын тілдік қолданыстарға мақсатты түрде аударып отырады. Әлбетте, бұл әрекет жай мақсат қоюмен немесе нұсқау берумен шектеліп қалмайды. Оқытушы мұны өз тыңдаушыларына нақты тапсырма беру арқылы жүзеге асырады (мысалы, сөздерді түсіндірмесімен сәйкестендіріп, берілген сөздердің синонимін мәтіннен тап, мәтінде дәрігерге қаралып, көмек сұрайтын адамды қалай атаған т.б.) және оларды ұсынылған жаңа сөздердің нақты қолданыстық үлгілерімен таныстырады. Тілдің қолданыстық үлгісін көрсету де жаңа лексиканың ұзақ мерзімді жадыдан орын алуына зор ықпалын тигізеді. Осы орайда берілетін білімнің (жаңа сөздердің) когнитивтік тереңдігін де қоса қамту қажеттігін ұмыт қалдырмаған жөн. Белгілі бір жағдаятқа сай тілді таңдап қолдана білу тыңдаушының білімді қаншалықты игергенін, сөз когнициясын түсінгенін дәлелдеп береді.

Тыңдаушының жекелік ерекшелігін ескерудің

маңыздылығын Scott Thornbury де қостайды. Қызығушылықты, қажеттілікті, психологиялық ерекшелікті, жас шамасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына сай келетін сөздік қорды тыңдаушыға ұсыну нәтижелі әрі өнімді болары сөзсіз. Мәселен, тыңдаушыға сүйікті музыка жанрынан болып келетін әнді тыңдап, тапсырма орындауды ұсыну арқылы мақсатты оқыту әрекетін (лексикалық қорды байыту) жүзеге асыра аламыз (Scott Thornbury, 236).

Silvia Ashton-Warner есімді ғалым өзінің «кілт сөздер» әдісінің сөздік қорды дамытуға зор көмегі болатынын жазады. Оған өзінің 1960 жылдары Жаңа Зеландиядағы бастауыш сынып оқушыларын оқыту тәжірибесін жүргізуі арқылы көз жеткізеді. Ол оқушыларының өздеріне ұнайтын сөздерін таңдап үйренуіне ерік береді. Оқушылар анам, әкем, қорқамын, сүйемін, пері т.б. сынды сөздерді тез үйреніп алады. Бұл ғалымның меңзейтіні де тыңдаушыға қажет, өзіне тікелей қатысы бар сөздер өнімді меңгерілетіні. Тіл үйренушіге таныс емес мәдениет, оның күнделікті өмірінде кездеспейтін тағам түрлерін үйрету көп жағдайда қысқа мерзімді жадының еншісіне тиіп жатады. Осы себепті ескеріп жиі қолданыста болмайтын сөздерді жоғарғы деңгейлі топтарға берудің орынды болатынын түсінеміз.

Сабак барысында меңгертілуі тиіс сөздер қатарын оқытушының қатаң қадағалап, қабылдауға қиын болатын сөздердің үлесі аз болуын қамтамасыз етуі қажет. Тіл үйренуші үшін айтылуы қиын сөз (бес бұйымды сөз), жазылуы мен айтылуында айтарлықтай алшақтығы бар сөздер, грамматикалық тұлғасы күрделі сөздер тым аз көлемде берілуі шарт. Осы орайда J. Harmer жаңа сөздерді таныстыру және оны қолданып үйренуге жетелейтін келесідей маңызды тәжірибені ұсынады.

Жаңа сөзді таныстыру және жаттықтыру. Ең алдымен, тіл үйренушіге меңгерілетін жаңа сөзді таныстыру үшін 5 қадамды орындау қажет. Оқытушы алдымен тыңдаушыларға сөз мағынасын сурет көрсету немесе түсіндірмесін беру арқылы жасырады. Мұндағы мақсат топ ішіндегі тыңдаушылардың біріне оқытушының атаған не суретпен жасырған сөзі таныс болуы ықтимал. Мұндай жағдайда тыңдаушыға аудиторияға қарап сөз мағынасын түсіндіру тапсырылады. Кейде оқытушыдан гөрі әріптес не көршілес отырған адам сөз мағынасын өзгелерге түсінікті түрде жеткізуі мүмкін. Екінші қадам, аудиторияда таныстырылып отырған сөзді білетін тыңдаушы болмаған жағдайда олар болжап, тұспалдап айтуы мүмкін не оқытушы өзі сөз мағынасын жеңіл тілмен жеткізеді. Келесі қадамда оқытушытыңдаушыларға сөздің дұрыс айтылу үлгісін көрсетеді және топтық, жұптық, жеке жаттығу жұмысын жүргізеді. Төртінші

қадамда оқушылар сөзбен сөз тіркесін не сөйлем құрап ауызша жаттығады. Бесінші қадам кезінде мұғалім оқушыларға сөздің дұрыс жазылуын көрсетеді. Сөз табына ажыратып көрсетеді (жаттығу жасау үшін сабақта өтетін барлық сөздер емес, айтылуы қиын сөздер таңдалады).


Сөздерді дұрыс айтуға жаттықтырудың келесідей жанама үлгілері де болады. Бұл жағдайда тыңдаушылар сөздерді айтып жаттығып жатырғанын өздері аңғармайды. Мысалы, оқытушы тақтаға бірнеше сөздердің суреттерін іледі. Осы суреттерді қолданып, орындары ауысқан суреттерді атап бер, қатардан түсіп қалған сөзді тап және ата, суреттерді ретімен қой сынды тапсырмаларды беруге болады және бұл тапсырмаларды жұпта, топта ұйымдастырудың да тиімділігі бар. Ұйымдастырудың мұндай түрінде тыңдаушылар кіші топтарда алдымен жаттығып алып (оқытушы тыңдаушыларды сырттай бақылап, қажет кезде қолдау көрсетіп отырады), алдағы уақытта көпшілік алдында ұялмай сөйлеуге, өзінің сөзді дұрыс қолданатынына сенімді болады.

Осы тұста нақты тапсырмалардың үлгілерін ұсына кетелік. Алдымен оқытушы жаңа сөздерді таныстырады, дұрыс айтылуын үйретеді, жаттықтырады. Одан соңтоп ішінен ерікті таңдалып, робот рөлін атқарады. Тыңдаушылар өз роботтарына нұсқау береді. Осылайша тыңдаушылар сөздерді қолдануға үйренеді және дұрыс айтуға жанама жаттығады.



(From Language Links by A Doff and C Jones (Cambrid University Press))

Берілетін нұсқау сабақ мақсатына не тыңдаушылардың деңгейіне сай таңдалады, тіпті грамматикалық білімді қоса пысықтау қызметін қатар атқара алады. Мәселен, терезеге бар, үстелге бар, есікке жақында т.б. Дәл осы тапсырманы біртіндеп терендету арқылы алған білімді қолдануға оқытушының жетелеуіне болады. Оқытушы өз тыңдаушыларына фитнес жаттығуын орындату үшін нұсқау жазуларын тапсырады. Тыңдаушыларға қажетті тіл құралдары (қажетті сөздер не ережелер) міндетті түрде беріліп қояды. Мысалы:



Сөздік қорды молайтуға қызмет ететін лексикалық тапсырмалар тек жалаң сөздерден тұрмайды. Мәселен, келісу не келіспеу, өз жауабына сенімсіз

болу мағынасындағы сөз тіркестерін, клишелерін қолдануға үйрету мысалын келтіре аламыз. Оқытушы өз тыңдаушыларына: әрине қалаймын/ «ия» дер едім/ алайда.../әлбетте жоқ/ жоқ, рахмет/ керемет болар еді/ ия, болады/ неге болмайды екен/ бастаңыз/ бұйырыңыз/ тамаша ой айттыңыз сынды фразаларды үш бағанға жинақтауды ұсынады. Кейін осы сөздерді қолданып диалог құрастыруды тапсырады. Одан әрі диалогты аудиторияның алдында сахналауды өтінеді. Ал сабақ соңында кері байланыс орнатып, алған білімдерін бекітеді (Дж.Хармер, 230б.).

Жаңа сөзді тез жаттатудың келесі бір үлгісі – елестету не ассоциация тудыру. Бұл әдіс бойынша тілді үйренуші сөз мағынасын өз ана тілінде бар атаулармен салыстыра, ұқсастыра отырып жаттап алуға тырысады. (Мәселен, «тарақ» сөзінің өзін «тарақан» атауымен ұқсатып жаттау. Студент тарақтың тістері болғанын аяқтары көп тарақанмен салыстырып, елестете отырып жаттайды).

Сөз жаттауға жоғарыда атап өткендей суретті карточкалармен жұмыс, Кузенежер таяқшасы немесе түрлі түсті доптармен жұмыс, сөздіктен іздеу, қысқа мәтіндер оқу, экстенсивті және экстенсивті оқылым ұсыну, интерактивті ойындар т.б. көмектеседі. Сонымен қатар, сөздік қорды қалыптастыруға тікелей әсер ететін ресурстар екенін ерекше атап өткіміз келеді. Оларға тізімдер, оқулықтар, кітаптар, сөздіктер, оқытушы не мұғалім, аудиториядағы өзге тыңдаушылар жатады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін біреріне тоқталып өтелік.

Тіл үйрету сабақтарында студент не тыңдаушы үшін сөздер тізімі ресурс көзі ретінде танылады және оған келесідей тапсырмаларды ұйымдастыру мысал бола алады.

- Оқытушы тізімдегі сөздерді тәртібінен тыс ретпен оқиды. Тіл үйренушілер естігендері бойынша әріппен белгіленген суреттерді белгілеп отырады.

- «Бинго» ойыны әдісімен оқытушы әр студентке арнайы ұсынылған 20 сөзден 15 сөзді таңдап жа-

зып алуларын және олардың ана тіліндегі нұсқасын ретсіз атауларын сұрайды. 15 сөзді түгел бірінші болып белгілеген студент жеңімпаз болады (бұл жұмыс түрін суретпен ұсынылған карта түрінде де қолдануға болады). Бұл тапсырма ең төменгі деңгейлі топтар үшін оңтайлы.

- Оқытушы тыңдаушылардан бір сабақ бойындағы жаңа сөздерінің тізімін жасауды сұрайды. Сабақ соңында немесе келесі сабақта жұп болып бір-бірін тексеруді, талқылауды өтінеді.

- Тізімдегі сыйлықтарды кімдерге сыйлар едіңіз? (Сыйлықтар тізімі мен есімдерді жазыңыз)т.б.

Оқытушының немесе топтағы өзге студенттердің де ресурс көзі ретінде танылуы заңды. Оқытушы өз тобындағы тыңдаушыларға лайықты тілді қолданады, оларға күнделікті сабақ мазмұнынан өзге өтініштіліктер білдіріп отырады. Тыңдаушы күнделікті оқытушы әрекетін бақылау арқылы немесе оның нақты үлгі, модель болуынан да өзіне қажетті білім қорын ала алады.

Лексиканы меңгерту оқытушыдан зор шығармашылық пен қырағылықты талап етеді. Сабақта тыңдаушының пәнге деген қызығушылығын арттыратын, мақсатты лексикалық тапсырмаларды орындау кезінде оның бейсаналы жатталып қалуын шебер ұйымдастыра алатын ұстаздың ғана шәкірттері үздік білім көрсеткішіне ие бола алады. Қорыта келе, лексикалық қор қалыптастырудың және оның тіл үйренуші санасында орнығуын қамтамасыз ету үшін жүйелі әрі жеңілден ауырға принципі бағдарға алу аса маңызды. Сонымен қатар, тілді меңгерудің грамматика-аударма тәсілінен бас тартып, коммуникативтік тәсілдемеге бет бұрудың маңызы зор. Осы орайда әлемдік тәжірибелердің озық үлгілерін саралап, тәжірибе алмасу кеңістігіне енуді дәстүрге айналдыру кезек күттірмейтін мәселе. Мемлекетіміздегі қазақ тілінің мәртебесін көтеруде әдіскер ғалымдар мен жас практик мамандардың еңбегі ерен, алғысы көп болсын.



«ENGLISH GRAMMAR» ОҚУ ҚҰРАЛЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

А.С. СУГІРБАЕВА
Ақтөбе облысының тілдерді дамыту
басқармасының
Тілдерді оқыту орталығының әдіскері,
п.ғ.магистрі

*«Адам өмірінің шегі бар, ал білімнің шегі жоқ.
Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын.
Мемлекеттік тіл – мемлекет құрушы ұлттың
тілі, ал орыс тілін білуі – ұлы байлық. Ағылшын
тілі ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі
болғандықтан біз оны үйренуге тиіспіз. Ал
қазақ тілі барлық Қазақстанды біріктіріп,
жақындастырып, өзара түсіністік пен
сүйіспеншілікке жетелейді».*
Елбасы Н.Назарбаев


Ағылшын тілі – дүние жүзіне ең кең таралған халықаралық тіл. Әлемде қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Бүгінгі таңда елімізде көп тілді меңгеруге барынша жағдай жасалып отыр. Үштұғырлы тіл-дамыған мемлекет құрудың алғышарттарының бірі ғана емес, ол өмірлік қажеттіліктен туындаған өршіл идея. Көптілді білу арқылы қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналып қана қоймай, өзге елдердің тарихы мен мәдениетін, құндылықтарын білумен қатар, өз елін де кеңінен танытуға жол ашады. Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы құрылған күннен бастап, облыстың ересек тұрғындарын, мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілмен қатар, орыс және ағылшын тілдерін деңгейлеп оқыту курстарымен қамтамасыз етіп келеді. 2007-2020ж., 9 ай аралығында орыс тілі курсымен 149 адам, ағылшын тілі курсымен 1836 адам қамтылды.

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы курс тыңдаушыларына ағылшын тілін меңгерту мақсатында «English Grammar» оқу құралын жарыққа шығарды. Құрастырушы-автор орталықтың ағылшын тілі оқытушысы Темірова Әсел.

Грамматикалық материалдарды оңай әрі тез меңгертуде танымдық, қызықты жаттығулардың маңызы зор, сондықтан да ұсынылып отырған «English Grammar» оқу құралында ағылшын тілінің бастапқы деңгей (A1 және A2) бағдарламасына сәйкес негізгі грамматикалық тақырыптар қызықты тапсырмалармен қамтылған. Грамматикалық материалдар сурет

және түрлі-түсті кестелер түрінде берілген. Аталған оқу құралы курс тыңдаушыларын деңгей бойынша жеке және топтық жұмыстарға жетелеуге мүмкіндік береді. Әрбір тарау қарапайымнан күрделіге қарай өту қағидаты негізінде құрастырылған. Оқу құралын пайдалану барысында курс тыңдаушылары ағылшын тілінен грамматикалық білімдерін бірнеше бағытта, атап айтсақ:

- сабақ кезінде жаттығуларды жұпта, топта және жеке түрде жазбаша орындай алады;
- сабақтан кейін үй тапсырмасы ретінде орындай алады. Курс тыңдаушылары сабақта алған білімдерін өз бетінше практикалық дағды арқылы жетілдіре алады.
- бос уақытта білімді қайталау үшін пайдалана алады.



Оқу құралында түсініктемелер мен грамматикалық кестелер қарапайым және жатық тілде берілген. Бұл тапсырмалар мен жаттығуларды оқытушының көмегінсіз өз бетінше орындауға ықпал етеді. Сонымен қатар, оқу құралының соңында барлық жаттығулардың дұрыс жауаптары енгізілген, бұл да өзін-өзі бақылауға және тексеруге мүмкіндік береді.

Оқу құралы келесідей негізгі тарауларды, атап айтсақ, «To be», «Present», «Past», «Future», «Present Perfect», «Modals», «There / it», «Pronouns and Possessive», «Article a / an», «Adjectives» және т.б. қамтиды. Тараулардағы жүйеленген тапсырмалар мен жаттығулар курс тыңдаушыларының ағылшын тілінен базалық білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға оң ықпалын тигізеді.

Ағылшын тілін меңгерту мақсатында құрастырылған оқу құралы курс тыңдаушыларына, ағылшын тілі оқытушыларына арналған.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІН ОҚУШЫЛАРҒА ҮЙРЕТУ ЖӨНІНДЕ

А.Ә. ОРМАНОВА
«Ш.Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық
ғылыми-пракатикалық орталығының
кіші ғылыми қызметкері

Мектеп оқушыларына әліпбиді үйретуде шетелдің тәжірибесі мол. Оның ішінде орта мектепте шет тілдерін оқыту әдістемесі принциптеріне байланысты тәжірибелері. Мысалы, орыс ғалымдары Д.Б. Эльконина, Р.Т. Гребенкинаның айтуларынша, әліпбиді үйрету оқытудың маңызы. Оқушылардың сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің қалыптасуы фонетикалық білім мен қарым-қатынастың қажеттілігінен туындайды дей отырып, мектептегі әліпбиді (фонетиканы) оқытудың бірнеше міндеттерін көрсетеді: 1) оқушылардың дыбыстық таңбаны ауызша сөйлеудің негізгі бірлігі, фонетикалық түсініктердің жүйесі ретінде қалыптастыру; 2) негізгі айтылу нормаларымен таныстыру, оларды сөйлеу практикасына енгізу; 3) фонетикалық білім негізінде жекелеген фонетикалық біліктерді қалыптастыру, дыбыстық талдауды жүзеге асыру дағдысының қалыптасуын қамтамасыз ету.

Ал бүгінде Қазақстанның алдындағы үлкен міндет – латыннегізді әліпбиді мектеп оқушыларына үйрету. Әліпбиді оқытуда ең әуелі, баланың жас ерекшелігін ескеретін жалпы дидактикалық, жалпы әдістемелік оқыту принциптеріне сүйенгеніміз жөн. Сондай-ақ әліпбиді үйретудің жаңа әдістемесін жасаудың да қажеттілігі туындап отыр. Дегенмен бекітілген латыннегізді қазақ әліпбиін, оның емле-ережесін мектеп оқушыларына, жалпыхалыққа үйретуде өзге елдердің оң тәжірибесіне сүйене отырып, оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қарастыруымыз қажет.

Кезкелген бала латыннегізді әліпбиімен ағылшын тілі арқылы таныс. Өйткені бала ағылшын тілін мектепке дейінгі дайындық кезеңінен бастап оқитындықтан, жаңа әліпбиді үйретудің қиындығына тап болмасымыз анық. Алайда әліпбиді үйретуде кейбір төл дыбыстарымыздың таңбалануындағы диакритикалық белгілердің қиындығына тап болуы мүмкін. Себебі ағылшын әліпбиінде қазақ тілінің төл дыбыстарын таңбалайтын әріптер қатары болмағандықтан, ағылшын-қазақ тіліндегі таңбаларды салыстырып көрсете алмаймыз. Сондықтан да латыннегізді жаңа қазақ әліпбиін үйретудің арнайы әдістемелік бағдарламасы қажет болатыны осыдан. Кез келген әліпбиді үйретуде

оқыту принциптеріне сүйенуге болады, оның ішінде сөзжасамдық принциптердің фонетикадағы көрінісін талдап көрелік. Мәселен, тілдің дыбыстық бірліктері мен таңбалануын салыстырып оқытуға экстратілтанымдық принципіналсақ болады. Бұл принциптің артықшылығы – таңбаның дыбысталу қызметімен танысқан кезде суретті дыбыстың есте сақталуы болып табылады. Мысалы, А – *Á*, G – *Ĝ*, N – *Ñ*, O – *Ó*, U – *Ú* таңбаларын түзу кезінде жұп таңбаларды салыстырмалы түрде және дыбысталу арқылы есте сақтау: Arman – *Ásem*, *Gúlim* – *Ĝalym*, *Aınur* – *Ańsar*, *Oljas* – *Ósken*, *Uljan* – *Úsen*. Сондай-ақ функционалдық немесе қызметтік принциптің де әліпбиді оқытудағы қызметі жоғары. Яғни таңба мен дыбысты өзара ажырата білу. Мәселен таңбаның қызметі дыбыстың тілдік тұрпаты және дыбыстарды ажыратудағы қызметі екенін түсіндіру. Әліпбиді оқытудың тағы бір принципі – құрылымдық-семантикалық принцип. Бұл принцип тілдік құбылысты екі жағынан қарауға мүмкіндік береді. Құрылымы (тұрпаты) тұрғысынан және дыбыстық мәні тұрғысынан. Алайда бұл принциптің фонетикадағы қызметі әлі де зерттелуде.

Жоғарыда аталған принциптерге сүйене отырып, әдістемеді дыбыстарды әріппен белгілеу, бас әріп пен кіші әріптердің баспа және жазба түрлерін меңгерту мен оларды бір-бірімен өзара байланыстыра жазудың әдіс-тәсілдері қамтылуы тиіс. Әліпбиді үйретудің кейбір қиындықтары диакритикалық таңбаларға байланысты болғандықтан, осы таңбаларға қойылған белгілерге тоқтала кетейік.

Сондай-ақ әр таңбаның өзіндік ерекшелігі арқылы үйретудің де тиімділігі жоғары. Мысалы, *Óó* және *ĜĜ* таңбаларының жазба түріндегі бейнесінің алшақ еместігі және бұл белгінің тек төл дыбыстарымызға ғана қойылатындығы. Дегенмен төл дыбыстарымызды умлаут (¨) диакритикасында таңбалайтын болсақ, әліпбиді үйрету жеңіл болары сөзсіз. Себебі бұл диакритиканеміс, швед, әзірбайжан, түрік, түркімен халықтарының әліпбиінде жіңішке дауысты дыбыстарды таңбалайды. Біз де бұл белгіні тек жіңішке төл дыбыстарымызға қоладансақ, оқушыға түсіндіру қиындық туғыза қоймасы анық. Қазақ тілінің грамматикасынан хабары бар оқушы А, О, Ұ (А, О, U) дыбыстарының жуан, Ә, Ө, Ү (Ä, Ö, Ü) дыбыстарының жіңішке екенін ажырата алады. Умлаут диакритикасының жіңішке дыбыстарына қойылуының тағы бір дәлелі, шүбә сөзінің түрік тіліндегі баламасы *şürpe*, ал әзірбайжан тілінде *şübhə*,

ал тапсырма сөзінің неміс тіліндегі баламасы übung (үйбунг) деп айтылуын мысал ретінде келтіруге болады. Көріп тұрғанымыздай, түрік және ағылшын тілінде Ш дыбысының седил ş мен берілуі. Өйткені Ш дыбысының Sh диграфымен берілуі даулы мәселе тудырғаны бәрімізге белгілі. Мәселен, қатар келген cx таңбаларының дұрыс оқылмауы: Асхат/Ashat/Ашат т.б.

Сондай-ақ төл Ң дыбысын үйретудегі бір әдісі – ақутты Ñ таңбасын Ŋ (энг) таңбасымен беру. Өйткені кез келген оқушының Ң дыбысы туралы ассоциативтік бейнесі құйрықты таңба екендігінде. Сондықтан да оқушыға осы тұрпатта үйрету жақсы

нәтиже берері анық. Ал F дыбысын таңбалауда ақут (Ĝ) дакритикасымен қатарбревис (Ĝ) диакритикасын қою ыңғайлы. Себебі әлемдік тәжірибеге, оның ішінде түркі тілдері тәжірибесіне сүйенетін болсақ, F дыбысы Түрік, Әзірбайжан тілдерінде бревиспен берілуі. Мысалы: тіліміздегі ағаш сөзі әзірбайжан тілінде ағас, түрік тілінде ағас түрінде көрінісін айтуға болады.

Қорыта келгенде, латыннегізді әліпбидің емле ережелерін үйретудің инновациялық, жалпы дидактикалық әдіс-тәсілдерін әлі де толықтырып әзірлеу болашақтың еншісінде.

АБАЙ МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА РУХАНИ АЗЫҚ



«Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтпады.

Абай философиясы біз үшін әрдайым рухани қолдау бола алады».

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

Адамның жан дүниесін, халықтың жан дүниесін, яғни оның ұлттық бірегейлігін қалыптастыратын философтар мен ақындар бар. Абай олардың қатарына жатады. Абайдың этикалық ілімінде қазақ философиясы өзінің жетілген кезеңіне жетеді, онда қазақтардың әлемді философиялық түсінуінің мәнін анықтауға және ашуға болады. Бұл ой туралы өз мақаласында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та жазды.

Абайдың туындысы біздің дәстүрлі мәдениетімізде болған нәрседен түбегейлі ерекшеленеді. Ол жаңа ойлау мен дүниетанымды негіздеп, өзге де этикалық және эстетикалық құндылықтарды қалыптастырып, қазақтардың жаңа өмір сүру принципін, болмысын және жаңа идеалдарды қажет ететінін дәлелдеді.

Ж.А. ЖИЕНҒАЗИНА

**№1 Бадамша орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қарғалы ауданы**

Қазақ ағартушысы білімді адамның жан-дүниесін ағартады, оның рухани мәдениетін байытады деп бағалады. Бұған ақынның өлеңдері мен қарасөздері дәлел. Абай өзге мәдениеттердің дәстүрлерін шынайы және терең түсінудің, Ресей мен батыстың мәдениетіне деген ықыласты және қызығушылық танытудың, сондай-ақ елдің шығыс және батыс елдерінің түйіскен жерінде орналасуының маңыздылығын мойындаудың үлгісі болды. Абайдың этикалық ілімі қазақ философиялық ойының квинтэссенциясы. Оның шығармашылық мұрасында шындықты философиялық пайымдаудың сапалы жаңа деңгейі жүзеге асырылған, халық тарихында алғаш рет Шығыс пен Батыс идеяларының синтезін жүзеге асырып, жүзеге асырды. Оның барлық туындысы арқылы, толеранттылық рухымен, мәдениетаралық үнқатысу идеясы қызыл жіппен тізбектеліп өтеді.

Қазіргі жағдайда ағартушылықтың ұлы идеяларын өзіне сіңіріп, оның әлемдік мәніндегі орыс және батыс мәдениетін шығармашылықпен өзгерткен Абай бізге басқа ипостастарда қызмет етеді. Абай бізді ұлттық оқшаулаудан және ұлттық эгоизмнің соқырлығынан қорғайды. Абай тек ұлттық құбылыс ретінде және сонымен қатар әлемдік тәртіптегі Шығыс пен Батыстың қайнар көзі мен тәжірибесін біріктіре отырып, Еуроазиялық мәдениеттердің тоғысқан тұсында жан-жақты және бекер тұр.

Абай қазақтарды адамгершілігі мол, білімді, еңбекқор халық ретінде көргісі келді. «Бұл үшін не істеу керек? Қараңғы, кедей өмірден қалай құтқарамын? Оларды еңбек етуге қалай үйрету керек? Қалай бәсекеге қабілетті болу керек?» - деген сұрақтар жиі мазалады. Осы мәселе бойынша: «Пайда ойлама – ар ойла» деп өз шығармаларында да айтып кеткен. Бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және Қазақстан ХХІ ғасырдағы» мақаласының басты мессенджерінің бірі: «Егер біз ұлттық сана-сезімді қалпына келтіріп, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырғымыз келсе, біз Абайдың шығармасын мұқият оқып шығуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге деген көзқарасы бүгінгі күні Қазақстан үшін өте пайдалы. Абай тек өз заманының ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамның бейнесін бейнелейтін, елдің мызғымас темірі болып табылады», - деген ойы. Расында да қанша уақыт өтсе де шығармаларында көтерілген мәселе әлі де өзектілігін жоймады. Біз мәселенің шешімін шетелдің шығармаларынан емес, ұлы ақынның мұрысынан іздеуіміз

керек. Абай-қазақ халқының мандайына біткен дара тұлға. Оның рөлі ұлттың рухани бірлігін қалыптастыруда ерекше байқалады. Сондықтан да Абай өзінің бала-шағасын барынша жетілдірілген деп қалайтынына таң қаларлық ештеңе жоқ. Бұл оның барлық жерде және әрдайым сұранысқа ие мұрасының аса құнды құндылығы болуы мүмкін. Абай оқыған соң, онымен рухани кеңесіп, біз өзімізді танимыз: кім, кім болғанымыз және қандай болуымыз керек. Абай бізді ойлауға, күмәндануға, өкінуге мәжбүрлейді. Абай тыныштандыруға болмайды. Ол ХІХ ғасырда қажет болды, ХХІ және болашақта одан да қажет. Бұл оның ойшыл ретінде ұлылығы.

Мен қазақ халқының Ұлы ойшылы Абай атамыздың шығармалары әлі талай ғасыр халқымызға рухани азық боларына сенемін. Данышпан бабамыздың өлеңдері мен қарасөздерін әр Қазақстан азаматы басшылық қаалса, қоғамда темір қазықтай тура жол көрсетіп, еліміз одан әрі өркендеп дами түсетініне кәміл сенемін.

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

З.Е. АХМЕТ
Ақтөбе қаласы, мұғалім

Мақсаты:

Білімділік: Оқушыларды Абай туралы танымдық ақпаратпен сусындату. Абайдың туындыларының әлемін таныту.

Дамытушылық: Оқушылардың зейінін арттыру, ойлау қабілетін шыңдау, әлем картасындағы Абайдың орны туралы ғылыми ақпараттарды қорыту, оны жүйелі баяндауды үйрету.

Тәрбиелілік: Оқушылардың ұлы Абайдың туындылары арқылы отансүйгіштік қасиетін арттыру, өнерді сүюге баулу.

Көрнекілігі: «Абай әлемінің картасы» видео ролик

1-жүргізуші: Қайырлы күн, достар!

2-жүргізуші: Амансыздар ма?

1-жүргізуші: Қазақтың ғұлама ақыны Абай атамыздың биыл 175 жылдығы.

2-жүргізуші: Абай туралы не білеміз ортаға салайық. Сіздерді Абай әлеміне саяхат жасауға шақырамыз.

Оқушылар, Абай қай жерде дүниеге келген? Баяндап беріңіздерші?

Оқушы: Абай Семей облысының Шыңғыс тауларында дүниеге келген.

1-жүргізуші: Географ апайдан сұрайықшы. Абайдың туған жерінің қандай ерекшеліктері бар? Оның керемет ақын болуына, өлең шығаруына, ән жазуына туған өлкесінің табиғаты әсер етті ме екен?

География пәнінің мұғалімі: Оқушылар Абайдың туған жері өте керемет. Ол Қазақстанның ең шұрайлы жерлерінің бірі, қане картаға қарайықшы, Семей облысында дүниеге келген. (Картадан Абайдың туған жерін көрсетеді). Картада берілген шартты белгілер бойынша ондағы табиғат байлықтары мен табиғатына толық тоқталады.

2-жүргізуші: Абай ерте жасынан оқуға құштар болған деседі. Ол қайда білім алған? Қане, достар, кімде мәлімет бар?

Оқушы: Ол бірінші ауылындағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады. Кейін медреседе оқиды.

География мұғалімі: Картаға сүйеніп жұмыс жасаңыздар. Медреседен кейін Семей қаласына қандай оқу оқиды?

1-оқушы: Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы Приходская школасына қосымша түсіп, орысша үйренеді.

География мұғалімі: Оқушылар, мен карта-

дан сіздерге Ресей мемлекетін көрсеткім келіп тұр. Қараңыздаршы, Ресей біздің шекаралас көрші еліміз. Абай мен Ресейдің байланысы бар ма? Егер болса, ашып айып берсеңіздер.

Оқушы: Абай орыс ақындарымен танысып, аударма жасаған. Ол ресейлік М.Лермонтов, А.С.Пушкин, И.Крылов секілді ақын шығармаларын қазақ даласына әкелді. А.Пушкиннің «Евгений Онегин» туындысындағы Татьянаның бөлігін қазақшаға аударып, «Татьянаның қырдағы әні» деген атаумен қазақ даласын шарлап кетті.

Класс жетекшісі: Достар, Абайды әлем картасынан танып көрейік. Германия елін, неміс халқын жақсы білеміз. Германия мен Қазақстанның арасы қаншама жер. Абай таланты арқылы осы екі ел байланысты. Ал неміс ақындарымен Абайдың байланысы қандай?

Оқушы: XVIII ғасырда Германия жерінде өмір сүрген Гете шығармашылығымен Абай таныс болған. Сонау Германияның ақыны Гетенің өлеңін орыс тілінен тәржімалаған. Өлеңмен танысып көрейікші

Оқушы: Über allen Giffeln

Ist Ruh,

In allen Wipfeln

Shpürest du

Kaum einen Hauch;

Die Vögeleinschweigen im Walde

Warte nur, baide

Ruhest du auch. (Гете, 1749-1832)

Оқушы: Горные вершины

Спят во тме ночной

Тихие долины

Полны свежей мглой;

Не пылит дорога

Не дрожат листья...

Подожди немного

Отдохнешь и ты (Лермонтов, 1814-1841)

Оқушы: Қараңғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер балбырап,

Даланы жым-жырт дел-сал қып

Түн басады салбырап (Абай Құнанбаев 1845-1904)

Оқушы: Бұл шығарма абайтанушылардың айтуынша, ақындардың өзара ой үйлесімділігінің нәтижесі. Гете, Лермонтов, Абайға ортақ үндестік – жүрек тыныштығын аңсау, өмірдің жалғандығын ұғындыру.

Класс жетекшісі: Оқушылар, керемет талдау болды. Абайдың шығармаларының шынайылығы, қарасөздерінің философиясы оны әлемге танытты. Абай шығармаларының картасы шексіз. Ұлы Абайға әлемнің түкпір-түкпірінен мұражайлар ашылып, ақынның ескерткіштері қойылған.

1-жүргізуші: Достар, назарларыңызға «Абай әлемінің картасы» видео роликті ұсынамыз.

2-жүргізуші: Оқушылар, Абай туындыларының картасы шексіз екендігіне көз жеткіздік. Оны туындылары Германия, Ресей, шығыс елдерін байланыстырады. Оның туындыларының шынайылығы Шыңғыс таулары іспетті. Ұлы ақынға Қазақстанның әр қаласынан мұражайлар ашылған. Ақынға Семей қаласында әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы ашылған. Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйі Семей қаласынан 180 км жерде орналасқан. Хакім Абай музейі Оңтүстік Қазақстан әкімі Асқар Мырзахметовтың бастамасымен 2009 жылы 22 қыркүйекте Шымкент қаласындағы Абай саябағында ашылды.

Класс жетекшісі: Оқушылар, ұлы Абай туралы біраз ғылыми-танымдық ақпаратпен сусындадық. Биыл 10 тамыз Абай күні болып жарияланды. Ұлы Абайды ұлықтау, оның шығармаларын насихаттау біздің міндетіміз, парызымыз.

1-жүргізуші:

Оқушылар, Абай әлемін зерттеуден жалықпаңыздар. Ұлы Абай әрі композитор болған. Оның «Көзімнің қарасы» әні әлемге танымал туынды. Танымдық сабағымызды осы әнмен аяқтауды жөн көрдік.



МОНТЕССОРИ ЖӘНЕ ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯМЕН ҰШТАСТЫҒЫ

К.А. АГАДИЕВА

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі – жан-жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін біз не істеуіміз қажет? Бізден берілетін тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Қазіргі білім беру үдесі өзгергендіктен, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болғандықтан біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Осы міндеттердің бірі- білім берудің әдіс – тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыр және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгеріп отырсақ, балалардың жаңаша көз қарас үрдісі дамиды. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Біз күнделікті оқу іс- әрекеттерін Монтессори және Триз технологияларының элементтерін пайдалана отырып, ұйымдастырамыз, бұл технологияның тиімділігі балалардың қай салаға жақын екендігі айқындалып, ата-анамен байланыс нығаяды. Сонымен қатар қойылым ойындарын көптеп қолданамыз, бұл ойынның барысында бала белгілі-бір бейнені орындай отырып, өзіне деген сенімділігі пайда болады. Баланың жан-жақты дамуында дамытушы ортаның маңызы зор. Монтессори технологиясын қолдану арқылы балалардың қол моторикасын дамытып, өз беттерінше жұмыстар атқарып, қиыншылықтарды жеңе білуге, еркін ойлауға тәрбиелейміз. Ең басты Монтессори бағдарламаның айырмашылығы сынып – сабақты жүйесінің жоқтығы; Бала өзінің қызығушылық саласын өзі таңдайды. Ата-аналар мен педагогтар бұл үрдесте қараушы рөлін ойнайды, сезгіш және ықыласты болады, неге десе олар жас зерттеушінің түсіну лайықты шарттар жасау керек. Біздің балабақшада баланың әртүрлі іс-әрекет салалары тек қана балаларда емес, олардың ата-аналар алдында үлкен танымдылығын білдіреді.

Санау оқу, бөлу және т.б. сабақтарда тақырыптың презентациясы өтеді. Бұдан кейін бала өзі онымен жұмыс істеуге үйренеді, онымен қатар материалдың түсін, пішінін өзгерте алады. Жасалған

материалды қолыңа алғың келе береді, өйткені ол өзі әрекет жасауға магнит сияқты тартады. Одан қалды ол қауіпсіз және онда зор потенциалы бар. Әрине,

Біздің балабақша балалар тек жаңа материалмен танса бермейді. Бізде балалардың қатысуларымен өте қызықты мерекелер болады. Сөйтіп маңызды мәдени оқиғалар балалардың жанынан өтіп кетпейді. Бірақ, еңбекпен сабақты сауықтан айыра алады; Айтар болсақ, балабақшадағы жас мамандар жаңаша көзқарасты, жаңашылдыққа бейім, олар үнемі бір жаңа нәрселерге үйреніп жатады, өздері әртүрлі мерекелерді ойлап табады, балалармен жұмысты қызықты формаларда жүргізеді.

Нәтижесінде өзін-өзі тәрбиелеуге үйренеді Қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулардың түрлері;

1. Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю.
2. Металды тазалау.
3. Кесілген гүлдерді күту жолдары.
4. Бір сызықтың бойымен жүру.
5. Тыныштандыру жаттығулары.
6. Қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар.

Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю.

Керекті құралдар; шүберек, лейка Мақсаты; Қозғалыс жүйесін дамыту, қоршаған әлем ішінде тепетендікті сақтауға үйрету. Жас мөлшері 3 жастағы балалар. Материалмен жұмыс жасау жолдары; лейка суға толтырылады. Мұғалім лейканы қолына алып, жоғары көтереді. Ыдысқа суды құяды. Лейканы қайтадан үстел үстіне қойып, ыдыстағы суды қайтадан құйды. Төгіліп қалған суды сүртіп отыру қажет. Сезім мүшесін дамытады материалдар; әр сезім мүшелерін дамытуды ұсынады. Бұл материал арқылы заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады.

Жеңілден ауырға көтеру ұғымы қолданылады. Бала моторикасымен сенсорикасын жаттықтыру үшін материалды қайталауға тура келеді. Материалды қолданған соң бала жоспарлау, дайындау, бір тапсырманы соңына дейін орындауға тырысады. Бірақ сабақ кезінде бала сол материалмен жұмыс жасау жолын толығымен таныс болу керек. Мұнда жұмыс барысында балаға сөз беріледі. Тапсырманы орындай алмайтындарға қайтадан тағы бір сабақ өткізу керек. Алған білімін бекітіп, содан кейін жаңа сабақ өтілуі керек. Сабақ 3 құрылымнан тұрады.

1. Көлемін анықтауға арналған материалдар;

2. Бір сызықтың бойымен жүру.
3. Тыныштандыру жаттығулары;
Сабақ балаға өзін-өзі танытуға талпындырады.

1. Көлемін анықтауға арналған материалдар;

Ойынның түрі «Қызғылт башня»

Керекті құралдар; «Қызғылт башня» 10 шаршыдан құралды (ауыр ағаш, қызғылт түс) шаршының мөлшері 1см-ден 10см-ге дейін барады.

Мақсаты: үлкен, кішкентай түсініктері қалыптасады.

Маторикасын дамытады. Жас мөлшері 3 жастағы балалар,

Материалмен жұмыс жасау жолдары: кілемнің үстінде шаршылар шашылып жатады. Тәрбиеші баланың алдына ең үлкен шаршыны қояды.

Ал бала сондай шаршыны сол шаршының үстіне қою керек.

1. Затты дұрыс атауға үйрету.
2. Заттың атына тауып бала сол затты алып келеді.
3. Затты атап жаттығады.

Математикалық материалдар математикалық материалдар ойлау қабілетінің дамуына көп септігін тигізеді. Бала ең алғашқыда көптеген заттар мен жұмыс жасау арқылы өз білімі жетілдіреді. Монтессори материалы сезімді дамытады, оған қоса математика әлеміне жетелейді. Бала мұнда математикалық ұғымдарды тез игереді. Сан және онға дейін санау жүйесін тез игерді. Математикалық Монтессори материалды баланы сенсомоторлық ішкі қажеттілігіне сүйене отырып қанағаттандыру жолдарын іздеуге тырысады. Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық шеберлікті, бала дүниетанымын терең танып, ұғына білуді мақсат етеді. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді.

Пайдалану және оны ұйымдастыруға ақпарат құралдарыда, талапқа сай болу қажет. Қазіргі таңда ешбір жас ұрпақ білімсіз болып қалмауы тиіс, сондықтан жаңа технология баланың жан-жақты күзіреттілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелеуде тиімді. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар. Бала толыққанды жетіліп, ата-анамен байланыс күшейеді. Жаңа технологиялар бала бой-

ына білімге әуестік, білім құмарлыққа баулуы тиіс. Білім беру үрдісіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, баланың өмірін жаңаша ортада, жаңа бағытпен ұйымдастыру. Бұл бастаманың негізгі міндеті балаларды заман талабына сай, әлемді шынайы қабылдауға дайындау. Болашақта балалар өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, шешім қабылдауы тиіс. Ендеше баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын үйренейік, ол үшін Триз технологиясын пайдалану тиімді әдіс.

Триз технологиясын пайдалану мақсаты – балабақшада балаларын ойлау, икемділік, ұтқырлық, диалектикалық және іздеу қызметің, тілдерін дамыту және шығармашылық қиялын дамыту болып табылады. Триз барлық топтарда пайдаланылатын әмбебап құрал болып табылады. Ол баланың бірыңғай, ғылыми негізделген моделін жасауға мүмкіндік береді. Ол баланың табысқа жетуіне жағдай жасайды. Ой белсенділігін, қиял ауқымын кеңейтеді, баланың дамуын ынталандырады. Мектепке дейінгі Триз бағдарламасы-ұжымдық ойындар мен іс-шаралар бағдарламасы болып табылды. Олар балаларды қайшылықтарды, объектілердің қасиеттерін, құбылыстарды анықтау және осы қайшылықтарды шешуге үйретеді. Триз бағдарламасының келесі кезеңі – ертегі есептерді шешу және арнайы әдістер көмегімен жаңа әңгімелер ойлап, ойын, сурет салу, мүсіндеу, аппликация, жобалау жұмыс түрлері қамтиды. Осы жаңа технологияларды дайындау, біздің Балабақшамыздағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, мотивациясын және қолайлы эмоциялық фон жасау үшін тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Сондай-ақ, жаңа білімді саналы игеруге ықпал етеді.

Балаларға білім беру арналған технологиялар аса тартымды және қызықты болып отыр. Балалардың психикалық даму процестеріне, Монтессори және Триз технологиясы көңіл-күй, ойлау, есте сақтау: ойлау мен ұсақ маторикасын дамытып мектеп дейінгі балаға жағымды эмоция тудырады.



ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Л.Т. ИМАНГАЗИНА
«Kinder joy» МДҰ-нің тәрбиешісі
Ақтөбе қаласы

Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе боп отыр. Ата – анамен балабақша ынтымақтастығы, баланы оқыту мен тәрбиелеудегі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі; көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» дегенде осының айғағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе ұядан ұшқанда да сол өнеге – өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Ендеше «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші отбасы балабақша бірлесе ынтымақтаса отырып, оқу тәрбие жұмысын мақсатты жүргізсе, елдің, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз еселі өтелері сөзсіз. Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез – келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да балабақшаның оқу – тәрбие жұмысында ата – аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі. Сол себепті мен ата – аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлемін. Көздеген мақсатым: балабақшамен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты құру. Алдыма қойған міндеттерім:

1. Ата – аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес беру.
2. Балабақшадағы іс – шараларға ата – аналарды қатыстыру.
3. Ата – аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.
4. Үлгілі ата – аналарды насихаттау.
5. Ата – аналар бұрышын жасау.
6. Ата – аналармен біріге отырып құрылған оқу – тәрбие жоспарын жасау.

7. Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.
8. Күнделікті оқу – тәрбие жұмысына ата – аналарды тару.

Алдыма қойған міндеттерімді іске асыруда мынадай іс – әрекеттерді ұйымдастырдым:

Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан хабарлы болу үшін ата – аналарға топта «Сіздер үшін ата - ана» бұрышын жасадым. Онда ата – аналар «Бізбен бірге оқыңыз» айдарынан күнделікті жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша толық мағлұматтар алады. Сонымен қатар балабақша күн тәртібімен танысады. Сонымен бірге әр тоқсан сайын «Ашық есік күндері» ұйымдастырылады. Мұнда ата – ана баласының жетістіктерін немесе қиындықтарын көреді, жәнеде балада қиындық тудыратын мәселелерді, үйде ұйымдастыру бойынша тәрбиешіден әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық ойындар пайдаланатын әдебиеттер секілді кепілдемелер алады. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие ісін ары қарай жетілдіру отбасымен балабақшаның бірлескен жұмысын дамыта және нығайта түсу арқылы жүзеге асады. Ата – аналармен ұйымдастырылған бұл жұмыста ақпараттық технологияларды қолдану әдісі арқылы ұйымдастырылған. Бұл жұмыс түрі тіл дамыту, сауат ашу, айналамен таныстыруды меңгеру бойынша ойындар және жағтығулары бар кітаптар жиынтығы. Балалар көркем әдебиеттері (өлең, тақпақ, ертегілер). Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға байланысты дыбыстық кітаптар топтың бейнетаспа тұсаукесері. Тақырыптық слайд - шоу. Ертегілер, тақпақтар, өлеңдерді электрондық түрде ала алады. Ата – аналармен бұл жұмыс тіл мәдениетін, сауат ашу, айналамен таныстыруды жетілдіруге көмегін тигізуде. Мереке ойын – сауықтарда «Сүйінші», «Шашу», «Бесікке салу», «Тұсау кесер» салт – дәстүрлерді сахналандырып көрсетілді. Бұл ұйымдастырылған шаралар әр отбасында қазақтың салт – дәстүрін, әдет - ғұрыпын рухани қуат мемлекетіміздің келешегі ретінде бағалай білуіне жұмылдырылған. Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы бүгінгі күні біздің мекемемізде кеңінен қолданылды. Әрине бүгінгі таңда бұл жұмыстар өз нәтижелерін беруде. Осыдан бірнеше жыл бұрынғы ата – аналар үшін балалардың уақытылы тамақтануы, қаралуы ғана маңызды болса, бүгінгі ата – аналар үшін аталған шарттармен қатар баланың сапалы білім мен саналы тәрбиемен қамтамасыз етілуі де аса маңызды. Сондықтан ата – аналар қауымын мекеме жұмысымен таныстырудың бірден – бір жолы оларды мекеме жұмысына, яғни

бала тәрбиесіне белсендіре араластыру болып табылады. Ал ол үшін ата – аналарды мекемеде жасалып жатқан жұмыстарға қызықтыра білуі қажет. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға жан – жақты тәрбие беру мен дамыту мәселесін балабақша жоспарлы түде

шешеді, отбасына педагогикалық көмек бере отырып белгілі бір жетістіктерге жетеді. Олай болса бүгінде ата – анамен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін отбасымен балабақша бірлесе отырып ат салысудамыз.

БАЛА ТӘРБИЕСІ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

А.Т. ҚАРМАШЕВА

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы

Мақсаты: қай ғасырда болмасын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. Әсіресе, бала тәрбиесі. «Адамның бір қызығы бала деген...», «Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет кылсын, шен алсын деп бермедім деп» Абай айтқандай, адам қашанда ұрпағымен қымбат.

«Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген халық ұрпағының өсіп-жетілуіне, тәрбиесіне барынша жағдай жасауға тырысқан. Ал тәрбие, тал бесіктен емес, құрсақтан басталады. Оның себебі, болашақ ана баланы бесіктен емес, құрсақтан бастап тәрбиелеуі керек. Балаға деген мейірімі, сезімі, махаббаты ананың ыстық ықыласы мен тәрбиесінен берілетін құнды дүние. Бала тәрбиесі ата-ана тәрбиесімен ұштасып жатуы тиіс. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі мақсаты – болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, саналы ұрпақ болып өсуіне, дұрыс білім алып жетілуіне, өмірде өз орнын табуына көмек беру. Себебі білім тәрбие арқылы беріледі.

Тәрбие жоқ жерде білім де жоқ. Тәрбие қаншалықты тереңде болса, білім де соншалықты тереңде. Болашақ білімді, дарынды, адмгершілігі мол ұрпақ үшін бұл – өте маңызды. Сол себепті де отбасының бала тәрбиесінде алатын орны айрықша. Әрине, әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Сыйластық, түсіністік, зор жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады. Иә, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі. Қазақтың «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, тәй-тәй басып, есі кіріп, тілі шыға бастағаннан-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған дұрыс.

Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. Осы қағиданы нақты ұғынған Елбасы да «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтып келеді. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға – ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана, қала берді қоғам. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйытқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы отбасында өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да, жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді. «Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар. Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар – осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар» депті педагог С.Макаренко. Осы орайда ата-ананың міндетіне жататын біршама жауапкершілікті ортаға салайық. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті; жүйелі білім алуы-

на көмектесуге міндетті; ұдайы ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғалімімен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті; баланың өміріне, оның денсаулығына зиян келтіретін заттарды қолданбауын, олардың зиянды екенін түсіндіруге міндетті; «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті. Дегенмен, осы айтылғандарды көбісі білгенмен, іс жүзінде бұған немқұрайлы қарап жатады. Жұмысбасты екендіктерін алға тартып жатады. Тіпті, өкінішке қарай, өз баласының тәрбиесін мұғалімге ысырып қоятын ата-аналар да жоқ

емес... Бұл дұрыс емес. Бауыржан Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деген аталық сөзінде үлкен мән жатқаны анық. «Ұрпақ тәрбиелі болса, сол ұлттың болашығы да жарқын болмақ» - демекші, «Баланы жастан» деп халқымыз бала тәрбиесін әріден бастау керектігін де айтып кеткен. Адамгершілік үстемдік құрған қоғамның азаматын тәрбиелейтін мектеп ол – әрине Отбасы. «Отан – отбасынан басталады» деп те айтамыз. Отбасы ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыратын мектеп десекте болғандай.

ОТБАСЫНАН БАСТАЛАТЫН ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕ ТАРАМДАРЫ

Л.Б. КУРМАНОВА
Бестамақ «Болашақ» балалар
бақшасының меңгерушісі
Ақтөбе облысы, Алға ауданы

Отбасы–адам тәрбиесі үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі – бала тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Балабақша қызметі қазіргі заман талабына сай толық өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру үшін тұлғаға бағдарланған болуы тиіс. Демек, баланы өзін-өзі дамытатын мәдениет адамы ретінде қарастыратын балаға деген құндылық қатынас орнату керек. Бала өзін басқалардың арасынан шығарып, бөлек қарамайынша, өз өмірінің мағынасын, өзін-өзі жете түсінбейінше, толыққанды білім алып, дамуы мүмкін емес.

Балабақшадағы тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғам мен ұжымның бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы отбасы. Тәрбие–алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша мақсаты бағыттала және ұйымдастырыла жүргізіледі. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға

дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасы балабақшамен бірлесіп оқу-тәрбие үрдісінің не табысты не табыссыз болуын анықтайтын тәрбиелеуші ортаның факторларының маңызды кешенін туғызады. Қазіргі балабақша отбасының қолдауына бұрынғыдан да күштірек мұқтаж, бұл жерде сөз терең түсіністік пен өзара құрметке құрылған серіктестік жайында болып отыр. Ата-ана, балабақша, бала үш тағаны берік болса, алынбайтын қамал жоқ. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер, бүгінгі балаларымыз, тәрбиеші оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Яғни тәрбиенің түпкі мақсаты–қоғамның нарықтық қарым–қатынасқа көшу кезінде саяси экономикалық және рухани дағдарыстарында жеңіп шыға алатын ізгілігі мен ХХІ ғасырды дамытушы, іскер, өмірге икемделген, жан–жақты, мәдениетті дара тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деп тұжырым жасаған. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан –2030» стратегиялық бағдарламасында «Біздің балаларымыз ғалымдар, инженерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, спортшылар, еңбеккерлер әртүрлі кәсіп иелері болады» деп келешек көк жиегіне көз тігеді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл толу тұсында Қазақстан кемел жетістіктердің жасампаздық істерін төрткүл әлемге таныта білді. Кең байтақ, қазыналы, бейбітшілік пен тұрақтылықтың, ынтымақтың ордасы болған, Отанымыздың өркені дұрыс жайылуға тиісті. Тәрбиенің бастамасын бала жан ұядан алады. Отбасы әрбір бала үшін алтын бесік, сондықтан әрбір отбасы тәрбие тірегін осалдатпағаны абзал. Құрметті ата-ана, ұстаздар қауымы ұрпақ тәрбиесіне сергек қарау,

серпінді тәрбие беру кезек күттірмес күн талабы. Қазіргі заманымыз жақсарып, халықтың әл-аухаты артып келеді. Дегенмен де әртүрлі діни көзқарастағы адамдардың үгіт-насихатына балалардың еріп кетпеуін қадағалағанымыз жөн. Ата-аналар балаларды мүмкіндігінше көп уақыт үйде жалғыз қалдырмауға, немен шұғылданатынын, балабақша қалай барып келуін, қаншада қайтатынын біліп отырулары керек. «Тәрбие отбасынан басталады» десек те, күйбең тіршілікке алданып жүріп, отбасындағы әрбір баланың әрекетін, қылықтарын бағалап, бағыт-бағдар беруге көңіл кейде аз бөлінеді. Әрбір ата-ана баласының ынтасын, қызығушылығын байқап, оның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасап, ықпал етуі керек. Балабақша мен ата-ана ынтымақтаса жұмыс жүргізсе, балаға тиісті көңіл бөле білсе, олармен санаса білсе, келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтары тәрбиеленіп шығары сөзсіз.

Бала – Отанымыздың келешегі, біздің жалғасымыз. Сондықтан бала тәрбиесі – баршамызға ортақ іс. Әр ата-ана өз баласын еліне, халқына шын берілген, халқын құрметтей алатын, дені сау, білімді, еңбексүйгіш, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді борышым деп есептеуі керек.

Ата-аналардың отбасындағы сыйластығы әдептіліктері баланың іс-әрекетінен, сөйлеген сөзінен байқалып тұратынын әр кездесуде ата-аналардың есіне салып отырудың еш артықшылығы жоқ. Тіршіліктегі барлық нәрсенің бір-бірімен сабақтас болғаны сияқты, баланың бойындағы, әдетіндегі небір жақсы, жаман қасиеттің негізі – ата-анасы. Ананың, тәрбиешінің, шеберлігіне қарай бала бойындағы ұстамдылық, ұқыптылық, нәзіктік, кішіпейілділік, қасиеттері қалыптасса, әке арқылы еңбекқорлық, батылдық, адамгершілік, азаматтық, табандылық мінезге ие болады.

Қазіргі кездегі педагогика бойынша патриоттық тәрбиенің қайнар көзі халықтың береке –бірлігінде, ынтымақ – ықыласында, елдігімен-ерлігінде екендігінде ешкімнің дауы бола қоймас.

1. Патриот-Отанын сүйетін, оның байлығын қорғайтын, отансүйгіш, отаншыл азамат.

2. Патриотизм-адамгершілік және саяси принцип, сезім,оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаньш.

3. Патриотизм – тұлғаның бойындағы Отан үшін қызмет етуге дайын, шын берілген, Отанға деген сүйіспеншілік қасиеті.

4. Патриотизм – адамның туа біткен, биологиялы қасиеті емес, ол-әлеуметтік, тарихи қалыптасқан, отанға деген сүйіснешілік сезім, ол Отанға қызмет етуден көрінеді.

5. Бүгінгі жаһандану процесі тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм ұғымы- халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлеке тіне деген сүйіспеншілімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілік сақтау үшін барлық күш-жігер жұмсау.

Жоғарыда берілген анықтамаларды сараласақ, әр кезеңде де патриотизм ұғымы Отанға деген сүйіспеншілік тұрғысынан қарастырылады.Қазақ тарихын зерделеу барысында олардың табиғаты, әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты патриот халық екендігін айқын аңғаруғаболады. Бұны қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Ш. Уалиханов жақсы зерттеген және өзінің патриотизмге берген тұжырымдамасында жақсы берілген. Біз бұл тұжырымнан патриотизм отбасынан бастау алып, әулет, тумаластарға деген сүйіспнешіліктен барып халыққа деген махаббат екендігін білсек. « Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін жан-жақты білу керек» деген белгілі педагог К. Ушинский. Сол айтпақшы,баланы жан-жақты білу үшін тәрбиешіге ең алдымен көмекке келетін ата-ана екендігін әрдайым түсіндіріп отырамын Ата-ана- ел болашағы үшін қажетті, маңызды міндеттерді арқалаған , жауапкершілігі зор, бейнеті бел қайыстыратын күрделі және қажетті орта. Оның мәселелері де сан саналы, сан қилы. Ата-ананың балабақшамен бірлескен қимылының арқасында ғана нәтижеге жетеміз. Ата-аналар – халықтың бір бөлшегі. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау – патриоттық тәрбиенің ажырамас бөлшегі. Ендеше, ата-аналармен бірлесе отыра,ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға арналған шаралардың алатын орны ерекше екендігіне іс-тәжірибемде көз жеткіздім .Бұл ретте

Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Қазақтың ұлттық сана-сезімін дамыту – қазақ деп аталатын таңғажайып, әрі бай тарихи және мәдени байтаққа өз қатысының барын сезіну» дегені епіміздің патриоттарын тәрбиелеудегі – басты ұстанымымызға айналуына бағытталған іс-шаралардың ерекшелігіне басты көңіл бөлемін. Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі- қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыс әдетін қалыптастыру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім тағы басқа сезімдерін дамытуы балабақша мен ата-ананың сабақтастықтағы жұмысының нәтижесі екендігіне күнделікті жұмыста көзіміз жетіп отыр. «Зерттей отырып-тәрбиеле, тәрбиелей отырып – зертте» – бұл педагогиканың басты ұстанымдарының бірі. Әр ата-анаға патриоттық тәрбиенің негізін тәрбиелеп отырған баласы арқылы

қалап, қажет жағдайда талап қоя біліп, ескерту жасау-салауатты да, сауатты ұрпақ тәрбиелеудегі басты парызымыз болып қала беретіндігіне жауапты екендігін түсіндіру, Бала әрекеттерінің мазмұнын және оның өсіп- даму заңдарын білуге сүйене отырып, оқу-тәрбие жұмысын ғылыми тұрғыдан ұйымдастырып, оны дұрыс жолға қоюға болады. Отбасы мен балабақша – өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде зор табысқа жеткізер сенімді одақ «Отан – отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Отбасынан басталатын осынау тәрбие отанымыздың да игілігі үшін екенін әрбір ата-ана ұмытпай, жадында сақтаса игі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауы – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін шынайы іс-жоспарға құрылған шын мәніндегі тарихи құжат болды. «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жана мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» – деді. Демек, бұл үшін еліміздің әрбір тұрғыны осы стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға қатысатыны белгілі. Отбасы мен балабақша, тәрбиеші мен ата-ана, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас жайлы мәселе – қашанда өзектілігін жоймайтын мәселе болып қала бермек. Ұстаз бен ата-ана бірікпей қоғамның саналы ұрпақ тәрбиелеуде жетістіктерге жете алмасы белгілі. «Отан – отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Отбасынан басталатын осынау тәрбие отанымыздың да игілігі үшін екенін әрбір ата-ана ұмытпай, жадында сақтаса игі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауы – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін шынайы іс-жоспарға құрылған шын мәніндегі тарихи құжат болды. «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жана мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» – деді. Демек, бұл үшін еліміздің әрбір тұрғыны осы стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға қатысатыны белгілі. Осы тұста балабақша тәрбиешілеріне қойылатын міндет те зор болмақ. Тек бала тәрбиесімен ғана айналысып қоймайтын тәрбиешілер ата-анамен де жұмысты қатар алып жүретіні белгілі. Балабақша – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте зор. Балабақша еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлінген емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, жұртшылықпен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Міне, балабақшаның үлкен тәрбиелік

қызметі осында. Ал, бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы – отбасы. «Балабақшадағы тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастықпен ұжымның бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасы балабақшамен бірлесіп оқу-тәрбие үрдісінің не табысты, не табыссыз болуын анықтайтын тәрбиелеуші ортаның факторларының маңызды кешенін қалыптастырады» – деп атап көрсетілгеніне қарап, отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы балабақшаның одақтасы екенін түсінуіміз қажет. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда тәрбиеші негізгі рөл атқарады. Бала тәрбиесінің отбасында, балабақшада нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді. Ал бұл ынтымақтастың орнауы әрине, тәрбиешіге байланысты. Мемлекетіміз бен Үкіметіміз өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту мәселесіне шексіз қамқорлық жасап келеді. Тәрбие жұмысын жүргізу – қиын да күрделі іс. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен бұл сөзі бүгінде өз маңызын жойған жоқ.

Бала бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыруда мектеп пен отбасының арасындағы қарым-қатынастың алатын орны ерекше. Баланың алғаш бастапқы тәрбие мектебі алтын бесік-отбасы болса, екіншісі, балабақші. Бұл екі ортаның да мақсат-мүддесі ортақ. Отбасы, ата-ана адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып жетілдірсе, адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Бұл киелі жерде қызмет ететін тәрбиеші мен ата-анаға жауапкершіліктің үлкен жүгі артылған. Балабақшада өтетеін барлық іс-шараға ата-аналардың қатысуы жақсы нәтиже берелі анық сондай шаралардың бірі «Денсаулық фестивалі», «Отбасы мерекесі» ертеңгіліктер түрлі сайыстар, балалармен бірігіп туған өлкеге саяхат жасау т.б. балалардың туған жері туралы білмдерін арттырып отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады.

Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы-ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көрегендікпен ой түйген. Бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы ата-ана арқылы отбасында қаланады.

Балабақшадағы баланың жетістігіне отбасы мен балабақша ынтымақтастығы арқылы қол жеткізуге болады. К.Ж.Қожахметова өз еңбегінде: «Халық даналығының ережелері, адамның әрекеттері мен қызметтерін оның мәртебесіне сәйкес: ата, әже, әке, ана, ұл, қыз, күйеу бала, келін деп реттеп қана

қоймайды, сонымен бірге халық даналығының өсиеттерінде, әрбір рөлдің қызметі мен терең идеялық мағынасы сақталады» – деп атап көрсеткен. Иә, шынымен де, отбасындағы осы әрбір рөлдің қызметі мен маңызы зор. Бала тәрбиесі үшін әрқайсысының қатысы ерекше.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТЕАТРДЫҢ РӨЛІ

М.С. ОБАЕВА
№ 49 «Думан» бөбекжай балабақшасы
Ақтөбе қаласы

Театрлық әрекет – бұл балалар шығармашылығының кең таралған түрі. Театрлық іс шараларға қатыса отырып, балалар қоршаған әлеммен жан-жақты танысады, ал бала өзінің кез келген өнертабыстарын, айналасындағы өмірден алған әсерлерін тірі бейнелер мен әрекеттерде бейнелегісі келеді. Рөлдерді сомдай отырып, балалар кез-келген рөлді ойнайды, көргеніне және қызықтыратын нәрсеге еліктеуге тырысады.

Театр – бұл балалар үшін ең демократиялық және қол жетімді өнер түрлерінің бірі. Театр іс-әрекетінің тәрбиелік мүмкіндіктері өте зор, оның мәні іс жүзінде шексіз және баланың кез-келген мүдделері мен тілектерін қанағаттандыра алады. Ол балаға жақын және түсінікті, оның табиғаты терең және ойыннан көрінеді. Театр ойындары интеллектуалды, коммуникативті, көркем және эстетикалық тәрбие, сөйлеу мәнерлігін қалыптастыруға, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға байланысты көптеген педагогикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Театрлық ойын – бұл балалар дамытудың маңызды құралы, яғни адамның эмоционалды жағдайын бет-әлпет, ым-ишара, интонация арқылы тану, әр түрлі жағдайларда өзін-өзі ұстай білу және тиісті көмек тәсілдерін табу. Бұл мәнерлілік құралдарының шеберлігі балалардың театрландырылған ойынға дайындығы, жалпы мәдени даму деңгейі туралы айтады, соның негізінде көркем шығарманы түсінуге ықпал етіліп, оған эмоционалды жауап пайда болады.

Театр ойынының тақырыбы мен мазмұны моральдық бағытқа ие, ол әр ертегіден, әдеби шығармадан кездеседі және импровизацияланған қойылымдардан өз орын табуы керек. Олар достық, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық, батылдық. Кейіпкерлерге еліктеп, бала өзін сүйікті кейіпкерерін

анықтай бастайды. Мұндай сәйкестендіру қабілеті театр ойынының бейнелері арқылы балаларға әсер етуге мүмкіндік береді. Сүйікті кейіпкеріне айнала отырып, бала өз еркімен өзіне тән қасиеттерді қабылдайды және иеленеді. Балалардың өз бетінше ойнау, адамгершілік нормаларға сәйкес әрекет ету қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Театр ойындарын: жіктелуі

Мектеп жасына дейінгі балалардың театр ойындарын екі негізгі топқа бөлуге болады: режиссерлік ойындар және драматизация ойындары.

Режиссерлік ойындарға үстел, көлеңкелі театр, сондай-ақ фланелеграф театры кіреді: бала немесе ересек адам, сахна жасап, ойыншық кейіпкерінің рөлін атқарады. Драматизация қуыршақтарды немесе саусақтарға киінген кейіпкерлерді қолдана отырып, орындаушының өз іс-әрекеттеріне негізделген. Бұл жағдайда бала өзіннің интонацияны, мимиканы, пантомимиканы қолдана отырып ойнайды.

Театр ойындарын ұйымдастыру технологиясы. Мектеп жасына дейінгі балалардың театрлық белсенділігін қалыптастыру бойынша жұмысты эмоционалды және сенсорлық тәжірибені жинақтай отырып бастаған жөн; театрландырылған қойылымға деген қызығушылық пен эмоционалды позициясын дамыту.

Балаларды театр өнерімен таныстыру ересектердің орындауындағы спектакльдерді көруден басталады: алдымен балаға жеңіл қуыршақ, содан кейін драмалық қойылымдар көрсетіледі. Қуыршақ және драма театрларының спектакльдерін орындарын алмастыра отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға жанрларды біртіндеп меңгеруге мүмкіндік береді. Қойылымдардан алынған әсерлер оларға қарапайым рөлдерді ойнауға көмектеседі. Тәсілдерді игере отырып, бала шығармашылық ойында өзін еркін сезіне бастайды. Бірлескен талқылау барысында балалар бір-бірінің мүмкіндіктерін бағалайды; бұл оларға көркемдік шығармашылықта өз күштерін түсінуге көмектеседі.

Театр ойындарын ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар

- Тақырыптың мазмұны мен әртүрлілігі.
- Театр ойындарын педагогикалық процестің барлық формаларына үнемі, күнделікті қосу, балаларға рөлдік ойындар сияқты қажет етеді.
- Ойындарды дайындау және өткізу кезеңдеріндегі балалардың максималды белсенділігі.
- Театр ойынын ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде балалардың бір-бірімен және ересектермен ынтымақтастығы.
- Ойындарға таңдалған тақырыптар мен сюжеттердің мазмұны балалардың жасына және дағдыларына сәйкес келуі.

Тақырыптың шығармашылық дамуы әдеби шығармалар сюжеті негізінде ойын сценарийін дайындаудан басталады. Әрі қарай, берілген тақырып бойынша балаларды импровизация жасайды. Театр ойындарына қатысушылар кейіпкердің мінезін, оның әдеттерін әркім оңай тануы үшін элементтерін игеруі керек. Сонымен бірге балаларға ойын тақырыбын, сюжетін бейнелеу кезінде іс-әрекеттерде көбірек еркіндік, қиял беру қажет.

Театрландырылған ойын арқылы педагогтар ба-

лаларды театр жанрларымен (драма театры, опера, оперетта, балет, қуыршақ және жануарлар театры, пантомима) таныстырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы театр іс-әрекетінің маңыздылығын бағаламауға болмайды. Қызметтің бұл түрімен айналысу баланың қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға көмектеседі; жалпы дамуына ықпал ету; қызығушылығының көрінісі, жаңа нәрселерді үйренуге деген ұмтылыс, жаңа ақпарат пен әрекеттің жаңа тәсілдерін игеру, ассоциативті ойлауды дамыту; роль ойнағанда табандылық, мақсаттылық, жалпы ақыл-ойдың көрінісі, эмоциялар.

Сонымен қатар, театрландыруға арналған сабақтар баладан батылдықты, жүйелі жұмысты, қажырлы еңбекті қажет етеді, бұл күшті ерік-жігердің қалыптасуына ықпал етеді. Балада түйсігі мен тапқырлығы, импровизация қабілеті дамиды. Театрландырылған іс-шаралармен айналысу және көрермендер алдында сахнада жиі өнер көрсету шығармашылығын шындап арттыруға, өзін-өзі бағалауға ықпал етеді. Осылайша, театр мектепке дейінгі балалық шақта оқу процесінде ерекше орын алады.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ

А.Е. ШОНТЫБАЕВА

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы

*«Сабақ беру – үйренішті жай шеберлік емес,
ол үнемі жаңадан жаңаны
табатын өнер»*

Ж.Аймауытов.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру курсы бойынша білім беру бағдарламасын оқу барысында, жаңа заман талабына сай білім беру процесін түрлі әдіс-тәсілдер және ойындарды жүйелі түрде қолдана білуді меңгердік. Жаңартылған мазмұн бойынша Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы Қазақстан халқына жолдауында білім беруде 4К моделіне баса назар аудару туралы айтылып өткен болатын. Осы курс барысында, 4К моделін оқу қызметінде тиімді пайдалану жолдарын оқу қызметінде қолдана бастадым. Орта білім беру жүйелеріндегі «Оқушы үнінің» тиімділігін ескере отырып, «Бала үнін» балабақшада тыңдау

арқылы олардың қажеттіліктерін, ой-пікірін ескерудің маңыздылығын түсіндік. «Кір жаю», «Елші», «Бір қадам», «Галереяны шарлау», «Сәлемдесу», «Қабырға» әдіс-тәсілдерін өз тәжірибемде қолдана бастадым. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын түрлерін балаларға оқу қызметі барысында балалармен ойнап, қай ойын баланың жас ерекшеліктеріне сай келетінін, олардың тиімді және тиімсіз жақтарын ажыратып, алдағы уақытта ойынды дұрыс таңдай білуді өз жоспарыма енгізуді мақсат еттім. Балалардың танымдық қызығушылығын бақылау барысында анықтап және де әрі қарай дағдысын дамыту мақсатында жеке, жалпы түрде бақылай отырып, танымдық оқиға жаздым. Танымдық оқиға жазудың тиімділігі, баланың қабілетін әрі қарай ашып дамыту, сонымен қатар ата-анаға баласының бойындағы өздері байқамай жүрген қызығушылығын анықтауға мүмкіндік беру. Осы арқылы баланың күшті, әлсіз тұстарын анықтау барысында, бақылай отырып саралауды үйренеміз. Бұрын тапқақтарды хормен немесе жеке

түрде жаттататын болсақ, «Бір қадам» тәсілімен балалардың қызығушылығын арттыра отырып жаттатудың тиімділігін көріп, өз әріптестеріммен бөлісіп отырдым. Смарт мақсаттың оқу қызметін балаға меңгертуде қолжетімді, өлшенімді, уақытпен шектеліп нақты нәтижеге бағытталуы тәрбиешілер үшін тиімді болмақ. Таным, шығармашылық салалары бойынша, оқу қызметтерінде «Елші», «Галереяға шарлау» әдістерін қолдануға болады. Балалар командада жұмыс істеуді үйренеді. Алғашқы өзім қолдану қиындықтар туындады. Балалардың бір орында тұрып қалуы, орнында отыра беруі, тапсырылған жұмыстарды дұрыс тиянақты орындай алмауы сияқты жағдайлар орын алды. Ол кезде өзім қолпаштау, қолдау, көмек беру арқылы жол көрсетіп отырдым. Осы әдістер арқылы балалардың «бала үнін», «жолдастарымен араласа білуін» дамытамыз. «Бір қадам» әдісін балаларға тақпақ жаттату кезінде пайдалануға болады. Қадамдардың түсін балаларға тиімді етіп таңдап, төрт жол тақпаққа төрт қадам түсін алып қарастыруға болады. Балалар қадам арқылы тақпақ жаттауға шығуға таласа қызығушылықпен шыға бастайды. Алдағы уақытта өзім тақпақ жаттауға осы әдісті үнемі басшылыққа алуды жоспарладым. «Миға шабуыл» әдісі мен 4К моделіндегі сыни ойлауды шаттық шеңберінде және ұйымдастыру бөлімінде оқу қызметінің тақырыбын ашу мақсатында күнделікті пайдалануда тиімділігі зор. Командада жұмыс істеу, коммуникативтілікті дамыту моделін үш ойынмен байланыстыра отырып дамытып, кретивтілік идеясын бала үнін ести отырып рефлексиялауда қолданып және де осы арқылы балаларды бақылап, саралап отыруға болады. Балалардың әлсіз және күшті тұстарын ескере отырып, тапсырмаларды деңгейлеріне қарай беруді алдағы уақытқа жоспарлауға болады. Және де оқу қызметіне қатысқан немесе топта өзін ұстау ережелеріне байланысты ата-аналарға балалары атынан ұсыныс немесе қолпаштау, мадақтау, жетістіктерін айтып отырдым. Бұл арқылы «Тұтас бала бейнесін» дамытуды көздейміз. Балаға екі жақты көмек арқылы дағды қалыптастыруға, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін жас ерекшеліктеріне байланысты ескеруді мақсат ете аламыз (ТАН). «Елші» әдісінің тиімділігі, сурет т.б оқу қызметтерінде түсті есте қалдырады. Тілдерін дамытады. Бір-біріне қолдау көрсетеді, ұйымшылдық танытады. «Алтын күз» тақырыбы бойынша табиғаттағы бақылау оқу қызметін өткіздім. «Елші» әдісі арқылы балалар көкөністер мен жемістерді ажыратады. Сол бойынша бөлініп түсіндіреді. Бір бала біліп ажыратса, келесі бала білмейді. Ал түсіндіру барысында білмейтін бала біліп есте қалдырады. Құрылымдалған ойынға «Заттық фриздер» ойынын

алдым. Балаларға жемістер мен көкөністерді жан-жақты сипаттауға, атын атап, түр-түсін ажыратуға бағыт-бағдар берем. Балалар себеттен алып, өздеріне ұнаған жеміс-көкөністері туралы айтады. Бақылап саралап отырдым. Мыс, қияр мен қызанақты салыстырып сұрақтар қойдым барысында білмейтін бала біліп әрі қарай ойын алаңында «Әңгімелесу» әдісімен жалғастырдық. Балаларға жемістерді ағаш басына орналастырып, ал көкөністерді жерге егіп орналастырып түсіндірдім. Балалар педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Себетке саламыз» ойынын ойнатуға болады. Шатастырып бір ыдысқа салып жатырған балалар болады. Балаларға талдау барысында өздеріне қатесін табуды тапсырамын. Кейін ойынды еркін ойынға ауыстырдым. Еркін ойынды бақылау барысында, балалар алма, алмұрт, бананды ағаш бұтағына орналастырып ойнады. Ал сәбіз, кәді, бұрыш, орамжапырақты жерге орналастырып жатырғанын байқадым. Бұл жерде балалар ойнай отырып, «ненің қайда өсетінін» есте қалдырады. Тиімділігі, нақты басқа ойындар кезінде бала затты қолдарында көп қалдырмайды. Мүмкін баланың ол затты қолында ұзақ ұстап бақылап көргісі келетін болуы мүмкін. Ал еркін ойын болса, осы әрекетке мол мүмкіндік береді. Сол затты ұстау, ойнау арқылы бала үйренеді, ашылып басқа ортамен бірігуге жол ашылады. Тұйық бала ашылады. Дарынды болса, білгенін сұрап деңгейін одан әрі арттырады. Кейбір балалар ойынға қатыса алмай қалады. Құрылымдалған ойында жұпқа біріксе балалар тез қатысады, тез меңгереді. Құрылымдалған «Кішкене өзен арқылы» ойынын ойнағанда балалардың кейбірі қиналды. Өзім бірге: «былай менімен бірге орындап көрші, міне жақсы орындадың» деп қолпаштау сөздермен орындауға баулыдым. Бұл ойынды еркін ойынға айналдыру арқылы бала істей алмағанын тағы жасап көріп үйренуіне мүмкіндік алды. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Күн мен жаңбыр» ойынын ережесін түсіндіре отырып ойнаттым. Ойын барысында ойынға тұйық балалардың қатыспай қалуы байқалды. Ол балаларды қолпаштау арқылы ойынға қосуға тырыстым. Кейін осы ойынды еркін ойын түрінде ойнауды ұсындым. Балалар өз беттерімен еркін ойнай бастады. Жанама бақылай бастадым. Еркін ойын барысында балалар ойынды аша білді. Еркін ойынның тиімділігін ескеру барысында, педагог жетекшілігімен жүргізілетін «Мамандық иелерінің құралдары» ойынын еркін ойынға өзгертіп ойнаттым. Өзгертудегі мақсатым, баланың есінде қалады. Мүмкін сол мамандыққа қызығушылығы оянуы мүмкін. Бұл баланың болашағына мол мүмкіндік ашуға көмектеседі. Еркін ойынның тиімділігі, бала белгілі бір шектік уақытпен оқу қызметінде зерігеді.

Ал еркін ойын ойнағанда сергіп баланың оқуға деген ынтасы қайта оянады. Ал белгілі бір сарын, ережеге бағынған ойын баланы шаршатып, зеріктіріп оқуға деген ынтасын түсіруі мүмкін. Ережелі ойынды меңгертіп, еркін ойынға айналдыру бала үшін естуде тиімді. Мысалы, Ойыншықтар тақырыбын өткенде оқу қызметінің соңында қолдарындағы ойыншықтарын жинап алғаннан, ойыншықтарымен ойнауға мүмкіндік берсек ол балалар үшін тиімді болмақ. Бала өз бетімен шулап ойнап кетуі мүмкін. Ол

үшін белгілі бір уақыт аралығында баланы қайтадан игере білу керек. Оқу қызметі барысында, үш ойынды да тиімді, нақты таңдау арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұр әр педагогтың шеберлігіне байланысты болмақ. Бағдарламаның «түйінді бес идеясын» оқу қызметіне кіріктіріп, оларды балалардың бойына дағдыландыра білсек, онда біздің болашағымыз жарқын, егеменді еліміздің ұл-қыздары білімді болатынына сенімдімін.



ЭКСПО-2017-АСТАНА ҚАЛАСЫНДА

А.М. АРЫКОВА
№2 ММГ қазақ тілі мұғалімі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп түзету, редакциялау
Сабақтың мақсаттары	Жазуда орфографиялық норманы сақтау, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу; емле ережелерін білу.
Бағалау критерийі	Орфографиялық норманы сақтайды, тыныс белгілерін дұрыс қоя алады; емле ережелері арқылы талдау жасайды.
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: көрме, баламалы энергия, қуат көзі, өнертабыс Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Егер... сүйенетін болсақ, ендеше ...
Құндылықтарды игерту	Отанға, елге деген сүйіспеншілік
Пәнаралық байланыс	Тарих пәні
Бастапқы білім	Астана-болашақтың қаласы

Жоспар

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы	<p>Бастапқы білім бойынша сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – «Астана-бас қала» деп не себепті айтамыз? – Азия елдерінің ішіндегі солтүстікте орналасқан қай қала? <i>Нұр-Сұлтан</i> – Біздің астанамыз Нұр-Сұлтан болып қашан өзгерді? <i>2019 наурызда</i> – Есіл өзенінің жағалауында қандай ғимараттар орналасқан? <i>(Елбасының резиденциясы, Нұр-Астана мешіті, Нұр Астана мешіті, Бейбітшілік және келісім сарайы, Бәйтерек монументі)</i> – Астана қаласының дамуының 2кезеңінде қандай ғимараттар бой көтерді? <i>(Тәуелсіздік сарайы, «Қазақ елі» монументі, «Астана» Опера театры, Орталық концерт залы, Ұлттық мұражай, Ханишатыр, «Нұр Әлем» шар тәріздес сфера т.с.с)</i> <p>Қызығушылығын ояту</p> <p>Сабақ мазмұнына сай 1-топ «Сәуле», 2-топ «Қуат», 3-топ «Мөлдір» деп бөлінеді. Сұрақ: – балалар, біз бүгін неге топтың атауын осылай қойдық?</p> <p>Мұғалім сабақты «Адасқан әріптерден» құралған сөздерді көрсетумен бастайды. Оқушылар «Адасқан әріптерден» сөз құрайды (ЭКСПО 2017-Астана қаласында) осылайша сабақ тақырыбын анықтайды. Мұғалім сабақтың тақырыбын хабарлайды.</p>	

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Тыңдалым алды тапсырмасы Оқушыларға суреттер беріледі. Суреттер бойынша мәтінді болжаңыз. Тыңдалым кезіндегі тапсырма 1-тапсырма ТЖ. Блиц сұрақтарға жауап беру «Шындық және жалған» әдісі 1. «ЭКСПО» атауы экспонат деген сөзден шыққан (шындық) 2. Қазақша «жәдігер» деген мағынаны білдіреді(шындық) 3. Қазақстанда ЭКСПО 2019 жылы өтті (ж) 4. ЭКСПО Қазақстанда 2017 жылы өтті (ш) 5. ЭКСПО Алматы қаласында өтті (ж) 6. Қазақстанда ЭКСПО тақырыбы «Болашақ энергиясы» деп аталады. (ш) 7. Көрмедегі бірінші нысан – «Нұр әлем» (ш) 8. Салмағы 15 мың тоннадан астам (ж 13) 9. Сфераның пішіні төртбұрышты (ж) 10. «Нұр әлем» сфералық ғимараты көрмеден қалған мұра (ш) Дескриптор - Мәтін мазмұнын түсінеді - Сұрақтарға жауап береді - «Шын», «Жалған» сұрақтарын ажыратады Тыңдалымнан кейінгі тапсырма 2-тапсырма «Айтарым бар» әдісі арқылы мәтінді қорытындылаңыздар I топ. Көрме қажет пе? II топ. Көрме не үшін қажет? III топ Көрменің пайдасы қандай? Жазылым алды тапсырма: – Оқушылар ЭКСПО туралы ауызша айттық. Ал енді жазбаша жұмыс орындап көрейік. Мәтін қалай жазылуы керек?(Сауатты, жүйелі) Ал ендеше, мен сендерге мәтін бөліктерін таратамын, ал сіздер ондағы орфографиялық, пункт. қателерді түзетіп, жазып шығасыздар. Жазылым тапсырмасы: «Астанада өткен ЕХРО көрмесі» мәтіні 1-бөлік ЕХРО-2017 көрмесіне үш айда 178 елден 4 миллионға жуық адам келген. Көрмені әр келуші толық көру үшін 96 сағат жұмсауы керек. Көрме кезінде 3500 мәдени іс-шара өткізілген. 33 мың әртiс өнер көрсеткен. 2-бөлік «ЭКСПО-2017» символы «Нұр Әлемнің» құрылысына 13 000 тонна металл жұмсалған. Шар жабындысы 2800 бірегей әйнектен тұрады. «Нұр Әлем» сферасының жалпы аумағы - 22 000 шаршы метр. Бұл - төрт бірдей футбол алаңының көлемі. 3-бөлік Көрменің барлық нысандарының құрылысы үшін 56 мың тонна металл мен 500 мың тонна бетон жұмсалған. Бұл әлемдегі ең биік екі мұнараны тұрғызуға жетеді. 53 елдің мемлекет басшылары мен үкімет басшылары көрменің құрметті қонағы мен қатысушысы болды.</p>	<p>ЭКСПО туралы суреттер</p> <p>1-таратпа</p> <p>Кеспе қағаз</p> <p>Мәтін бөліктері</p>
-------------------------------	--	---

Дескриптор

- Өңдеген бөлікті келесі топпен ауыстырады.
- Мәтінде кездесетін қателерді тауып түзетеді.

Өзара бағалауды «Бутерброд» әдісі арқылы жүзеге асырады.

Өзара бағалауда 1-топ 2-топтың жұмысын, 2-топ 3-топтың жұмысын, 3-топ 1-топтың жұмысын бағалайды.

- бірінші жағымды түсініктеме беру;
- одан кейін құрылымды сын айту;
- соңынан тағы да жағымды пікір білдіру.

Мысалы,

Жағдаяттық мәлімдеме – Маған ұнады, себебі

Енді/келесі жолы



«Астана» туралы ән орындау

Грамматикалық тапсырма

1-тапсырма

Кестені толтыр

I топ

Атауы	Ережесі	Мысалы
Термин		

II топ

Атауы	Ережесі	Мысалы
Кәсіби		

III топ

Атауы	Ережесі	Мысалы
Диалект		

2-тапсырма

«Сәйкестендіру» кестесі

I топ

1. Лексика	A. Математика
2. Көбейту	B. Тіл білімі
3. Карта	C. Әдебиет
4. Жасуша	D. География
5. Эпитет	E. Биология

II топ

1. Жіп	A. Ұсталық
2. Ыңғыру	B. Тоқымашылық
3. Білезік	C. Егіншілік
4. Ау	D. Зергерлік
5. Тұқым	E. Балық аулау

Сергіту сәті

ҮЗДІК САБАҚ

	<p>III топ</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%;">Әдеби тілде</td> <td style="width: 50%;">Диалект сөз</td> </tr> <tr> <td>1. Шалбар</td> <td>А. Тұқым</td> </tr> <tr> <td>2. Жұмыртқа</td> <td>В. Сым</td> </tr> <tr> <td>3. Қабырға</td> <td>С. Құдағи</td> </tr> <tr> <td>4. Үлкен</td> <td>Д. Жар</td> </tr> <tr> <td>5. Құдағай</td> <td>Е. Нән</td> </tr> </table> <p>Жауабы: 1-В 2-А 3-Д 4-Е 5-С</p> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ережені айтады, мысал келтіреді - Сөздерді сәйкестендіреді <p>Мұғалім әр топқа кері байланыс береді</p>	Әдеби тілде	Диалект сөз	1. Шалбар	А. Тұқым	2. Жұмыртқа	В. Сым	3. Қабырға	С. Құдағи	4. Үлкен	Д. Жар	5. Құдағай	Е. Нән	
Әдеби тілде	Диалект сөз													
1. Шалбар	А. Тұқым													
2. Жұмыртқа	В. Сым													
3. Қабырға	С. Құдағи													
4. Үлкен	Д. Жар													
5. Құдағай	Е. Нән													
<p>Аяқталуы</p> <p>Сабақты бекіту</p> <p>Сабақтың соңы</p>	<p>«Синквейн» әдісі Қуат, Көрме, Сәуле</p> <p>Рефлексия: «Бәйтерек» әдісі арқылы кері байланыс жүргіземін.</p> <div style="display: flex; align-items: center;">  <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="padding: 5px; text-align: center;">Саба құнады, тапсырмалардың бәрін сәтті орындадым.</td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px; text-align: center;">Сабақта қиындықтар кездесті</td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px; text-align: center;">Сабақта түсінбегенім көп болды</td> </tr> </table> </div>	Саба құнады, тапсырмалардың бәрін сәтті орындадым.	Сабақта қиындықтар кездесті	Сабақта түсінбегенім көп болды										
Саба құнады, тапсырмалардың бәрін сәтті орындадым.														
Сабақта қиындықтар кездесті														
Сабақта түсінбегенім көп болды														
<p>Қосымша ақпарат: «Астана-болашақтың қаласы» кластер жасау</p>														
<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік ережелерін сақтау</p>												



МЕН ОТАНЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМ!

Л.К. ДОНБАЕВА

№3 Алға қазақ орта мектебінің
№1 Мектепалды даярлық класс мұғалімі
Ақтөбе облысы, Алға қаласы

Мақсаты: Ертеңгі ел болашағы болып табылатын жас бүлдіршіндерге өз елі, Отаны, рәміздері, тарихы туралы түсінік бере отырып, балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту. Жас ұрпақты өз отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін арттыру.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: ҚР-ның картасы, мемлекеттік рәміздер, суреттер.

Шаттық шеңбері:

Көк аспанда күн күлсін,
Бірге күлсін бүлдіршін.
Ұл қолында ту жүрсін!
Қыз қолында гүл жүрсін!
Бірге күлсін бүлдіршін.

Мұғалім:

– Біздің еліміз қалай аталады?
– ҚР-ның Елордасы қай қала?

Отан – адамның туып өскен және тұратын жері. Адам ауылда, қалада дүниеге келуі мүмкін. Ата-ананың үйі – сенің өмірге келіп, ержеткен үйің. Отан отбасынан басталады. Ал сенің ең үлкен нағыз Отаның-Қазақстан. Ол Қазақстанда тұратын барлық халықтардың Отаны.

Балалардың тақпақтары:

Аружан:

Отан – деген атамекен,
Отан – деген туған жер.
Отан – ана, Отан-үлкен,
Қазақстан – туған ел!

Аслан:

Отан – жерім, Отан – суым,
Отан – қуат нәр береді.
Отан – ұран, Отан – туым,
Отан – мәңгі гүлденеді.

Арай:

Сүйемін мен Отанымды,
Гүл жайнаған жерімді.
Сүйемін мен ата-анамды,
Мен өсірген елімді.

Нұрбек:

Отанды біз Атамекен,
Деп аялап атаймыз.
Өйткені оны мекен еткен,
Бабамыз бен атамыз.

Айзере:

Отанды жас-кәрімізде,
Туған жер деп сүйеміз.
Өйткені онда бәрімізде,
Туып өмір сүреміз.

Мұғалім:

Балалар, бүгінгі таңда Қазақстан өз алдына Тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бар.

Балалардың тақпақтары.

Ералы:

Көк туымыз бетінде,
Қыран бүркіт қанатты.
Сол қырандай еркіндеп,
Біз өсеміз талапты.

Жанерке:

Айнымайды аспаннан,
Біздің тудың бояуы.
Оны халық қашанда,
Биікке іліп қояды.

Әмина:

Елтаңбасы елімнің,
Қандай әйбат әдемі.
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.

Мақсат:

Құт-береке шаңырақ,
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ,
Екі жақтан көмкерген.

Кәмшат:

Әнұраны елімнің,
Шақырада бірлікке.
Егеменді халқымның,
Болашағы бірлікте.

Мұғалім: Қазақстан – үлкен ел. Мұнда өзен, көл, орман, жазықтар, таулар бар. Қазақстанда ауылдар мен қалалар көп. Кең байтақ жерімізде Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан. Қазақстан өсімдіктер мен жануарларға өте бай. Тауда қарағай мен шырша, түрлі жеміс-жидектер өседі. Онда барыс, арқар, аю сияқты түрлі аңдар тіршілік етеді. Орманда емен, үйеңкі, қайың, қарағаш, терек ағаштары бар. Жазық далада қызғалдақ, қоңырау-гүл, беде, жалбыз, селеу және басқа да көптеген өсімдіктер өседі. Ал жануарлардан қасқыр, түлкі, қоян, киік, құлан, қаракұйрық тәрізді аңдар жүреді. Отанымыздың жері өте бай және әдемі. Оны қорғай білуіміз керек.

Балалардың тақпақтары.

Мансур:

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Ерасыл:

Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Айымжан:

Түлігі түскен алуан-алуан,
Төс алқабы малға толған.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Мұғалім:

ҚР-ның Елордасы – Нұрсұлтан қаласы.
Нұрсұлтан қаласы әдемі жас қала. Елорда Есіл
өзенінің екі жағын ала орналасқан. Ол күннен-
күнге көркейіп келеді, болашағы әлі алда. Ол Еу-
разиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ.

* Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің
резиденциясы.

* Бәйтерек – Астанамыз Нұрсұлтан қаласының
басты белгісі.

* Тәуелсіздік Сарайы – мемлекеттік ресми іс-
шараларды, форумдарды, мәжілістерді, кездесулерді
өткізу орны болып табылады.

* Парламент үйі – Үкімет үйі.

* Бейбітшілік пен келісім сарайы – Өлемдік жә-
не дәстүрлі діндер өкілдерінің жиынын өткізуге
арналған ғимарат.

* Мұхит аралы – мұхит жануарларын көретін
орын.

Балалардың такпақтары.

Айнұр:

Астана арман қала,
Бағы бір жанған қала.
Тұрады ол жап-жас болып,
Мен үлкен болғанда да.

Әсет:

Болашаққа бастаған,
Шарықтайды асқақ ән.
Елордасы Отанның,
Мақтанышым Астанам!

Ойын: «Туған жерді гүлдендір» (сурет салу)

Қорытынды:

Қазақстан Республикасы – біздің сүйікті Ота-
нымыз!

1-ДЕН 5-КЕ ДЕЙІНГІ САНДАР

Д.А. ЕСЕТОВА

«Kinder joy» МДҰ-нің тәрбиеші Ақтөбе қаласы

Мақсаты: Білімділік: 1-ден 5-ке дейінгі сандар-
ды санап, қайталау арқылы білімдерін бекіту.

Дамытушылық: Тура және кері санау дағдыла-
рын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды зейінділікке, ойшылдыққа,
қамқорлыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

Көрнекілігі: 1-ден 5-ке дейінгі сандар

Сабақтың барысы:

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Тәрбиеші: Балалар, біздің, бүгінгі сабағымыз
ерекше болмақ. Бізге қонақтар келіп отыр. Қане, бар-
лығымыз қонақтармен амандасайық.

Балалар: Сәлеметсіздерме!

Тәрбиеші: Ой, балалар, қараңдаршы! Бізге біреу
келіп тұрған сияқты. (Осы кезде есік қағылады) Дым-
білмес келеді.

Дымбілмес: Сәлеметсіздерме балалар, мен сен-
дермен ойнайын деп келсем, сендер не істеп отыр-
сындар?

Балалар: Біз сабақ оқып жатырмыз.

Дымбілмес: Сабақ деген не өзі? Ол қандай бола-
ды?

Тәрбиеші: Онда бізбен бірге отыр, балалар
Дымбілмеске 1-ден 5-ке дейін санап береміз бе?

Балалар: Ия

Дымбілмес: Сандар деген не өзі? Ол қандай бо-
лады?

Тәрбиеші: Қане, балалар, сандардың қандай бо-
латынын көрсетейік. Экранға назар аудару.

Балалар: Балалар сандарды көрсетеді.

Тәрбиеші: Балалар, енді біз Дымбілмеске көп,
аз ұғымдарын үйретейік. Мына көбелектің қайсысы
көп, қайсысы аз екенін айтып берейікші. Осы сияқты
гүл, доп, машинаның суретін көрсетемін.

Балалар: Жақсы

Дымбілмес: Рахмет балалар, сендер шаршадың-
дарма? Мен де шаршадым. Қане бір серігіп алайықшы.

Сергіту сәті:

1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 алақанды соғайық, Оң
жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып,
бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай,
Орнымызды табайық.

ҮЗДІК САБАҚ

Тәрбиеші: Мына суретке қарайықшы, нені көріп тұрмыз?

Балалар: Пішіндер

Тәрбиеші: Ал, балалар, маған енді олардың атауларын атап беріңдерші?

Балалар: үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек.

Дымбілмес: Пішіндер әдемі екен ғой.

Тәрбиеші: Дымбілмес біздің балалар есептеу біледі. (Логикалық есептер шығару)

1. Аулада екі үйрек Қорада бір үйрек Барлығы қанша үйрек? (3)

2. Қолымда бір алма Табақта екі алма Барлығы неше алма? (3)

3. Менде бес жұмыртқа болды, біреуін жарып алдым. Менде неше жұмыртқа қалды? (4)

4. Жанып тұрған төрт майшамның екеуі сөніп қалды. Сонда неше майшам қалды? (2)

5. Тал бойында тізіліп, Бес жапырақ тұр еді. Жел

соқты да үзіліп, Ұшып кетті үшеуі. Ілініп тұр әлі, Жапырақтың нешеуі? (2)

Тәрбиеші: Балалар, енді, ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын: Көршісін тап.

Мақсаты: Алдындағы сандарын табу.

	2		4	
1		3		5

Дымбілмес: Балалар, мен сабақтың не екенін түсіндім. Сендерге көп рахмет, сау болыңдар!

Тәрбиеші: Балалар, бізге қонаққа кім келді?

Балалар: Дымбілмес

Тәрбиеші: Біз оған не айттық, көмектестік пе?

Балалар: Ия, біздер оған 1-ден 5-ке дейінгі сандарды, геометриялық пішіндерді, көп, аз ұғымдарын үйреттік.





Тәрбиеші: Жақсы балалар, бүгінгі сабағымызға қатысқандарыңа көп рахмет. Сау болыңдар!

ТАБИҒИ РЕСУРС ТҮРЛЕРІ



К.Т. ЖУМАБАЕВА
№3 Хромтау орта мектеп

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.3.1. тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу 9.4.5.1. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра алады. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдана алады.
	Көпшілік оқушылар: тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра отырып, талдай алады
	Кейбір оқушылар: тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға бере алады.
Бағалау критерийі	- Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырады; - Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты талдап, сыни тұрғыдан баға бере алады; - Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолланады.
Тілдік мақсаттар:	Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: <i>Табиғи ресурс, қоршаған орта, сарқылмайтын, сарқылатын, ауа массалары</i> Сыныптағы диалог/жазылым үшін тілдік бірліктер: <i>Біздің пікірімізше.....</i> <i>Себебі....</i> <i>Бұған дәлел.....</i> <i>Қорыта айтқанда....</i>










ҮЗДІК САБАҚ

Құндылықтарға баулу	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу	
Пәнаралық байланыс	География, экология	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Табиғи ресурс түрлері	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушы назарын сабаққа аудару.</p> <p>II. Психологиялық әзірлік. «Көңіл-күй гүлшоғыры» Оқушыларға түрлі-түсті гүлдер таратылады, өздеріне ұнаған гүлді құмыраға жабыстырады. Таңдаған түстері бойынша көңіл-күйлері анықталып, артында жасырынған сандар (1, 2, 3) бойынша топтарға бөлінеді.</p>	Түрлі түсті гүлдер, құмыра, жасырынған сандар
Сабақтың ортасы 5 мин	<p>I. СЖ. Тыңдалым алды тапсырма «Болжау» әдісі бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div> <ul style="list-style-type: none"> • Суреттерден не көріп тұрсыздар? • Барлық суреттерге ортақ қандай тақырып болуы мүмкін? <p>II. СЖ. Тыңдалым тапсырмасы.</p> <p>1. «Табиғат ресурстары мен қоршаған ортаға қамқорлық» тақырыбында видео көрсетіледі. (визуалды тыңдалым)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтінде не туралы айтылады? • Адам мен табиғат арасындағы қарым қатынас неге мәңгілік? <p>2. ТЖ. Мәтінді талдау. I топ. КӘМҚ кестесі (SWOT)</p>	<p>Суреттер https://bilimland.kz/kk</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=7NGMzQg-d4Y</p> <p>МАН ,28-бет</p> <p>2 күн №3 үлестірме материал</p>
5 мин		

ҮЗДІК САБАҚ

	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%; padding: 5px;"> Күшті Табиғи ресурс-баға жетпес байлық </td> <td style="width: 50%; padding: 5px;"> Әлсіз Адамдардың табиғатқа немқұрайлы қарауы </td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px;"> Мүмкіндіктер Экология мәселесіне жанашырлық танытуда қарапайым ережелерді сақтау (қоқыс қалдықтарын қайта өңдеу) </td> <td style="padding: 5px;"> Қауіп Су қоры көлемінің азайып бара жатқандығы </td> </tr> </table>	Күшті Табиғи ресурс-баға жетпес байлық	Әлсіз Адамдардың табиғатқа немқұрайлы қарауы	Мүмкіндіктер Экология мәселесіне жанашырлық танытуда қарапайым ережелерді сақтау (қоқыс қалдықтарын қайта өңдеу)	Қауіп Су қоры көлемінің азайып бара жатқандығы	А3 Ф қағаз, түрлі-түсті маркерлер				
Күшті Табиғи ресурс-баға жетпес байлық	Әлсіз Адамдардың табиғатқа немқұрайлы қарауы									
Мүмкіндіктер Экология мәселесіне жанашырлық танытуда қарапайым ережелерді сақтау (қоқыс қалдықтарын қайта өңдеу)	Қауіп Су қоры көлемінің азайып бара жатқандығы									
7 мин	II топ. INSERT кестесі.									
5 мин	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; text-align: center;"> <tr> <td style="padding: 5px;">Білемін W</td> <td style="padding: 5px;">Жаңалық +</td> <td style="padding: 5px;">Білмеймін -</td> <td style="padding: 5px;">Білгім келеді ?</td> </tr> <tr> <td style="height: 30px;"></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білемін W	Жаңалық +	Білмеймін -	Білгім келеді ?					Алақан  Үш саусақ  Жұдырық 
Білемін W	Жаңалық +	Білмеймін -	Білгім келеді ?							
5 мин	III топ. КАСТ кестесі. Мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра отырып, өзіндік баға бер. Құрмалас сөйлемдерді қолдан. <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; margin-top: 10px;"> <tr> <td style="padding: 5px;">Көзқарас</td> <td style="width: 50px;"></td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px;">Аргумент</td> <td></td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px;">Себеп</td> <td></td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px;">Тұжырым</td> <td></td> </tr> </table> <p style="margin-top: 10px;">Дескриптор Білім алушы: - Мәтінді мұқият тыңдайды; - Ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырады; - Тыңдалған мәліметтерді кесте бойынша талдайды; Құрмалас сөйлемдерді қолданады.</p> <p>ҚБ. «Жұдырық- алақан» әдісі бойынша өзіндік бағалау. (Толық түсінсе- алақандарын ашады, жартылай түсінсе- үш саусақтарын көрсетеді, түсінбесе -жұдырықтарын түйеді)</p> <p>3. ЖЖ. «Үштік» әдісі Тыңдалым мәтіні бойынша негізгі ойды 2 не 3 құрмалас сөйлем түрінде түйіндеп жазу. Құрмалас сөйлемдердегі ойдың аражігін ажыратушы тыныс белгілерін түсіндіру. Дескриптор Білім алушы: - Ойды құрмалас сөйлеммен білдіре алады; - Тыныс белгілерін ережеге сай қолдана алады.</p> <p>ҚБ «Сұрақты қағып ал» әдісімен мұғалімнің бағалауы Мұғалім қапшықты кезекпен топтарға лақтырады.</p> <p>4. ТЖ I топ. «Сарқылмайтын ресурстар» кластер құру II топ. «Сарқылатын ресурстар» ассоциация құру III топ. «Венн диаграммасы» бойынша ресурс түрлерін салыстыру</p>	Көзқарас		Аргумент		Себеп		Тұжырым		Қазақ тілі оқулығы 9 класс «Атамұра» баспасы А3 Ф, маркерлер 3 күн №6 үлестірме материал Бұршақ салынған қапшық «СТО білім үдерісінде» ОӘҚ Ақтөбе 2012 ж А 3 Ф қағаз, түрлі түсті маркерлер
Көзқарас										
Аргумент										
Себеп										
Тұжырым										

ҮЗДІК САБАҚ

	<p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - Табиғи ресурс түрлерін анықтай алады; - Ресурс түрлеріне салыстыру жасай ала <p>ҚБ. «Күншуақ»</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td data-bbox="435 392 687 566"></td> <td data-bbox="695 392 948 566"></td> <td data-bbox="956 392 1190 566"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="435 568 687 607">толық түсіндім</td> <td data-bbox="695 568 948 607">жартылай түсіндім</td> <td data-bbox="956 568 1190 607">түсінбедім</td> </tr> </table>				толық түсіндім	жартылай түсіндім	түсінбедім	
								
толық түсіндім	жартылай түсіндім	түсінбедім						
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p> <p>Үйге тапсырма 1 мин</p> <p>Рефлексия 2 мин</p>	<p>ІІІ. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма</p> <p>С. «5-5-1» әдісі</p> <p>Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Өздерінің жазған түйінді сөздерін бүкіл сыныппен бөліседі.</p> <p>Тақырыпқа қатысты 3 құрмалас сөйлем жазып келу.</p> <p>«Шығу парағы» толтыру</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бүгін не үйрендің? • Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар? • Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек? 	<p>4 күн №5 үлестірме материал</p> <p>Қазақ тілі оқулығы 9 класс «Атамұра» баспасы</p>						
<p>Қосымша ақпарат</p>								
<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс(тәрбие элементі)</p>						
<p>Сабақты жоспарлау кезеңдері мақсатты саралау бойынша оқушылардың барлығымен басталып, көпшілігі мен кейбір оқушылар үшін тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталады. Тыңдалым алды тапсырмасында «Болжау» әдісі арқылы оқушылар диалог негізінде сындарлы кері байланысқа түседі. Визуалды тыңдалым тапсырмалары әр топқа «SWOT», «INSERT», «КАСТ» кестелері арқылы беріліп, тапсырма бойынша саралау барысында бастапқы тапсырмалар қабілетті оқушылар үшін жеңіл болғанымен, кейбір оқушыларға қиындық туғызып, олардың топ ішінде көмек алуына мүмкіндік береді. Сабақта қолданылатын «Үштік» әдіс, топтық жұмыс кезеңдерінде оқушылар мұғалім тарапынан қарым-қатынас формалары бойынша сараланады.</p>	<p>Оқудағы қажеттіліктерді анықтап, оқушының алға ілгерілеуі мен материалды игеруіне қалыптастырушы бағалау түрлері өте маңызды. «Жұдырық-алақан» әдісінде (өзара бағалау) оқушылардың тыңдалым материалын қолдана отырып, әр топтың сабақты ұғу деңгейлері бағаланады.</p> <p>«Сұрақты қағып ал» әдісінде (мұғалімнің бағалауы) оқушылардың тілдік бағдарды қаншалықты меңгергендіктері тексеріледі.</p> <p>«Күншуақ» (өзін-өзі бағалау) әдісінде өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 суреттің (күн, күн мен бұлт, бұлт) бірін таңдап тақырыпты қалай түсінгендерін айтады.</p>	<p>География, экология Белсенді жұмыс түрлерін өткізуде қауіпсіздік техникасы сақталады. Оқушылар сабақ барысында өздерінің дағдыларын дамытуда АКТ- ны қолдана алады. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде патриоттық құндылықтарға тәрбиелеу</p>						

ҮЗДІК САБАҚ


Жұптық және топтық жұмыстарда қабілеті орта оқушылар деңгейі жоғары оқушылармен ынтымақтастық байланысқа түсіп, қабілеттеріне байланысты қолдау көрсетіледі.		
Сабақ бойынша рефлексия	Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.	





БЕЙБІТШІЛІК – ЖАҒАНДЫҚ ДАМУ КЕПІЛІ

Ж. ИСМАГУЛОВА
Хромтау қаласы. №3 орта мектеп

Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Тақырыпты болжайды, мәтінді түсінеді көтерілген мәселеге қатысты талқылау сұрақтарын құрастырады. Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі, қолданады; Көпшілік оқушылар: Берілген мәтіннің мақсат-міндеттерін анықтайды. Кейбір оқушылар: Талданған сұрақтарға қатысты өз көзқарастарын білдіреді.
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> • Қарым-қатынасты анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырады, мәтіндегі көтерілген мәселеге қатысты өз көзқарастарын білдіреді • Берілген мәтіннің мақсат-міндеттерін анықтайды; • Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі, қолданады;
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: экстремизм, лаңкес, шегара, экология, конференция. Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: Менің ойымша..., ойымды қорытындылай келе..., ең бастысы... .
Құндылықтарға баулу	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімге баулу, тәрбиелеу
Пәнаралық байланыс	АҚҚ, тарих
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Бейбітшілік- жаһандық даму кепілі

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезендері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	Ұйымдастыру бөлімі (сәлемдесу, түгендеу) Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Мен бейбіт өмірді қалаймын, себебі...» тренингі Топқа бөлу. Оқушыларды сабақ тақырыбына байланысты төрт топқа бөлемін. (Татулық, бірлік, ынтымақ, бейбітшілік) «Ой шақыру» Оқушыларға «Біздің болашағымыз бейбітшілік» тақырыбында бейне жазба көрсетіледі. Көрсетілген бейне жазба арқылы тақырыпты болжайды.	 https://www.youtube.com/watch?v=jD0OMPLa5wY

	<p>Ширату жаттығуы. «Қағаздағы сұрақтар» тәсілі арқылы алдыңғы білім пысықталады. Әрқайсысы қағаз қиындысына өзі білгісі келген немесе өзі жауап бергісі келген сұрақтарды жазып, қалташаға салады. Араластырылған сұрақтар еркін түрде қатысушыларға таратылып беріледі. Әркім өзіне түскен сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Кеспе қағаздар</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>3 минут</p> <p>15 минут</p> <p>5 минут</p> <p>5 минут</p>	<p>1. Оқылым алды. СЖ. «Ассоциативті қатар»</p>  <p>Оқушыларға тақырып беріледі, берілген тақырып бойынша мәтінді оқыған кезде ойларына не келетінін ассоциативті қатар арқылы көрсетеді. Сынып болып талқыға салады.</p> <p>2. Оқылым кезі. ЖЖ. ТЖ. «Джигсо» әдісі Көлемді мәтінді төрт бөлікке бөлемін, оқушыларды төрт адамдық шағын топтарға бөліп, 1 – ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан соң топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар тобы құралады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады. Мәтіннің бірінші бөлігін оқыған оқушы бірінші топқа келеді. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топта талқылайды. Жұп болып өздеріне берілген мәтіннен талқылау сұрақтарын құрастырады топ болып сұрақтарға ойларын білдіреді.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтінді мұқият оқи алады; - Мәтіннің мазмұнын түсіне алады; - Мәтіннен талқылау сұрақтарын құрастыра алады; - Құрастырған сұрақтарына ойларын білдіре алады. <p>ҚБ: Топ аралық бағалау. «Бір тамшы ой» әдісі (ауызша коментарий) Оқылымнан кейін. ТЖ «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі Топтар өздеріне берілген мәтінбөліктерінен ұйымдардың мақсат-міндеттерін анықтап, постер қорғайды.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтінді топта талқылай алады; - Мәтін бойынша ұйымның мақсат-міндеттерін анықтап, постер қорғай алады <p>ҚБ: «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі. Өзара бағалау «Сыңарын тап» әдісі. СЖ. Құрмалас сөйлемдердің сыңарын тауып, түрін анықтайды.</p>	<p>МАН 5-үлестірме</p>  <p>*Жұптық жұмыс</p> <p>50 әдіс</p> <p>Қазақ тілі. Оқулық «Атамұра» 2019 ж.</p>  <p>ЕКІ ЖҮЛДЫЗ БІР ТІЛЕК</p> <p>8 күн, 9 үлестірме</p> 

	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="467 248 794 434">Жалма-жан от жағылып еді, үй еңсесі көтеріліп,</td> <td data-bbox="794 248 1129 434">Көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="467 434 794 510">Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп,</td> <td data-bbox="794 434 1129 510">Туырлықтың оюлары көзге шалынды.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="467 510 794 616">Осындай қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса</td> <td data-bbox="794 510 1129 616">Жарқын жаңа мәдениет жасау мүмкін емес.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="467 616 794 757">Өткен мәдениеттегі өміршең атаулының барлығы бойға дарытып алмай</td> <td data-bbox="794 616 1129 757">Қосалқы мұғалім жолдаумен ілігіп келеді.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="467 757 794 864">Өзгелері қос атпен тартқанды</td> <td data-bbox="794 757 1129 864">Ол көптің бірі боп біз қандай оп-онай араласып кетер едік.</td> </tr> </table>	Жалма-жан от жағылып еді, үй еңсесі көтеріліп,	Көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.	Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп,	Туырлықтың оюлары көзге шалынды.	Осындай қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса	Жарқын жаңа мәдениет жасау мүмкін емес.	Өткен мәдениеттегі өміршең атаулының барлығы бойға дарытып алмай	Қосалқы мұғалім жолдаумен ілігіп келеді.	Өзгелері қос атпен тартқанды	Ол көптің бірі боп біз қандай оп-онай араласып кетер едік.	
Жалма-жан от жағылып еді, үй еңсесі көтеріліп,	Көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.											
Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп,	Туырлықтың оюлары көзге шалынды.											
Осындай қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса	Жарқын жаңа мәдениет жасау мүмкін емес.											
Өткен мәдениеттегі өміршең атаулының барлығы бойға дарытып алмай	Қосалқы мұғалім жолдаумен ілігіп келеді.											
Өзгелері қос атпен тартқанды	Ол көптің бірі боп біз қандай оп-онай араласып кетер едік.											
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p> <p>Үйге тапсырма Рефлексия</p>	<p>Сабақты қорытындылау Ж. «Төрт сөйлем» әдісі <i>Пікір.</i> Мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар. <i>Дәлел.</i> Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер. <i>Мысал.</i> Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер. <i>Қорытынды.</i> Мәтін мазмұны бойынша қорытынды шығарыңдар. 8-тапсырма. «Бейбітшілікті сүю – барлық адамзаттың парызы» деген тақырыпта эссе жаз.</p> <p>«Шығу парағы» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бүгін сабақ ұнады ма? - Сабақта не қиын болды? - Сабақта не ерекше әсер етті? - Бүгін сабақтан не үйрендің? 											



ЕТІСТІК

Г.К. КАЛДЫГУЛОВА
№3 Алға қазақ орта мектебі
Бастауыш класс мұғалімі
Ақтөбе облысы, Алға қаласы

Сабақтың мақсаты:

1) СТО технологиясы арқылы етістік тақырыбы бойынша оқушылардың білімдерін кеңейту, тақырыпты толығымен талдап, мазмұнының ашу.

2) Етістік тақырыбы арқылы оқушылардың шығармашылық сөздік қорын молайту, оқушылардың жек өзіндік ойлау қабілеттерін дамыту, ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру.

3) Оқушыларды ұйымшылдыққа, тәртіптілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижесі:

- Оқушылар сабақтың құрылысын нақты білуі тиіс;

- Тақырып бойынша оқушылардың түсінуі;

- Сұрақтарды талқылауға қатыса алады;

- Жоғарырақ деңгейдегі сұрақтарға жауап бере алады.

Сабақтың түрі: Дәстүрден тыс, СТО технологиясын қолдану

Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгерту.

Сабақтың әдістері: «Шаттық шеңбері», «Ой толғаным», талдау, жинақтау, «Кластер» әдісі, «Ақылды үкілер» әдісі, «Алты ой қалпағы», «Бинго» ойыны, «Кездейсоқтық» ойыны, «Сұхбат алу» ойыны, «Жүректен-жүрекке» т.б.

Сабақтың көрнекілігі: Инерактивті тақта, Слайдтар, суреттер, түрлі-түсті қалпақтар, смайликтер, микрофон, қатты қағаздан жасалған тұрмыстық заттар, стиклер т.б.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: «Шаттық шеңбері»

Сәлем арайлы күн!

Сәлем менің достарым!

Сәттілікпен бастайық!

Сабағымызды біз бүгін!

Үй тапсырмасын тексеру

«Менің оқу құралдарым» тақырыбына әңгіме құрау.

Бекіту жаттығулары: «Бинго» ойыны арқылы жүргізіледі.

Сұрақтарға жауап алу.

- Сөз таптары нешеге бөлінеді?

- Зат есім деген не?

- Зат есімнің қандай сұрақтарын білесіңдер?

- Жалқы есім деген не?

- Жалпы есім деген не?

- Зат есімнің жекеше түрі деген не?

- Зат есімнің көпше түрі деген не?

«Жаңа сабақ кезеңі»

«Қызығушылықты ояту». Көңіл-күйлерің қандай?

Егер көңіл-күйлерің жабырқаулы болса, жұдырығымызды жұмып, бұлтты көрсетеміз, ал егер көтеріңкі болса, алақанымызды ашып, күнді көрсетеміз.

- Біз қолымызбен не істедік?

- Қолымызды аштық, жұмдық, яғни іс-қимыл жасадық.

- Балалар күнделікті өмірде біз сан қилы әрекеттер жасаймыз, яғни қимыл-қозғалыссыз өмір сүре алмаймыз.

Актуализация

Келді, көктеді, күтті, күлімдеді

- Балалар, осы сөздер қандай сұраққа жауап береді? (Не істеді, Не қылды? Қайтті?)

- Не істеді? Не қылды? Қайтті? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер заттың несін білдіреді? (Қимылын, іс-әрекетін)

- Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы қалай аталады? (Етістік)

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы - Етістік.

Сабақта біз етістік туралы білімдерімізді жалғастырамыз.

Топқа бөлу

1 топ - «Табамын» 2 топ - «Іздеймін» 3 топ-«Ойланамын»

Әр топ Алты ой қалпағының түсін тандайды,соған сәйкес өз тапсырмасын тандауға ұсыныс жасайды:

Қара қалпақ - «қарсы» ұстаным

Қызыл қалпақ - «көңіл-күй» ұстанымы

Жасыл қалпақ - «шығармашыл» ұстаным

Дәптермен жұмыс.

Күн жадын жазу Бейнесөзбен жұмыс «Етістік» Е, ет, тіс, етік.

Терме диктант: Осы сөздерге қатысты сөйлемдер оқимын,оқушылар етістіктерді теріп жазады.

Аспаз ет тамақ пісірді.

Аянның тісі ауырды.

Ағам етікті тазалады.

«Ой толғаным». Суретпен жұмыс Слайдтарға назар аударамыз.

- Суретте не бейнеленген?

- Адамдардың іс-қимылы қандай? Суретке қарап балалардың, әженің не істеп жатқанын білдіретін қимыл атауын атап, қандай сұраққа жауап беретінін анықтау.

Оқулықпен жұмыс. Жұмбақтарды шешу:

Жазда қыдырады, қыста тынығады. (Су)

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады. (Күн)

Тапсырмасы: Жұмбақтардың шешуін тауып, сөйлем құрау.

Сұрақтар қойып, зат есім мен етістікті табу Су ағады. Не ағады? Су. Су не істеді? Ағады. Күн шықты. Не шықты? Күн. Күн не істеді? Шықты.

Логикалық ойлауға жетелеу

«Не істеді?» Ойынының шарты: Қатты қағаздан жасалған заттар арқылы көрсетілген іс-қимылдарға сұрақтар қою.

Тақтамен жұмыс

32-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді пайдаланып, қойып жаз.

Тоғайда түрлі аңдар (болады). Терең шатқалда қояндар (жасырынады). Қызыл түлкілер тоғайда (жүреді). Тиіндер ағаштан ағашқа (секіреді).

«Сұхбат алу ойыны» арқылы жүргізіледі:

Шарты:

Сұхбат-радио. теледидар арқылы да қойылуы мүмкін.

Репортер-сұрақ беруші.

Респондент-сұхбат беруші. Балалар микрофонда батыл жауап беруі тиіс. Сұхбат алушы сұрақтарын қоя бастайды.

Ойын нұсқалары: Мұғалім оқушыдан сұхбат алады; Балалар бір-бірінен сұхбат алады;

«Сергіту сәті»

«Қалай дыбыстайды?» ойыны. Жан-жануарлардың суреттері дыбыстарымен қоса беріледі. Олардың қалай дыбыстайтынын айтып, етістікті табу.

Мысалы: Ешкі маңырайды. Ит үреді. Сиыр мөңірейді. Қарға қаңқылдайды.

(Қоян, аю, жылан, жорға ат, бүркіт, ау тарту, балық аулау) Қимылмен көрсету

Қоян қайтеді? Қоян секіреді.

Аю қайтеді? Аю қорбандайды.

Жылан ше? Жылан ирелеңдейді.

Бүркіт ше? Бүркіт аспанда қалықтап ұшады.

Топпен жұмыс. 33-жаттығу

«Ақылды үкілер» әдісі арқылы орындалады.

Шарты: Берілген етістіктерге қатыстырып сөйлемдерді құрау кезіндегі негізгі басты ойды бейнелі сурет түрінде беруге тырысу керек .

Қонды, жауды, тасыды, жүзді.

Шығармашылық жұмыс.

Топқа тапсырма: Өлең құрау, етістіктерді тауып 2 сызықпен сызу.

Атам жылқы бағады,

----- шабады.

----- сауады,

----- қағады.

34-жаттығу. «Кездейсоқтық» ойыны

Ойынның шарты: Бұл әдісті барабан немесе сүйек айналдыру, тиын лақтыру, жеребе тастау, тіпті ұшақ ұшыру т.б арқылы да жүргізуге болады. Кімге тисе, сол жауап береді. Жауап алу кездесек таңдау арқылы өтеді. Мұғалім сөздер оқиды, сол берілген сөздердің ішінен етістікті тауып, олардың етістік екенін дәлелдеу.

Үлгі сөздер тізбегі: Көгершін, жасыл, жинады, алғыс, сөйлесті, ертең, айтты, ою, байлады.

Сабақты қорытындылау.

Оқушылардың бүгінгі өтен тақырып бойынша алған білімдерін

«Кластер құру» әдісі арқылы түйіндеу.

Бұл әдістің маңызы-тақырып бойынша оқушы білімін жүйелеуде.

Кластер-материалды сызба түрінде беру. Аудармасы түйін, шоқ жұлдыз деген мағынаны білдіреді. Оқушылар ойын еркін ашық тірде қағаздың ортасына негізгі кілт сөзді жазып, сол сөзден жан-жаққа бағыттаушы сызықтар өрбітеді. Бұл сызықтар келесі сөзбен байланысып, ары қарай жалғаса береді.

Негізгі кілт сөздер – Зат есім, Сын есім және Етістік.

Үйге тапсырма беру

35-жаттығу. «Білім керек бәріне» тақырыбына әңгіме құра.

«Бағалау кезеңі».

- Бүгінгі сабақтың бағасы жинаған смайликтер санына байланысты болады. Сондықтан ұпайларды санайық!

«5»-9-10 ұпай

«4»-7-8 ұпай

«3»-4-6 ұпай

«Жүректен-жүрекке»

Бір-бірімізге шын жүрегімізбен жақсы сөздерімізді айту арқылы тілектерімізді білдірейік!

– Сабақ аяқталды, сау болыңыздар!



ПРИРОДА ЗИМОЙ

С.К. КАУМЕНОВА

Мартукская школа-гимназия №2

Цели обучения:	
5.1.3.1 - понимать основное содержание произведений фольклора и литературы/фрагментов, содержащих знакомые лексические и грамматические единицы, определять тему;	
5.1.4.1 - определять основную мысль текста на основе вопросов;	
3.1- соблюдать орфоэпические нормы;	
5.3.1.1 - понимать общее содержание текста, определяя ключевые слова и словосочетания;	
5.4.1.1 - создавать тексты, используя элементы разговорного и художественного стилей;	
5.5.1.2 - использовать существительные и прилагательные, правильно согласовывая по роду, числу и падежу	
Предполагаемый результат	Все учащиеся смогут:
	отличить предложения от связного текста; сравнивать тексты; правильно употреблять существительные с прилагательными; передавать события, соблюдая последовательность; находить в предложении прилагательные и записывать их;
	Большинство учащихся смогут: определить тему предложенных текстов и сформировать основную мысль; согласовывать имена прилагательные с именами существительными ; составлять постер на заданную тему;
	Некоторые учащиеся смогут: найти ключевые слова в тексте и составлять «толстые вопросы» к тексту; найти в тексте художественно-изобразительные средства; найти репродукции картин, посвященных осенней или зимней природе, русских и казахстанских художников, используя интернет-ресурсы;
Языковая цель	Полиязычие: Текст - мәтін; <i>буря бушевала</i> - здесь: была сильная буря; <i>рассвет</i> - тан, рауан; <i>пруд</i> - тоған; <i>запоздалый</i> - слишком поздний <i>вереницей</i> - здесь: летят друг за другом цепью; Тема-тақырып Основные термины и словосочетания: <i>Заголовок</i> - название; <i>Основная мысль</i> - главная мысль; <i>Ключевые слова</i> - опорные слова; <i>Поздний, поздно, опоздать, опаздывать, опоздание; мороз, морозец, морозный, морозно, мороженный, мороженое, заморозить, обморозить, отморозить.</i>
Цель урока:	Дать понятия о тексте, заголовке, ключевых словах, о составлении плана продолжать знакомить учащихся с произведениями поэтов и писателей, посвященными осени.
Привитие ценностей	Ценности, основанные на любви к природе и эстетического восприятия окружающей среды
Межпредметные связи	Взаимосвязь с предметами: русская литература, казахский язык, ИЗО.
Навыки использования ИКТ	Использование интерактивной доски
Предварительные знания	Учащиеся имеют представление об устной и письменной форме речи.
Ход урока	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
<p>Начало урока</p>	<p>I. Организационный момент. Психологический настрой. Прозвенел звонок веселый. Мы начать урок готовы. Будем слушать, рассуждать, И друг другу помогать. Учитель приветствует учащихся на трех языках: казахском, русском, английском.</p> <p>II. Актуализация знаний. (К,И) Материал для самостоятельных наблюдений. Учитель предлагает прочитать и сравнивать два текста о белке. Скажите, чем они отличаются? В каком из них предложения связаны по смыслу? Г. Каждой группе дается задание. Прочитайте пример, данный в правой колонке. Докажите, что он является текстом. Определите его тему и сформулируйте основную мысль. Какие ключевые слова помогли вам? Пронумеруйте предложения. Можно ли поменять их местами? (Деятельность учащихся) Г. Каждая группа выполняет свое задание: 1 группа определяет какой из текстов являются текстом, а какой предложениями, доказывая свою точку зрения; 2 группа озаглавит оба текста. 3 группа выделяет опорные слова и словосочетаний.</p>	<p>Компьютер.</p> <p>Учебник</p>
<p>Середина урока</p>	<p>III. Изучение нового материала. Сравнительный анализ художественных текстов, данных в учебнике. К. Прочитайте текст и определите его основную мысль. Найдите предложение, которое не соответствует заголовку и основной мысли этого текста. Прочитайте текст без этого предложения. Прочитайте стихотворение Е. Трутневой. Определите его тему и основную мысль. Как бы вы озаглавили его? Найдите и выпишите ключевые слова, которые важны для раскрытия основной мысли. И. Игра «Кто быстрее ответит?». Учитель предлагает поиграть игру «Кто быстрее ответит?» Ознакомление с теоретическим материалом. Учитель обращает внимание учащихся на теоретические сведения тексте, заголовке и структуре плана. Учащиеся читают термины, данные на полях учебника, при этом акцентируется внимание на постановку в них ударения. Физкультурная минутка IV. Закрепление изученного материала. К. Литературный диктант. К. Прочитайте. Обратите внимание на заголовок. Объясните значение слова проказы. Закончите последнее предложение текста. Запишите текст полностью. А как у К. Д. Ушинского заканчивается эта сказка?</p>	<p>Учебник. Часть 1.</p> <p>Стр 18</p> <p>Стр. 18 Физкультурная минутка. По дорожке, по дорожке По дорожке, по дорожке Скачем мы на правой ножке. <i>(Подскоки на правой ноге.)</i> И по этой же дорожке Скачем мы на левой ножке. <i>(Подскоки на левой ноге.)</i> По тропинке побежим, До лужайки добежим. <i>(Бег на месте.)</i> На лужайке, на лужайке Мы попрыгаем,</p>

	<p>И. Дополнить кластер. Учитель предлагает дополнить кластер, данный в учебнике, подходящими по смыслу прилагательными к слову «снег».</p> <p>Г. Отгадайте слово по его толкованию.</p> <p>П. Сравните два текста. Где ярче, точнее рисуется картина, передается настроение? Какие слова помогают это сделать? Работа над текстами о снежинках.</p>	<p>как зайки. (<i>Прыжки на месте на обеих ногах.</i>) Стоп. Немного отдохнем.</p>
Конец урока	<p>Анализ, оценка и интерпретация полученной информации.</p> <p>Выполнение задания на анализ, синтез и оценку полученной лингвистической информации «Укажите верные и неверные ответы».</p> <p>Составление синквейна к слову «зима»</p> <p>Для самостоятельного изучения предлагается «УС».</p>	Учебник. Часть 1.

Ғ ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРШ

А. МАДИНАШ
«Kinder joy» МДҰ-нің тәрбиешісі
Ақтөбе қаласы

Мақсаты:

Білімділік: Буындарды оқу: ҒА, ҒҮ, ҒЫ, ҒО, ҒӘ, сөздерді оқу: АҒА, ҒАРЫШ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру. Ғ дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Балалардың ғ дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Дамытушылық: Балаларды сауатты, мәнерлі, сөйлеуге баулу. Шығармашылықпен жұмыс істеуге ықпал ету, ойлау шеберлігі мен сөйлеу мәдениетін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды өнерге, білімге деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды орталықтарға бөле отырып, топта жұмыс істеуге үйрету, ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: кеспе әріптер мен буындар, жұлдыз, зымыран мен ғаламшарлардың суреттері, дидактикалық материалдар.

І. ҰОҚ барысы:

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Біз өзіміздің ізеттілігімізді білдіріп, сәлемдесіп алайық. Үш тілде амандасу.

Шаттық шеңбері:

Сәлем бер адамдарға,
Аяулы апайларға
Ардақты ұл қыздарға
Бүлдіршін балаларға
Все мы в группе одна семья
Рады все и ты,и
Очень любим мы вместе быть
С добрым утром всем говорить
Good day,good day,
Good day,to you
Good day to sun,
Good day to new

II. Өткен сабақты бекіту.

Тәрбиеші: Өткен сабақта қандай дыбыспен таныстық?

Балалар: Н дыбысымен таныстық.

Тәрбиеші: Н дыбысы бар сөздерді айтайық.

Балалар: нан, ана, банан, анар т.б.

Әңгімелесу.

Тәрбиеші: - Балалар біз бүгін қызықты саяхатқа шығамыз. Айтыңдаршы біз қайда өмір сүреміз?

Балалар: Ғаламшарда

Тәрбиеші: Біз нені басып жүрміз?

Балалар: Жер

Тәрбиеші: Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар?

Балалар: аспан, ғарыш.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?

Балалар:Иә

Тәрбиеші: Сендерге ұнай ма? Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсындар жұлдыз деген не? Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсындар! Ал енді солардың арасында ең үлкен жұлдыз бар, ол қалай аталады?

Балалар: Күн

Тәрбиеші: Күн ол үлкен, жарқырап тұрған, ыстық шар. Ал ғарышта біз қандай заттарды кездестіруіміз мүмкін?

Спутниктер, кометалар, астероидтар мен метеориттер (суреттер көрсетіледі). Ал ғарышқа кімдер ұшады?

Балалар: ғарышкер

Тәрбиеші: Дұрыс, ғарышкерлер - Біздің ғарышкерлер: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ағаларымыз. Тоқтар Әубәкіров қазақтың тұңғыш ғарышкері. Талғат Мұсабаев – Тәуелсіз Қазақстаннан шыққан тұңғыш ғарышкері. Ал Айдын Айымбетов – ғарышты бағындырған Қазақстанның тұңғыш азаматы. Олар ғарышқа ұшып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл кісілер біздің еліміздің мақтаныштары. Олар – ержүрек, батыр, халық қаһармандары. Осы кісілер сияқты батыл, ержүрек болу үшін, білімді, тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек.

– Сендер де ғарышқа ұшқыларың келе ме?

– Олай болса, біздер бүгінгі сабақта ғарыш әлеміне саяхатқа шығып, қызықты тапсырмалар орындаймыз, яғни ғарышкерлер боламыз. Ғарышқа бару үшін, «Жұлдызды қалашықта» даярлықтан өтуіміз керек. Ол үшін бізге «Жұлдызды қалашық» мынадай тапсырма даярлаған екен. Тапсырма аты: «Жұмбақты дұрыс шеш».

Жұмбақ жасыру: *Көп әріп ішінде,-*

Шалғы пішінде.

Тап, мұны түсін де. (Ғ әрпі).

III. Жаңа сабақ

Ғ дыбысын айтқызу (әріп таңбасымен таныстыру). Кеспе әріптен ғ-ның бас әрпі мен кіші әрпі көрсетіледі.

– Ғ дыбысы қандай дыбыс екен?

– Неліктен дауыссыз?

– Қандай текшемен белгілейміз? (Ғ әрпін көк үйге апарып орналастыру).

– Өте жақсы, ғарышкерлер, сендер берілген тапсырманы жақсы орындадыңдар.

IV. Ғажайып сәт:

– Балалар, кәне, тексерейікші сендер ғарышқа ұшу үшін дайынсындар ма? (балалардың бұлшық еттерін тексереді) Жарайсындар балалар, енді біз қазір шынығып алайық.

– Орнымызда тұрамыз, қолдарымызды созамыз. Мен сендерге әрқайсына эмблема беремін. Сол эмблеманы таққан кезде ғарышқа ұшамыз. Дайынбыз ба? (монитордан зымыранның ұшуға дайындалып, ұшқан көрінісі көрсетіледі)

Ұшар кезде біз дұрыс дем алуымыз керек. Ол үшін қолымызды ішімізге қоямыз, ауаны мұрынмызбен жұтып, ауызымыздан шығарамыз. Ал енді ұшамыз. Ал міне керекті жерімізге де жеттік. (музыка ойналады).

– Ғарышқа да келдік. Біздің алдымызда аспан әлемі және ғаламшарлар.

Ғаламшарлардың біздерге даярлаған құпия тапсырмалары бар.

I - тапсырма. Суретке қарай отырып, торғай, ғарыш, қарға сөздеріне дыбыстық талдау жасау.

Торғай, ғарыш, қарға сөздеріндегі ғ дыбысының орнын түсіндіру.

II - тапсырма. Өткен дыбыстармен ғ дыбысын қатыстырып буын, сөздерді оқу.

ғ - а ға ға ға ға ға ға ға

а - ға аға аға аға аға аға

а - та а - та а - на а - ға а - па нан

Сергіту сәті: Аспан, аспан, арайлым,

Саған жиі қараймын.

Сенікөзбеншоламын,

Менғарышкерболамын.

III - тапсырма.

Дидактикалық ойын: «Естелік».

– Балалар, аспандағы жұлдыздар қандай тамаша! Жарқырап тұр. Сендерге ұнайма?

– Олай болса, өзімізге естелік ретінде ғаламшардан жұлдыздар алып кетейік, достарымызға көрсетеміз. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беріндер:

– Дыбыстар нешеге бөлінеді?

– Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?

– Дауыссыз дыбысты ше?

– А дыбысы қандай дыбыс?

– Ана сөзін буынға бөліндер.

– Н дыбысына сөз құрастырындар.

– Өте жақсы, сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер. Жұлдыздарымызды қалталарымызға салып алайық.

IV - тапсырма.

– Кәне, балалар, тілұстарту жаттығуларын жасап алайық:

1. – ер, - ер, - ер

Біз боламыз ғарышкер.

2. - ға, - ға, - ға

Біз ұштық Айға.

V - тапсырма.

Ғ әрпін жазу.

– Ғ әрпін ауада барлығымыз жазып көрелік.

ҮЗДІК САБАҚ

– Дәл ауада жазғандай, қазір дәптерден үлгіге қарап үзік сызықтарды қосып, ғ әрпін жазамыз.

Дәптермен жұмыс.

Дәптерден үлгіге қарап, үзік сызықтарды қосып, ғ әрпін жазу

VI - тапсырма.

«Дыбыстық талдау жасау»

– Барлық тапсырманы жақсы орындадық, енді тобымызға қайтуға жиналайық. Қане бәріміз бірге санайық: 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1. Кеттік.

– Балалар, сендердің білімдеріңнің арқасында, бүгінгі ғарышқа сапарымыз сәтті аяқталды. Сендерге көп - көп рахмет.

Оқу іс-әрекетін қорытындылау.

– Балалар, бүгін біз қайда саяхатқа шықтық?

– Қандай дыбыспен таныстық?

– Ғ дыбысы қандай дыбыс екен?



– Ғ дыбысына сөз ойлаңдар.




Балаларды мадақтау.

БАҚ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТТІҢ МӘДЕНИЕТІ

А. МАХМУДОВА
Хромтау №3 орта мектебі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.1.1 Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу 9.4.4.3 Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстырады, өңдейді; Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратады, түрлендіріп қолдана алады;	
	Көпшілік оқушылар: Графикалық мәтінді тұтас мәтінге, тұтас мәтінді графикалық мәтінге айналдыра алады;	
	Кейбір оқушылар: Сыни тұрғыда өз көзқарасын білдіре алады;	
Бағалау критерийі	- графикалық мәтінді тұтас мәтінге, тұтас мәтінді графикалық мәтінге айналдырады; - сабақтас құрмалас сөйлемдерді мәтіннен ажыратады, түрлендіріп қолданады; - тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстырады, өңдейді; - сыни тұрғыда өз көзқарасын білдіреді;	
Тілдік мақсаттар:	Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: БАҚ, теледидар Сыныптағы диалог/жазылым үшін тілдік бірліктер: Менің ойымша..., Менің түсінгенімше..., Менің ұсынысым...,	
Құндылықтарға баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, құндылығы негізінде білім алушылардың мәдени құндылықтары мен рухани дамуын қалыптастыру	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, тарих, журналистика, әлеуметтану.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Бұқаралық ақпарат құралдары	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі (сәлемдесу, түгелдеу)	

<p>3 минут</p> <p>5 минут</p>	<p>Психологиялық ахуал. «Өзі туралы кластер» тренинг Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы қажет. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос тағы басқалары.</p> <p>Топқа бөлу әдісі. «Мозайка» арқылы 3 топқа бөлу. Өткен тақырыпты қайталау мақсатында телевизия, радио, ғаламтордың суреттері беріледі. Оқушылар алдыңғы сабақта алған білімдерімен жаңа тақырыпты ықпалдастырады. I топ. Телевизия II топ. Радио III топ. Ғаламтор</p> <p>Ширату жаттығуы: «Конверт сұрақ» тәсілі арқылы үй тапсырмасын сұрау. 1. БАҚ дегеніміз не? 2. БАҚ қоғамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар? ҚБ «Бағдаршам»</p>	<p>A4 Ф Кеспе қағаздар</p> <p>Конверт</p> 										
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>2 минут</p> <p>15 минут</p>	<p>Оқылым алды тапсырмасы «Ашық микрофон» әдісі арқылы сабақ тақырыбын болжату 1. БАҚ-тың адам өміріне маңызы қандай? 2. БАҚ-тың қандай түрлерін білесіңдер? 1-тапсырма. Оқылым кезі тапсырмасы. Топтық жұмыс «Редактор» әдісі бойынша Графикалық мәтінді тұтас мәтінге, тұтас мәтінді графикалық мәтінге айналдыруда сабақтас құрмалас сөйлемдерді ажырату және түрлендіріп қолдану.</p> <table border="1" data-bbox="443 1200 1166 1720"> <tr> <td>Ғасырлар, Жылдар</td> <td>Журналистика мәдениетінің дамуы</td> </tr> <tr> <td>XIX ғасыр II жартысы</td> <td>Қазақ тіліне журналистика саласы орыс тілі арқылы еніп, белсенді дами бастады.</td> </tr> <tr> <td>XX ғасыр</td> <td>Фотография мен кинематографияның пайда болуына байланысты фото және кино журналистикаи дами бастады.</td> </tr> <tr> <td>XX ғасыр 40 жыл</td> <td>Тележурналистика дами бастады</td> </tr> <tr> <td>XX ғасыр 90 жыл</td> <td>Ақпарат тарату көлемі мен шапшаңдығы жөнінен журналистиканың басқа салалары әлдеқайда басым дами бастады.</td> </tr> </table> <p>Елбасы Н.Назарбаевтың төртінші медиафорумда сөйлеген сөзінде: Ғаламдық жаһандану арқылы адамзаттың алдынан жаңа постидеологиялық кезең ашылды. Оның бізге не берері бүгінгі ұрпақтың білім білігіне байланысты. Менің пайымдауымша, күллі әлем үшін ашық та айқын ақпарат таратуға негізделген жаңа заманға бастайтын жаһандану БАҚ-тарға қойылатын талапты күшейте түсті. Сондықтан олар өздерінің әрбір сөзі үшін моральдық жауапкершілікті терең сезінуі керек. Баспасөздің еркіндігі мен оның</p>	Ғасырлар, Жылдар	Журналистика мәдениетінің дамуы	XIX ғасыр II жартысы	Қазақ тіліне журналистика саласы орыс тілі арқылы еніп, белсенді дами бастады.	XX ғасыр	Фотография мен кинематографияның пайда болуына байланысты фото және кино журналистикаи дами бастады.	XX ғасыр 40 жыл	Тележурналистика дами бастады	XX ғасыр 90 жыл	Ақпарат тарату көлемі мен шапшаңдығы жөнінен журналистиканың басқа салалары әлдеқайда басым дами бастады.	 <p>https://defaultsearch.co/?q</p> <p>Қазақ тілі оқулығы 9-сынып «Атамұра» баспасы</p>
Ғасырлар, Жылдар	Журналистика мәдениетінің дамуы											
XIX ғасыр II жартысы	Қазақ тіліне журналистика саласы орыс тілі арқылы еніп, белсенді дами бастады.											
XX ғасыр	Фотография мен кинематографияның пайда болуына байланысты фото және кино журналистикаи дами бастады.											
XX ғасыр 40 жыл	Тележурналистика дами бастады											
XX ғасыр 90 жыл	Ақпарат тарату көлемі мен шапшаңдығы жөнінен журналистиканың басқа салалары әлдеқайда басым дами бастады.											

<p>8 минут</p>	<p>қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдікті таба білу-бүгінгі форумның ең басты мәселелерінің бірі болады деп есептеймін.</p> <p>Дескриптор. Білім алушы - графикалық мәтін мен тұтас мәтінді ажырата алады; - сабақтас құрмалас сөйлемдерді мәтіннен ажырата алады, түрлендіріп қолдана біледі;</p> <p>ҚБ «Сұрақты қағып ал»</p> <p>2-тапсырма. Оқылымнан кейін тапсырмасы. Жұптық жұмыс «Венн диаграммасы» әдісі арқылы екі мәтінді салыстырып қорытынды жасау.</p> <p>Графикалық мәтін Тұтас мәтін</p>  <p>Дескриптор. Білім алушы - Ұқсастығы мен айырмашылығын талдай алады; - Екі мәтінді салыстыруда сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіре алады;</p> <p>ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»</p>	<p>Үлестірмелі материал 13-күн</p>  <p>Bilimland.kz</p> 									
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 минут</p> <p>Үйге тапсырма</p> <p>Рефлексия</p> <p>2 минут</p>	<p>Сабақты қорытындылау «Сұхбат» стратегиясы Тақырып бойынша топтар бір-бірінен сұхбат алады.</p> <p>ҚБ Мұғалімнің ауызша кері байланысы.</p> <p>«Мен журналист болсам» тақырыбында сабақтас құрмалас сөйлемдерді қатыстыра отырып шығарма жазу</p> <p>«Плюс, минус, қызықты» әдісі арқылы рефлексия</p> <table border="1" data-bbox="469 1704 1201 1955"> <thead> <tr> <th>Плюс</th> <th>Минус</th> <th>Қызықты</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Сабақта барлығы ұнады:сабақ мазмұны, жұмыс түрлері</td> <td>Ұнамады, түсініксіз болып қалды</td> <td>Барлық деректер мен әдістер қызықты</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	Плюс	Минус	Қызықты	Сабақта барлығы ұнады:сабақ мазмұны, жұмыс түрлері	Ұнамады, түсініксіз болып қалды	Барлық деректер мен әдістер қызықты				<p>https://www.google.com</p> <p>https://www.google.com</p>
Плюс	Минус	Қызықты									
Сабақта барлығы ұнады:сабақ мазмұны, жұмыс түрлері	Ұнамады, түсініксіз болып қалды	Барлық деректер мен әдістер қызықты									


БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ НӘТИЖЕСІ КОУЧИНГ САБАҚ




Р.Ж. ОЖАНОВА

Алға мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы Алға қаласы

1	Жалпы мақсаты	Мұғалімдер оқушының оқуын ынталандыру үшін Блум таксономиясын қолданудың ролін түсіну. Блум таксономиясы негізінде оқу мақсаттарын қою мен оқу тапсырмаларын жобалау іс-әрекетін қалыптастыру
2	Оқу нәтижесі	Мұғалімдер Блум таксономиясы арқылы оқушылардың білім дағдыларын қалыптастыруға үйренеді. Коучинг өткізу барысында мұғалімдердің Блум таксономиясы бойынша оқу тапсырмаларын жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру; Блум таксономиясын түсіну үдерісіне мұғалімдерді кіріктіру; Игерген қабілеттері бойынша рефлексия ұйымдастыру
3	Негізгі идеялар	Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады Оқыту үдерісінде Блум таксономиясын қолданып оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға болады.
4	Оқыту әдістері	Сұрақ-жауап, түсіндіру әдісі, кері байланыс
5	Құрал - жабдықтар	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық ,интерактивті тақта,
6	Сабақта дидактикалық материалдар	Тренингтер, маркер, стикер (түрлі-түсті), тапсырмаларды орындауға қағаздар.
7	Дерек көздері	Әдістемелік нұсқаулық, мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Блум таксономиясы
8	Күтілетін нәтиже	Блум таксономиясы негізінде мақсаттар қою мен тапсырмалар дайындау дағдылары қалыптасады.
9	Табыс критерийлері	1. Блум таксономиясы тармақтарын ажырата білу. 2. Блум таксономиясы сұрақтарын қоя білу. 3. Блум таксономиясын пайдалана білу.

Сабақтың өту барысы

Бөлім	Уақыты	Мазмұны
Ұйымдастыру кезеңі Сабақтың басы 2 мин	5 минут	(Жақсы психологиялық ахуал орнату, топқа бөлу)  Б-ІЗ Т-АПҚЫР Қ-АЙРАТТЫ Т-АЛАПТЫ Ж-АЛЫНДЫ Б-ІЛІМДІМІЗ

		
Топқа бөлу	2 минут	«Қаздар» видеосы арқылы топқа бөлінеді: I топ: Білу, түсіну II топ: Қолдану, талдау III топ: Жинақтау, бағалау
Теориялық материалдар	3 минут	Білімді игеруге арналған 6 қадам туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Блум таксономиясы туралы мағұлмат беру
		
Сабақтың ортасы Топтық жұмыс	5 минут	Джигсо әдісі арқылы мағынаны тану Джигсо әдісі бойынша өз бетінше Блум таксономиясы туралы түсінік алады. Тақырыпты оқып түсінеді, ой түйеді
Топта талдау	5 мин	Мұғалімдер өз бетінше материалды меңгеріп тақырып туралы өз ойларын ортаға салады. Диалогты оқыту модулі жүреді. . Диалогтық оқытудың тиімділігін түсіне отырып, топпен жұмыс жасау арқылы бір- бірінің білімі мен идеясын қолдануға, бағалауға, талдауға және өз ұстанымдарын дәлелдеуге үйренеді.
Рефлексия Постер құрастыру, қорғау	18 мин	Әрбір топқа қызанақ пен қияр беріп түрлі әдіс-тәсілдер арқылы заттар жасап шығарып, қорғап шығару.Блум таксономиясының деңгейлері бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгілерін дайындау тапсырылады. Блум таксономиясын қолданып, постер құрып, көпшілікке қорғайды.
		

ҮЗДІК САБАҚ



Сергіту сәті		«Бірге билеп көрейік!»
ҚБ. «2 жұлдыз, 1 ұсыныс» әдісі		(- жағымды әсерін айтады (- ұнаған жайттарды айтады (- ұсыныс немесе бір жақсы тілек
Рефлексия Сабақтың соңы: «Гүлзар бағы» түрлі түстегі гүлдерге тілектерін жазып, баққа отырғызу.	3 мин	Коучинг несімен құнды болды? Бұл білімнің маған қандай пайдасы бар? Ол қаншалықты маңызды және қажетті? Коучинг сізге ұнады ма? Несімен ұнады? Ұнамаған жері болды ма? Сіз осы коучингті қалай ұйымдастырар едіңіз? Кері байланыс береді ауызша Коучингтен алған білімдері..

Т.АЙБЕРГЕНОВ «САҒЫНЫШ»


Ф.Ж. РАХМЕТОВА

Хромтау қаласының №5 мектеп-гимназиясы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.2.1. Әдеби шығармадағы психологизмді анықтау	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: Әдеби шығармадағы психологизмді анықтайды</p> <p>Көпшілік оқушылар: Әдеби шығармадағы психологизмді анықтай отырып, өмірмен байланыстыра алады</p> <p>Кейбір оқушылар: Әдеби шығарманың негізі тақырыбын анықтап, өлең жолдарынан психологизмді табады</p>	
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармадағы психологизмді анықтайды; - Өлең құрылысына талдайды; - Өлең құрылысына талдай отырып, өлең ішінен психологизмді табады - Өлеңнің негізгі идеясы мен тақырыбын анықтайды 	
Тілдік мақсаттар	Сағыныш, өлең құрылысы, троп, фигура	
Құндылықтарға баулу	Зайырлы қоғам және жоғары руханият аясында бір-бірін сыйлауға, ұйымшылдыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, музыка	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Т. Айбергенов шығармашылығы	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі (сәлемдесу, түгелдеу) Ширату жаттығуы.	https://ziatker.kz/docx/

	<p>«Мен сізді көргеніме қуаныштымын, себебі...» Топқа бөлу. «Мозайка әдісі» 1-топ: Сағыныш 2-топ: Ана 3-топ: Бір тойым бар Алдыңғы білім. «Конверттегі сұрақ» әдісі</p>																	
<p>Сабақтың ортасы 5 минут</p>	<p>I. «Миға шабуыл» әдісі 1. Психологизм туралы не білеміз? 2. Қазақ әдебиетіндегі тырнақалды психологиялық романды атаңыз? 3. Т.Айбергенов және қазақ поэзиясы? 4. Т.Айбергеновтің өлеңдері 1961 жылы қай жинақта жарық көрді? II. СЖ. «Пирамида» әдісі Оқушылар Т.Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңін аудиотаспадан тыңдайды. Тыңдап болғасын өлеңге сатылай кешенді талдау жұмысын жүргізеді.</p>	<p>50 әдіс</p>																
<p>8 минут</p>	<table border="1"> <tr> <td>Шығарма авторы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Тақырыбы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Жанр түрі</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Идеясы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Шумақ</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Бунақ саны</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Буын саны</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ұйқас түрі</td> <td></td> </tr> </table>	Шығарма авторы		Тақырыбы		Жанр түрі		Идеясы		Шумақ		Бунақ саны		Буын саны		Ұйқас түрі		 <p>http://shalkarfm.kz/kz/news/shalkar_sazy/</p>
Шығарма авторы																		
Тақырыбы																		
Жанр түрі																		
Идеясы																		
Шумақ																		
Бунақ саны																		
Буын саны																		
Ұйқас түрі																		
<p>10 минут</p>	<p>Дескриптор: Білім алушы - Өлең мазмұнын түсінеді. - Өлеңді тыңдай отырып өлеңге сатылай кешенді талдау жасай алады</p> <p>ҚБ. «Бірін-бірі бағалау» әдісі III. ТЖ. «Жүзіп шығу» әдісі 1. Оқушылар өз топтарына берілген тапсырма арқылы өз пікірін білдіреді. Топтардың айтқан ойларын тыңдай отырып келесі топқа сұрақ дайындайды. 1-топ: Өлеңді оқып, өлең оқушылар жолдарынан троп түрлерін тауып ажыратады 2-топ: Ақын өлеңдегі сағынышты өзің басыңнан кешкен сағынышыңмен салыстырып, пікірін өлең немесе қарасөз түрінде жазады 3-топ: Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтап, ақынның сағыныш сезімін және психологизмін талдайды</p> <p>Дескриптор: Білім алушы - Өлең жолдарындағы сағынышын өз сезімдерімен байланыстыра алады - Троп түрлерін ажыратады</p>	<p>www.google.kz/search?tbm=isch&sa=1&ei=vIm5XM PiMZKk_Qa-j5LACA&q=бірін+бірі+бағалау Bilimland Үлестірме материал 7-күн, 3-сабақ, 7-үлестірме Оқулық «Атамұра» баспасы 203-бет</p>																
<p>7 минут</p>	<p>ҚБ. «Бағдаршам» әдісі 2. ЖЖ. «Сұраққа жетіп ал» әдісі Өлеңдегі автор бейнесін және оның ішкі сезімін білдіретін сөздерді тауып, кестеге толтырады</p>	 <p>https://infourok.ru/zhaartilan-badarlama- Оқулық «Атамұра» баспасы 202-бет</p>																

ҮЗДІК САБАҚ

	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 33%;">Өлеңнен үзінді</td> <td style="width: 33%;">Автор сезімі</td> <td style="width: 33%;">Менің ойымша</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Өлеңнен үзінді	Автор сезімі	Менің ойымша										
Өлеңнен үзінді	Автор сезімі	Менің ойымша												
<p>Сабақтың соңы 3 минут</p> <p>Үйге тапсырма 2 минут</p>	<p>Сабақты қорытындылау. Рефлексия</p> <p>«Рефлексиялық нысана» әдісі. Оқушылар бұл нысананы пайдалана отырып, нысана тұсына стикерлер жапсырады.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>«Менің сағыныш сезімім» атты сыни мақала жазу</p>	<p>Стикерлер</p>												

ТАБИҒИ РЕСУРСҚА НЕ ЖАТАДЫ?

М.Қ. САНСЫЗБАЕВА

Алматы қаласының №162 орта мектебі

9.1.2.1. Қоғамдық - саяси, әлеуметтік экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әр түрлі жанрдағы кең көлемдегі мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиториямен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау.

9.4.5.1. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелешуші, ойдың ара жігін ажырататын) ережеге сай қолдану

Барлық оқушылар: Қоғамдық - саяси, әлеуметтік экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әр түрлі жанрдағы кең көлемдегі мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиториямен көркемдегіш құралдардың рөлін талдайды.

Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қолданады.


Көпшілік оқушылар: Әр түрлі жанрдағы кең көлемдегі мәтіндерді (дәріс) талдай отырып, өзіндік ой тұжырымдайды.

Кейбір оқушылар: Әр түрлі жанрдағы кең көлемдегі мәтіндерді өмірмен байланыстырады.

- Қоғамдық - саяси, әлеуметтік экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әр түрлі жанрдағы кең көлемдегі мәтіндерді талдайды. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қолданады

- Әр түрлі жанрдағы кең көлемдегі мәтіндерді талдап, өзіндік ой тұжырымдайды

- Әр түрлі жанрдағы кең көлемдегі мәтіндерді өмірмен байланыстырады.

Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология Айдын шалқар, ақшағыл құм, аққулы теңіз	
Индустриаландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу	
Биология, география, әдебиет, музыка	
Табиғи ресурс түрлері	
Сабақтың барысы	
Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
«Гүлмен тілек» - оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және оқушы сыйға тартылған гүлдің астындағы сандар бойынша топқа бөлінеді.	Гүл, түрлі-түсті стикерлер
<p>2. Ширату жаттығуы «Сұрақты қағып ал» әдісімен алдыңғы білім пысықталады.</p> <p>I. СЖ.Тыңдалым алды тапсырма «Болжау» әдісі бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды.</p>  <ul style="list-style-type: none"> • Суреттерден не көріп тұрсыздар? • Қандай ой түйе болады? <p>Тыңдалым кезі: Ш. Сариевтің өлеңіне жазылған С. Бәйтерековтің «Аралым» әнін мәтін сөзіне мән бере отырып тыңдайды</p> <p>ТЖ 1-тапсырма. 1 топ – тыңдалған мәтіннің мақсаты мен аудиториясын анықтайды. 2 топ – тыңдалған мәтіннің жанрын анықтайды. 3-топ – тыңдалған мәтіндегі көркемдегіш құралдардың рөлін талдау жасайды.</p> <p>Дескриптор Білім алушы - мәтіннің мақсаты мен аудиториясын анықтай алады. - мәтіннің жанры мен көркемдегіш құралдарына талдау жасай алады.</p> <p>ҚБ: «Айналымы бекет» әдісі бойынша оқушылар өзара бағаланады.</p> <p>СЖ Тыңдалымнан кейінгі тапсырма РАФТ әдісі Роль-тілші Аудитория-жастар Форма-мақала Тақырып - «Табиғатқа тіл бітсе...»</p> <p>Дескриптор Білім алушы - Тыңдалған мәлімет бойынша өз ойын талдайды - Ұсынылған тақырып бойынша өз көзқарасын шығармашылық тұрғыдан көрсетеді.</p> <p>ҚБ «Ауызша комментарий» әдісімен өзара бағалау ТЖЗ - тапсырма: «Анықтамасын табу әдісі» 1 топ – берілген сөйлемдер мен олардың анықтамаларын сәйкестендіру 2 топ – «Тізбектен не түсіп қалған?» әдісі. Сөйлемнен алынып тасталған тыныс белгісін қою, ара жігін ажырату.</p>	<p>№2 ҮМ 13 күн</p> <p>https://kaztrk.kz/news/an-men-anshi/araldan-ushkan-akkular-gulnur-orazymbetova-video-63807</p> <p>8 күн. 9 ҮМ</p> <p>«СТО білім үдерісінде» ОӘҚ Ақтөбе 2012 ж</p> <p>МАН 14 күн, 3 ҮМ</p>

ҮЗДІК САБАҚ

<p>3 топ – ТӨДК әдісі – сөйлемнің басы беріледі, оқушылар сөйлемді толықтырып, өзгертіп, дамытып, күрделендіріп, құрмалас сөйлем құрайды.</p> <p>Дескриптор Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тілдік бағдарды өз бетінше меңгереді. - Құрмалас сөйлем түрлерін ажырата алады. Тыныс белгілерін ережеге сай қолданады. <p>ҚБ «Допты лақтыру» әдісі арқылы мұғалім бағалайды.</p>	
<p>«ПОПС» формуласы</p> <p>Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »</p> <p>Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »</p> <p>Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »</p> <p>Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім.</p> <p>10 тапсырма: Мәтіндегі әр абзац бойынша тезис жазу</p> <p>«Шығу парағы»</p>	<p>https://infourok.ru/aytilim-men-zhazilimda-pops-formulasin-oldanu-1854449.html</p> <p>Қазақ тілі оқулығы, 9 класс «Атамұра» баспасы</p>

Ғ.МҮСІРЕПОВ «ҰЛПАН» РОМАНЫ

Э. СМАГУЛОВА
Дөң орта мектебі

<p>9.1.3.1. Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау.</p>	
<p>Барлық оқушылар: Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтай алады</p>	
<p>Көпшілік оқушылар: Өз көзқарасын білдіре отырып, кейіпкерлер жүйесіне талдай алады.</p>	
<p>Кейбір оқушылар: Шығармадағы кейіпкерлерді сипаттап, бүгінгі өмірмен байланыстыра алады.</p>	
<ul style="list-style-type: none"> - Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды; - Өз көзқарасын білдіре отырып, кейіпкерлер жүйесіне талдайды. - Шығармадағы кейіпкерлерді сипаттап, бүгінгі өмірмен байланыстырады. 	
<p>Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: Барымта, Қалың мал, Қыз айттыру Жер дауы, Жесір дауы.</p>	
<p>Сыныптағы диалог/жазылым үшін тілдік бірліктер: менің ойымша, пікірімше, салыстырғанда, қорыта айтқанда.</p>	
<p>Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.</p>	
<p>Қазақ тілі, тарих, география.</p>	
<p>Ұлпан романының кейіпкерлерінің ерекшеліктері.</p>	
<p>Сабақтың барысы</p>	
<p>Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері</p>	<p>Ресурстар</p>
<p>Оқушылармен амандасу. Шаттық шеңберіне тұрғызу; «Серпілген сауал» әдісімен үй тапсырмасын пысықтау; «Өлеңді құрастыр» әдісімен өлең жолдарын шумақтарға жинақтау арқылы 3 топқа бөлу. (Ана туралы)</p>	<p>https://ust.kz/word/adister_qorjyny-60782.html</p> <p>кеспе қағаздар</p>
<p>Ж. «Миға шабуыл» әдісі. Оқушыларға тақырып бойынша бірнеше сұрақтар қойылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қанша жыл ойымда жүрсе де, қашанғы әдетім бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады. «Менің Джакондам Ұлпан». Жазушының қойын дәптеріндегі осы бір сөйлемнен нені ұғамыз? Ортаға сұрақ. 2. Осы сөздерді кім айтты? Жазушының ойынан нені ұғынуға болады? 	

<p>3. Джаконда кім ?ол туралы не білеміз? 4. Ұлпанды неге осы бейнеге теңестіреді? 5. Сіз кімге ұқсатар едіңіз? Дескриптор - сұрақтарға жауап береді. - шығарманың тақырыбын, идеясын анықтайды. - өз пікірлерін айтып, ой түйіндейді. ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы кері байланыс жасау Топтық жұмыс. «Төрт баған» әдісі. Басты кейіпкер Ұлпанның тұлғалық болмысына негізделген қазақ қызына тән портрет дайында. Концептуалды кестені толтыру.</p> <table border="1" data-bbox="159 660 1141 772"> <thead> <tr> <th>Кейіпкер</th> <th>Портреті</th> <th>Мінездеме</th> <th>Кейіпкерге берілетін баға (Сөзбен)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Ұлпан</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор - Кейіпкерге портрет жасайды . - Шығарма кейіпкеріне мінездеме береді . - Кейіпкерге баға беріп ой түйеді. ҚБ. «Мақтау сәндвичі» әдісі арқылы кері байланыс беріледі. Топтық бағалау. Жұптық жұмыс. «Венн диаграммасы» әдісі. Романдағы Ұлпан бейнесін қазіргі кездегі әйел басшылардың бейнесімен салыстыр. Дескриптор: - Тақырыбы мен идеясын анықтайды; - Кейіпкерлерге мінездеме береді; - Кейіпкер бейнесін салыстырады; ҚБ. «Бес саусақ» әдісі ауызша (комментарий).</p>	Кейіпкер	Портреті	Мінездеме	Кейіпкерге берілетін баға (Сөзбен)	Ұлпан				<p>Слайд көрсетіледі.</p> <p>МАН</p> <p>Bilim land</p> <p>Қазақ әдебиеті оқулығы. «Атамұра» Алматы. 2019 194 бет.2 тап.</p> <p>www.google.kz/search?hl=ru-KZ&authuser=0&tbm=isch&</p>
Кейіпкер	Портреті	Мінездеме	Кейіпкерге берілетін баға (Сөзбен)						
Ұлпан									
<p>«Ұлпан – ел анасы» атты ойтолғау жазу. «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі. - Оқушылар тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды шабаданның тұсына жазады. - әлі де оқуым керек толықтыруым керек дегендері болса еттартқыштың тұсына жазады. - керек емес болған ,артық дүниені қоқыс жәшігінің тұсына жазады.</p> <div data-bbox="159 1489 957 1736"> </div>									



I.ЖАНСҮГІРОВ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ

Ә.Ә. СҮЙНАЛИНА
№4 Хромтау орта мектебі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік композициялық талдау жасау.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: әдеби шығармаға сюжеттік композициялық талдау жасай алады. Көпшілік оқушылар: Шығарма желісі бойынша өзіндік көзқарастарын білдіре алады Кейбір оқушылар: шығарма оқиғасынан әлеуметтік мәселелерді анықтай біледі.
Бағалау критерийі	Әдеби шығармаға сюжеттік- композициялық талдау жасайды. Шығарма желісіне орай өзіндік көзқарасын білдіреді; Шығарма оқиғасындағы әлеуметтік мәселелер туралы ой тұжырымдап жазады
Тілдік мақсаттар	Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен термин сөздер: Құлагер, Сағынай асы, Ақан сері, бәйге. Талқылауға арналған сұрақтар: - Қазақ халқы жылқы малын неліктен киелі санаған? - Поэма не себептен «Құлагер» деп атанған? - «Құлагер» поэмасындағы Сағынайдың асы дегенді қалай түсінесіңдер?
Құндылықтарға баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы құндылығы негізінде ата жұртын қадірлеп, құрмет тұтуға, ел тарихын білуге тәрбиелеу, ұлтын сүйген ерлерімізді дәріптеу.
Пәнаралық байланыс	Тарих, жаратылыстану, музыка.
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Ш. Уалиханов «Ыстықкөл күнделігі» әңгімесі

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері
Сабақтың басы 3 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық ахуал. Көңіл күй тренингі Оқушылардың бүгінгі жағдайына көңіл бөлу. Бір-біріне бір тілектен жолдау Ширату жаттығуы: Батырлар жырындағы тұлпарларды таңдау арқылы сыныпты топқа бөліп, суреттер артындағы сұрақтарға жауап беру арқылы алдыңғы білімді пысықтау.
5 минут	    <p>1-топ «Тайбурыл» 2-топ «Байшұбар» 3-топ «Қарақасқа» 4-топ «Тарлан» «Болжау» стратегиясы Төреғали Төрәлінің «Бәйге» видеоролигі арқылы ой қозғап, бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтауына мүмкіндік беремін.</p>

5 минут

Сабақтың ортасы

15 минут



Жансүгіров Ілияс
(1894-1938 жж.)

Ой қозғау: «Құлагер» фильмінен үзінді көрсету.

1. Фильм не туралы
2. Фильмнен қандай ой түйдіндер?
3. Фильмнің соңы немен аяқталады деп ойлайсыңдар?

ТЖ. 1- тапсырма. «Джигсо» әдісі арқылы мәтінді оқып, ойларын ортаға салады.

Дескриптор: Білім алушы

- мәтінді мұқият оқиды, мазмұнын түсінеді.
- мәтін мазмұнын топта талқылай алады.

ҚБ: Басбармақ әдісі арқылы.

ТЖ. 2-тапсырма.

1-топ Тайбурыл: «Әдебиет лотосы» әдістер

Шығарманың аты:

Шығарма авторы:

Шығарманың кейіпкерлері:

Жанры:

Өз ойым:

2-топ Байшұбар: «Оқиға кадры» әдісі

Жоспар құрады

Сюжет бойынша қысқаша әңгімелейді

3-топ Қарақасқа: «Ой тапқыштар» әдісі

Шығарма кейіпкерлеріне қысқаша мінездеме беру:

Ақанды сипаттайды:

4-топ Тарлан: «Дәнекер» әдісі

Шығармадағы әлеуметтік мәселелерді анықтайды.

Дескриптор: Білім алушы

- Шығарманың сюжеттік құрылымына талдау жасайды
- Шығармадағы әлеуметтік мәселелерді анықтайды.

ҚБ: «Академиялық қалпақ» әдісі арқылы кері байланыс

Жасыл қалпақ – өте жақсы жауап.

Сары қалпақ – жақсы жауап

Қызыл қалпақ – әлі де білу қажет.

СЖ Шығарманың идеясын «ПОПС» формуласы бойынша тұжырымдау.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, шығарманың басты идеясы...»

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»


Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынандай қорытынды шешімге келдім...»

Дескриптор: Білім алушы.

- Көтерілген мәселелерді талдайды
- Жеке көзқарасын ұсынады.
- Оқиға желісіне өзіндік тұжырым жасайды.

Сабақтың соңы
5 минут
Үйге тапсырма

Рефлексия



ҚБ: Мұғалім мадақтамасы

«Кұлагер тағдыры» тақырыбында әдеби эссе жазу.

Кері байланыс:

Пирамида әдісі арқылы оқушылар осы сабақ ойынша қанша мәлімет білгендерін қағаз бетіне түсіріп, пирамиданың бөлшектерінің біріне жапсырады.

A FESTIVAL

I.M. TURUMBETOVA
№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы
Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы

5. R1 understand the main points in a limited range of short simple texts on general and curricular topics

(the text “Twinsburg” p.42)

5. W2 write with support a sequence of short sentences in a paragraph on a limited range of familiar general topics

5.W7 use with some support appropriate layout at text level for a limited range of written genres on familiar general topics and some curricular topics

55. C4 evaluate and respond constructively to feedback from others

5. UE1 use appropriate structure “Have got” describing people in a photo

5. C7 develop and sustain a consistent argument when speaking or writing

The main idea: to help students’ to be able to use their knowledge in their real life.

Bringing-up: - to bring up the responsible relationship to the culture and traditions of the people whose language the pupils study.

Lesson objectives. All learners will be able to:

- Use appropriate structure “Have got” describing people in a photo

- To introduce new material

Most learners will be able to: develop and sustain a consistent argument when speaking or writing

Resources: “English Plus –6 grade”, Exercise book, vocabulary, blackboard.

Procedure of the lesson

I. Organization moment: Good morning? Glad to see you! How are you? What date is it today? Who is absent today? What problem has he (she)? Are you ready for the lesson? Let’s start!

II work in class: Ex. 1 p. 42 S.B. Look at the photos. Then read the text and listen. Who are the girls in the photo?

Ex. 2 p. 42 S.B. Read the text again. Answer the questions.

1. Where is the festival?
2. How many people are at the festival this year?
3. Where are Amy and Lauren from?
4. Who are they with at the festival?
5. Why is festival interesting?

Ex. 3 p.42 S.B. Find the phrases in blue in the text and complete the sentences about you.

Ex. 4p. 42 S.B. Ask and answer the questions.

1. Are there twins in your family?
2. Is there a festival every year in your town?
3. Are you very different to your parents?

Ex. 1p. 43 S.B. Look again at the text on p.34.

ҮЗДІК САБАҚ

Then complete sentences 1-4 with forms of have got.

1. I have got my sister and father with me.
 2. She has an identical sister.
 3. We have friends here now.
 4. Some brothers and sisters have got identical clothes.
- Ex.2p. 43 S.B. Choose the correct answers.

We use have got with I, we, you, they.

We use has with he, she, it.

The short form of have got – ‘ve got

The short form of has got – ‘s got

III. Conclusion: - to discuss the lesson.


Home task: WB p.27



ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ ӘДІСТЕРІ

С. ХАСАНОВА

№2 мектеп Ақтөбе қаласы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: мәтінді оқу барысында оқылым стратегияларын тиімді қолдана біледі, негізгі мәселелерді анықтайды, сабақтас құрмалас түрлерін ажырата алады.</p> <p>Көпшілік оқушылар: мәтіннен алынған үзінділермен байланысты сұрақтар құрастырады.</p> <p>Кейбір оқушылар: мәтіннің мақсатын анықтайды, мәтін мақсатының стилі мен құрылымына қалай әсер еткенін анықтайды</p>	
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - мәтінді оқу барысында оқылым стратегияларын тиімді қолдана біледі, негізгі мәселелерді анықтайды, сабақтас құрмалас түрлерін ажыратады - мәтіннен алынған үзінділермен байланысты сұрақтар құрастырады. - мәтіннің мақсатын анықтайды, мәтін мақсатының стилі мен құрылымына қалай әсер еткенін анықтайды. 	
Тілдік мақсаттар	<p>Негізгі сөздер мен сөз тіркестер: гендік инженерия, жасуша, генетикалық карта, тұқым қуалайтын аурулар</p> <p>Сыныптағы диалог/айтылым үшін тілдік бірліктер: менің ойымша, пікірімше, салыстырғанда, қорыта айтқанда</p>	
Құндылықтарға баулу	Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік.	
Пәнаралық байланыс	Биология, химия	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Гендік инженерия мүмкіндіктері, әдістері туралы, медицинадағы жетістіктерді, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін біледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	Ұйымдастыру кезеңі (сәлемдесу, түгелдеу) Ширату жаттығуы. Ынтымақтастық ахуал қалыптастыру. «Достар» ойсергегі.	https://ziatker.kz/docx/dayyssyz_1_men_r_23306.html

	<p>1. Қолын қысыңыз. 2. Арқасын қағыңыз. 3. Күлімсіреңіз. 4. Қол бұлғаңыз. 5. Қол ұстасып 3 рет секіріңіз.</p> <p>Топтарға бөлу. «Пазл» әдісі. Суретті кеспе қағаздарды тарату арқылы сынып оқушыларын 3-топқа - «Биотехнология», «Нанотехнология», «Генетикалық инженерия» топтарына бөлу.</p> <p>«Пікірталас әткеншегі» әдісі арқылы алдыңғы білім тексеріледі.</p> <p>Ішкі және сыртқы шеңбер. 2 топтың оқушылары бір-біріне қарама-қарсы екі шеңбер жасап тұрып (Бір-біріне бетпе-бет, бірі сыртқы, бірі ішкі шеңберде) пікірталас әткеншегін құрады. Ішкі шеңбер сыртқы шеңберге үй тапсырмасы бойынша сұрақ қояды. Жұптардың ауысуы шапалақ белгісі арқылы жүзеге асады.</p> <p>3-топ сарапшы қызметін атқарады.</p> <p>Дескриптор: - Мәтіндегі негізгі мәселелерді анықтайды - Сабақтас құрмалас түрлерін ажырата алады</p> <p>ҚБ «Қол сигналы» тәсілі</p>	<p>Үлестірме материал.</p>
<p>Сабақтың ортасы 4 минут</p>	<p>I. Оқылым алды тапсырма.</p>  <p>Шаруашылықтағы гендік инженерия</p> <p>Суреттерді көрсету арқылы сұрақтар қойылады.</p> <p>1. Гендік инженерияда сен нені ойлап табар едің? 2. Қандай өсімдік немесе жануар түрін жасар едің?</p> <p>Дескриптор: 1. Тақырыпқа қатысты ойды болжайды. 2. Сұрақтарға қатысты өз көзқарасын білдіреді.</p> <p>ҚБ. «Бірін-бірі бағалау» тәсілі</p> <p>II. Оқылым тапсырмасы. (ЖЖ).</p> <p>Оқулықта берілген 7-тапсырмадағы мәтінді оқиды. Мәтін бойынша тапсырма түрлерін орындайды.</p> <p>1. «Ең негізгі мәлімет» тәсілі. Оқушылар кітапты жауып қойып, естерінде қалған маңызды деп санайтын ақпараттарды жазады, ол жайында айтып береді. 2. Мағынаны ұғынуға арналған оқылым әдісі. Оқушылар мәтін бойынша сұрақтар құрастырып айтады. (ГЖ).</p> <p>Дескриптор: ➤ мәтінді оқу барысында оқылым стратегияларын тиімді қолдана біледі, негізгі мәселелерді анықтайды</p>	<p>www.google.kz/search?q=гендік+инженерия&source</p> <p>Қазақ тілі оқулығы. 9-сынып. Алматы «Атамұра». 2019</p> <p>Үлестірме материал.</p> <p>A3 форматы, маркерлер</p>

<p>7 минут</p> <p>7 минут</p> <p>7 минут</p>	<p>➤ мәтіннен алынған үзінділер бойынша сұрақтар құрастырады.</p> <p>ҚБ. «Даналық ағашы» әдісі.</p> <p>III. Оқылымнан кейінгі тапсырма. (ТЖ).</p> <p>«Графикалық органайзерлер» әдісі.</p> <p>1-топ: Ақпаратты сүзу, яғни оқушылар мәтіндегі маңызы жоғары ақпараттарды алып қалады да, маңызы төмен ақпараттарды құбырға ағызып жібереді. «Оқылым мәтіні бойынша сүзгіден өтпей қалған ақпараттар сен үшін қаншалықты маңызды?» сұрағына жауап береді.</p> <p>2-топ: Ақпаратты ұйымдастыру. Себеп-салдарлық диаграмма.</p> <p>3-топ: Мәтіннің жазылу стилін және мақсатын, оның құрылымына әсерін түсіндіреді.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтін қандай стильде жазылған? 2. Мәтіннің мақсаты құрылымына қалай әсер етіп тұр? <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Мәтіндерді ақпараттарды маңыздылығына қарай іріктейді; ➤ мәтін мақсатын анықтап, стилі мен құрылымына қалай әсер еткенін анықтайды <p>ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы топтар бір-біріне кері байланыс беріледі.</p> <p>Тілдік бағдар. Себеп бағыныңқы, мақсат бағыныңқы сабақтастардың жасалу жолдары еске түсіріледі. (ЖЖ). Оқулықтағы 12-тапсырма. «Қос диаграмманы» толтыру. Оқушылар мақсат бағыныңқы және себеп бағыныңқы сабақтастардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін диаграммаға толтырады. Мысалдар келтіреді.</p>  <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Сабақтас құрмалас түрлерін ажыратып, ерекшеліктерін атайды. ➤ Мысалдар келтіреді. <p>ҚБ. «Ауызекі баға» әдісі.</p>	<p>https://www.google.kz/search?q=екі+жұлдыз+бір+тілек&tbm</p> <p>Қазақ тілі оқулығы. 9-сынып. Алматы «Атамұра». 2019</p> <p>https://stud.kz/prezentatsiya/id/21445</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>Рефлексия</p> <p>3 минут</p>	<p>Сабақты қорытындылау.</p> <p>«Оқушы үні» рефлексиясы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мен үшін бүгінгі сабақ құнды болды ма? 2. Мен үшін қандай тапсырма қызықты болды? Мен оны қалай орындадым? 3. Мен неден қиналдым? 	<p>www.google.kz</p>

ҮЗДІК САБАҚ

2 минут	Үй тапсырмасын беру. Елбасының Қазақстан халқына жолдауынан «Биотехнология», «Нанотехнология», «Генетикалық инженерия» тақырыптарына байланысты 3-4 сөйлем теріп жазу, сабақтас құрмалас түрлерін анықтау.
---------	---




МӨҢКЕ БИ. ТӨРТ ТЕНТЕК

Н. ШҮЙІНШАЛИНА
Хромтау қаласы №7 гимназия

Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады.
	Көпшілік оқушылар: Берілген тақырып шеңберінде өз көзқарастарын өмірмен байланыстыра алады.
	Кейбір оқушылар: Тақырып көлемінде өз көзқарастарын өмірмен байланыстыра отырып, түйінді сөз айта алады.
Бағалау критерийі	Әдеби шығармаға сюжеттік композициялық талдау жасайды. Берілген тақырып шеңберінде өз көзқарастарын өмірмен байланыстырады. Тақырып көлемінде өз көзқарастарын өмірмен байланыстырады, түйінді сөз айтады.
Тілдік мақсаттар	Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: Бай, көш, құн, сұңғыла би, кесім, шешім Сыныптағы диалог/жазылым үшін тілдік бірліктер: - «Менің ойымша...», «Тарихқа келер болсақ...», «Ойымды қорытындылай келе...». Мөңке баланың би болуына басты себеп не деп ойлайсыз?
Құндылықтарға баулу	Оқушы бойында ата-бабаларымыздың ұлы істерін дәріптеу, тарих пен мәдениетті қастерлеу сезімдерін дарыту
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, қазақ тілі
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Майқы би

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушы назарын сабаққа аудару. Ширату жаттығулары «Шеңбер ой бөлісу» Оқушылар би, хан, патша, шешендік өнер, қолбасшы, көсем билік айту ... осы сөздер төңірегінде сөз орамдарын түзіп, өз ойларын білдіреді. Топқа бөлу. Пазл әдісі Үш бидің сурет қиындылары арқылы үш топқа бөлемін. Майқы би, Мөңке би, Әнет баба. Тақырыпты болжау. Біздің айтқан әңгімемізден, топқа бөлген суреттерден қарап бүгінгі тақырыбымыз қандай болады деп ойлайсындар?	Суреттер кимасы А/4Ф МАН Стикерлер, маркерлер, Қима қағаздар

	<p>Сабақ тақырыбын болжап, анықталады. Сабақтың оқу мақсатымен таныстырамын. Үй тапсырмасы: Майқы би Алдыңғы сабақ: «Кезбе сұрақ» әдісі Т/Ж. Алдындағы стикерлерге шығармадан сұрақтар құрастырып, жазады. Хат конвертіне салып келесі топтарға жолдайды.</p>  <p>Хатты алған топтар біріге отырып тез арада сұрақтың жауабын айту керек. Қ/Б «Қол сигналы»</p>					
<p>Сабақтың ортасы 25 минут</p>	<p>bilimland порталынан Мөңке би жайында бейнежазба көрсету; С/Ж Оқушылар «Төрт тентек» әңгімесін оқып шығады. Топтарға тапсырмалар беріледі Т/Ж. 1-тапсырма I топ «Уақыт тізбегі» әдісі. «Төрт тентек» әңгімесінің мазмұнын талдай отырып, сюжеттік композициялық талдау жасайды. Поезд вагондарына орналастырады. Шығарманың басталуы Шығарманың дамуы Шығарманың шиеленісуі Шығарманың шарықтау шегі Шығарманың шешімі</p>  <p>Дескриптор: Білім алушы - Шығарманың мазмұнын түсінеді. - Шығармаға сюжеттік талдау жасайды, сызбаға түсіреді. Дескрипторды негізге ала отырып «Бағдаршам» әдісі арқылы кері байланыс беріледі. II топ. Мәтінді сюжеттік талдау: мәтін негізінде</p> <table border="1" data-bbox="497 1906 1219 2024"> <thead> <tr> <th data-bbox="497 1906 876 1944">Сұрақтар</th> <th data-bbox="876 1906 1219 1944">Мәтіндегі жауап</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="497 1944 876 2024">- Бай баланы не себепті қуалады?</td> <td data-bbox="876 1944 1219 2024"></td> </tr> </tbody> </table>	Сұрақтар	Мәтіндегі жауап	- Бай баланы не себепті қуалады?		<p>Бейнежазба https://bilimland.kz/kk/login</p> <p>А/ 4 Ф</p> <p>Қазақ әдебиеті 9-сынып «Атамұра»</p> 
Сұрақтар	Мәтіндегі жауап					
- Бай баланы не себепті қуалады?						


- Байдың астындағы байтал неден үркіді,оның соңы қандай жағдай болды?
- Екі ел арасындағы кеңес қалай болды, не себепті бала Мөңке билік сұрады?
- Мөңке би қандай шешім шығарды?
- Төрт тентек кім болды?

Дескриптор: Білім алушы

- Шығарманың мазмұнын түсінеді.
 - Сұрақтарға жауап береді.
 - Шығармаға сюжеттік талдау жасайды,кестеге түсіреді.
- Дескрипторды негізге ала отырып «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы кері байланыс беріледі.

III топ

Шығармаға сатылай кешенді талдау жасайды «Пирамида» әдісі бойынша шығарма құрылысына сюжеттік - композициялық талдау жасайды.



- Шығарманың тақырыбы-----
- Шығарманың авторы, жанр түрі-----
- Автордың идеясы-----
- Кейіпкерлері-----
- Тәрбиелік мәні-----
- Бүгінгі күнмен байланысы -----

Дескриптор: Білім алушы

- Шығарманың мазмұнын түсінеді.
 - Шығармаға сатылай кешенді талдау жасайды
 - Шығарманың бүгінгі күнмен байланысын айтады.
- Дескрипторды негізге ала отырып «Сендвич» әдісі арқылы кері байланыс беріледі.

Ж/Ж.

2-тапсырма

Төрт тентек әңгімесінің оқиға желісін дамытып жазыңдар.

Дескриптор: Білім алушы

- Шығарма мазмұнын толық түсінеді.
 - Оқиға желісін дамытып жазады.
 - Өз көзқарасын білдіреді.
- Топта бір-бірінің әңгімелерін оқып шығып, ең үздігін таңдайды.

ҚБ: «Ең қызықты әңгіме» әр топтан үш үздік жұмыс таңдалып, дескрипторды негізге ала отырып топтар бір-бірінен кері байланыс алады.

<https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/9-synyp/lesson/sheshendik-sozderding-tarbielik-mani>



50 әдіс

МАН, Үлестірме материалдар 14 күн



ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНЕ САЯХАТ

Р.П. АЛДАБЕРГЕНОВА
«Нұрлы болашақ» балабақшасы, тәрбиеші
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы

Мақсаты: Воскобовичтің ойындары арқылы балалардың танымдық, логикалық, ойлау дағдыларын арттыру.

Міндеттері: Балалардың танымдық қызығушылықтары мен зерттеу дағдыларын дамыту;

Байқағыштықтарын, қиялдарын, есте сақтау қабілеттерін, ойлау қабілеттерін, назарлары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Қоршаған орта туралы көріністерін, математикалық түсініктерді, дыбыс құбылыстарын қалыптастыру.

Табиғатқа сүйіспеншілігін ояту.

Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

– Балалар, қараңыздар, бізге бүгін қонақтар келді.

Олармен сәлемдесейік.

Ұйымдастыру сәті «күлкі сыйла»

Балалар шеңберге жиналды.

Арайлап таң атты

Алтын шуақ таратты

Қайрлы күн қонақтар

Қайырлы күн балалар

Тышқанның музыкасы қосылады.

Ортаға тышқан кіреді.

Тышқан: Сәлеметсіздерме балалар!

– Сәлеметсізбе жаңа жыл!

Тышқан: Балалар сендер қызық көргілерің келедіме?

– Иа

Тышқан: Мен сендермен жыл бойы бірге боламын. Ендеше мен сендерге әр жыл мезгілінің қызығын көрсетейін. Сонымен қатар өзімнің тапсырмаларымды да ала келдім. Сендер менімен бірге поравозбен саяхат жасағыларың келедіме?

– Иа

Поравоздың музыкасы қосылады.

– Барлығы поравозға мінеді.

Балалар саяхатқа жай бармай өлең айтып барайық.

Станцияның музыкасы қосылады.

Барлық поравоздан түседі.

Жаңбырдың музыкасы қосылады.

Тышқан: Ал балақайлар қош келдіңдер менің күз мезгіліме.

– Балалар күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

Күз туралы тақпақ Айым айта қойшы.

Айым: Көктен көзін бір алмай

Қызғылт тартты сары күз

Жер қызығын қиялмай

Маужырап тұр сары күз

– Жарайсын Айым!

– Ал балалар мына тақтайшада күздің бейнесі бейнеленген. Талдардың жапырақтарын орналастырып жіберейік.

Тышқан: Жарайсыңдар балалар!

– Ал енді арықарай саяхатымызды жалғастырайық.

Қане бәріміз поравозға мінейік.

Балалар әнімізді де айтып отырайық.

Станцияның музыкасы қосылады.

Барлық поравоздан түседі.

Қыс мезгілінің музыкасы қосылады.

Ал енді қыс мезгіліме қош келдіңіздер.

– Балалар қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?

Қыс туралы Каусар тақпақ айтқысы келіп тұрған сияқты.

Қ.Каусар: Ауыл маңы қар аппақ,

Қызықтар көп не түрлі

Ақ дәптрді парақтап,

Қыс отырған секілді.

Жарайсын Каусар.

Ал енді менің тапсырмаларды орындай қойыңыздар.

– Балалар шаңғы тепкен баланы, шанамен баланы жапсырады.

Аққаланың ілгектеріне қарап бас киімдерін ким табады? ойынды ойнайды.

Жарайсыңдар балақайлар.

– Ал балалар сергіту сәгін орындап жіберейікші.

Музыкамен сергіту сәгін орындайды.

– Жарайсыңдар балалар біраз серігіп алсаңдар саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.

– Қанекей барлығыңыз поравозға мініңіздер.

– Барлығы поравозға мініп, әрі қарай өлеңдерін айтып көктем мезгіліне келеді.

Станцияның музыкасы қосылады.

Тышқан: Балақайлар менің көктем мезгіліме қош келдіңіздер.

– Ал балалар көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?

– Көктем жайлы біздің Мұхаммед тақпақ айтқысы келіп тұрған сияқты.

Мұхаммед: Көктем болды алақай,

Қуанар барлық балақай.

Көктемде жаңбыр болады,

Бақшаға гүлдер толады.

– Ал балалар көктемде қандай жануар оянады?

– Аю

– Дұрыс айтасындар.
 – Балалар қараңыздаршы анау жерде біреулер тұрған сияқты.
 – Қанекей барлығымыз аюлар сияқты қорбаңдап барайықшы.
 – Балақайлар мына жерде неше аю бар?
 – Бес аю.
 – Неше үй бар?
 – Бір үй.
 – Балақайлар аю біздерде көмек сұрап тұр.
 – Достарына үй жасап беріңіздерші дейді.
 – Төртбұрыш және үшбұрыштан аюларға тақтаға үй жапсырады, түстерін айтады.
 – Аюлар балаларға рахметін айтады.
Тышқан: Жарайсындар балалар сендер қайырымды, ақылды балалар екенсіңдер.
 – Енді ары қарай саяхатымызды жалғастырайық.
 – Қане бәріміз поравозға мінейік.
 Балалар саяхатқа жай бармай өлең айтып барайық.
 Станцияның музыкасы қосылады.
 Барлығы поравоздан түседі.
 Жаздың музыкасы қосылады.
Тышқан: Балақайлар менің жаз мезгіліме қош келдіңіздер
 – Балақайлар жазда қандай өзгерістер болады?
 – Біздің Азизамыз өзінің жазға арналған тақпағын айтып бергісі келіп тұрған сияқты.
Азиза: Жаз келді деп балалар Ойындарын қоймайды
 Қап-қар боп балалар
 Күн ұзағы ойнайды.
 – Жарайсын Азиза.
 – Балалар мына жерде әдемі гүлдер бағы бар екен.

– Айнала қандай керемет, ммм... гүлдердің исі қандай күшті.
 – Қане кей балалар тыныс алу жаттығуын жасап жиберейікші.
 – Коврограф тактайшасында таңғажайып гүлдер бейнеленген. Олардың арасында Гүлшекыз қыз тұрады. Оның түрлі түсті жапырақтары бар екен.
 – Балалар қараңыздаршы Гүлшекыздың күлтелерінің түстері қандай?
 – Қызыл, сары, көк, жасыл деп жауап береді.
 – Балақайлар Гүлшекыз қандай әдемі, бірақ оған бір нарсе жетпей тұрған сияқты.
Тапсырма: – Оған бәріміз әдемі моншақ жасап берсек қалай болды?
 – Иа
 – Ковраграфта ұзын жіп тұрады, балалар оған геометриялық фигура дөңгелектен моншақ жасап береді.
 – Және түстерін, пішінін айтады.
 – Күлімсіреген Қыз, біздерге риза болып тұр.
 – Балалар Гүлшекыз бізге рахметін айтып тұр.
Тышқан: Балақайлар сендер қандай тапқыр, ақылдысындар. Менің барлық тапсырмаларымды тез ойнадап, достарға көмектесе білдіңіздер.
 – Ал енді менің де кететің уақытым болды.
 – Ал мен сендерге естелік ретінде силық беремін. Топтарыңа барғасын апайларың сендерге береді.
 – Қош сау болыңыздар!
 – Балалар біздің бақшамызға қайтатың уақытымыз болып қалған сияқты.
 – Балалар сендерге саяхат ұнады ма?
 Саяхатта сендер қайда бардыңыздар?
 Балалар бүгін сендер кімдерге көмектестіңдер?
 Қонақтармен қоштасады!

ТАБИҒАТ-БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ

А.Р. АСКАРОВА
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақша
психологы
Ақтөбе облысы, Алға ауданы

Сабақ мақсаты:

Білімділік: Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету..

Түзете-дамытушылық: баланың ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту. Ұсақ маторикасын дамыту.

Тәрбиелік: адамгершілікке, қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Сабақ көрнекілігі: суреттер, үлестірмелі материалдар.

I. Ұйымдастыру кезең:

1. «Сүйкімді жануар»

Балалар қол ұстасып, шеңбер құрып тұрады.

– Балалар, біз үлкен сүйкімді жануармыз, – деп психолог апай бастайды.

Балалар психолог апайдың артынан қайталайды.

– Жануардың дем алғанын тыңдайықшы, - деп бір-бірінің дем алғанын тыңдап, терең демалады.

– Ал, енді жүрегінің соққанын тыңдайық: бір

қадам алға - тук-тук, бір қадам артқа – тук-тук. Біздің жануарымыз өте мейірімді, сүйкімді. Ол күннің сәулесінен алған жылулықты бойына жинап, жақсы көңіл-күймен жүреді.

Жарайсыңдар, балалар!

2. Суретпен жұмыс.

Не жоғалды ойыны?

Стол үстіне әртүрлі жануарлар суреті қойылады. Бала көріп болған соң бір сурет жасырылып қойылады. Бала жоғалған суретті табу қажет.

3. Сергіту сәті: джунглидағы жаңбыр.

Нұсқау: балалар қазір бәріміз орнымыздан тұрып, біріміздің артымызға біріміз тұрып, қолымызды созғанда бір-біріміздің арқамызға жететіндей етіп тұрамыз. Мен айтқанда, қолымызбен массаж жасауға кірісеміз. Енді бізді мұқият тыңдаңдар. Джунглидамыз. Күн ыстық. Біраздан соң ақырындап жел соға бастады. Ол жел күшейе бастады. Бір кезде себелеген жаңбыр жауа бастады. Ол жаңбыр күшейіп, селге айналды. Бұршаққа жалғасты. Бұршақ қайтадан селге, сел жаңбырға, одан дауылға, дауыл желге айналып барып басылды. Күн шығып, ауа райы орнына келді. Осы жаттығуды екі-үш рет қайталаймыз.

4. «Кім жылдам» тапсырма

5. «Төрт құбылыс» ойыны

Ойын шарты: Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді.

«Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы.

Балаға қарама-қарсы отырамын, балаға допты лақтырып, сөйлемнің басын айтамын. Допты тосып алған бала сөйлемді аяқтап, допты маған қарай кері лақтыру қажет. Егер бала екі рет сөйлемді аяқтай алмаса, ойыннан шығады. Жылдам орындалуы қажет.

Сөздердің нұсқауы:

Лимон ащы, ал қант ...

Шөп жасыл, ал аспан ...

Ағашты аралайды, ал шегені ...

Құстар ұяда тұрады, ал адамдар ...

Құс ұшады, ал жылан ...

Кеме жүзеді, ал машина ...

Шиені жейді, ал шәйді ...

Әнші өлең айтады, ал құрылысшы ...

Түнде қараңғы, ал күндіз ...

Қорытынды.

Балаларды мадақтау.

Балалар сендерге көп-көп рахмет.

ҚОШ КЕЛДІҢ, АЛТЫН КҮЗ

З.Н. БАЙМАХАНОВА
«Kinder joy» МДҰ тәрбиешісі
Ақтөбе қаласы

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы, білімдерін бақыту, табиғат әсемділігін эстетикалық түрде сезіну. Күз көрінісін, ән, би, ойын арқылы сипаттау. Мерекеге сай безендірілген зал. Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Балалар тәрбиешімен бірге музыкамен залға кіріп, орындықтарға жайғасады.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар! Мінеки өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен айналаны сары алтынға бөлеп күз де келді. Күздің келуін бәріміз асыға күттік. Ал күз бізге мол өнімін сыйға тартуда. Ендеше алтын күзімізге арналған мерекемізді бастаймыз.

Өнер десе жайнаймыз.

Сандуғаштай сайраймыз,

Алтын күзге арналған

Әнімізді шырқаймыз.

Балалар күзде болатын өзгерістерді тақпақпен айтып беріңдерші.

Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап. *Айым*

Келші, келші Алтын күз

Келші, келші жарқын күз

Мерекені жалғастырып,

Ойнап күлші, Алтын күз. *Ибрагим*

Ән салыңдар күлiндер

Жайнап гүлдей жүрiндер

Күздің тойын тойлайық

Би билейiк, ойнайық. *Ақбота*

Пiскен кезде қызанақ

Көз тартар қызыл түсiмен

Барма адам сүйсiнбей

Томат шырынын iшпеген. *А.Ерке*

Жүргізуші: Мінеки, күз келіп, күн суытып, аспан бұлттана бастады.

Ән: «Күзгі бақ»

Жүргізуші: Қараңдаршы балалар бізге қонаққа күз ханшайымы келе жатыр, қане қарсы алайық. (музыкамен күз келеді.)

Күз: Сәлеметсіңдерме балғын балалар! Мені сағына күтіп отырған боларсыңдар. Мен астықты жинап, Табиғат – Ананы қыс мезгіліне әзірлеп қойдым. Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Жүргізуші: Алтын күз! Келіңіз, төрге шығып қонақ болып, балалардың өнерін тамашалаңыздар. Алтын күз! Саған байлығың мен астығың, алуан түрлі жеміс-жидектерің мен алтын түске боялған жайлауың үшін мол алғысымызды айтамыз. Жасаған еңбегіңіздің алғысы ретінде балалардың өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Би: «Аралар» биі

Тақпақ: Мен жүзіммін, жүзіммін

Моншақ болып тізілдім. *Жангир*

Мен шиемін, шиемін

Күннің көзін сүйемін. *Әлмансур*

Мен қызанақ боламын

Барлығыңа ұнаймын. *Аминат*

Өрік, шие балы бар

Қарбыз қауын көбейді. *Әділхан*

Қазанда халқымыз

Тойшыл ол салтымыз

Береке байлығын

Беріп тұр алтын күз

Қыркүйекке еремін

Молшылық беремін. *Айтөре*

Күз: Мен сендерге құр қол келген жоқпын, өзімнің қызық ойынымды ала келдім. Қаласандар бәріміз сол ойынды ойнайық.

Ойын: «Көкөністер мен жемістерді жинау»

Шарты: жерде жатқан көкөніс пен жемістерді бөліп ажырату.

Тақпақ:

Мен алмамын, алмамын

Таңдай жұлар бар дәмім. *Амина*

Алтын сары қызыл көк

Аллуан алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап. *Аянат*

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді. *Мажит*

Аспанда сұрғұлт бұлт

Жан жақтан жабады

Күн бірте суытып

Жауын көп жауады. *Айбат*

Жер берді жемісті

Күз келді келісті

Күз байлық береке

Алтын күз мереке. *Алинур*

(Музыка ойналып, қалың киінген сырқат бала кіреді.)

Сырқат бала: Ой, мына күз мезгілі қандай суық еді, жаурап барамын. Осы мезгілді ұнатпаймын.

Тууу, басым ауырып тұр. Көңіл күйім де болмай тұр. Жаңа маған асыр салып ойнаған балалардың даусы естіліп еді, солар сендер емесіңдер ме?

Жүргізуші: Иә, ол біздің балалар, біз алтын күз мерекесін тойлап отырмыз.

Би: «Флешмоб»

Сырқат бала: Сендерге қарап қызығып тұрмын. Бәрің көңілдісіңдер. Сендердің шаттана қуанған дауыстарың алысқа естіліп жатыр. Ал менің ауырғаным басылар емес, тұмау болып қалған секілдімін.

Жүргізуші: Біздің не үшін көңілді екенімізді білгің келсе, айтайын. Біз денемізді шынықтырамыз, дұрыс тамақтанамыз, жемістер мен көкөністерді көп жейміз, дәруменге толы шырындар ішеміз. Осының бәрің жайдарлы жаз бен жомарт күз тарту етті, сондықтан біз көңілдіміз.

Тақпақ: «Жемістер туралы тақпақтар»

Күз: Балақай! Мен саған да өз жемістерімнен тарту етейін. Олардың құрамында дәрумендер көп. Мә, мына жемістерді ала ғой. Үйіңе барғанда жерсің (жеміс салынған себет береді) Есінде болсын, дені сау балаға ешқандайда ауру жоламайды.

Жүргізуші: Алтын күз дұрыс айтады, балақай! Жемістер денсаулыққа өте пайдалы. Ал біздің балалар саған осы жемістер жайлы ән шырқап берсін.

Сырқат бала: Мен түсіндім. Рахмет (себетті алады.)

Ән: Кап-кап тук, тук, тук

Би: «Матрешка» биі

Күз: Әндерің тамаша екен, өркендерің өссін. Ал енді рұқсат етсеңдер, мен кетейін. Барып бау-бақшамды тексерейін. Сау болыңдар. (Күз кетеді.)

Жүргізуші: Басыңның ауырғаны қойды ма?

Сырқат бала: Жоқ, әлі де мазам болмай тұр. Спортпен шұғылданған денсаулыққа өте пайдалы екеніне көзім енді жетті. Мына биден соң бойым жеңілдеп жақсарып қалған сияқтымын. Көңіл күйімде көтеріле бастады. Мен енді әрдайым спортпен шұғылданатын болам. Сендерге көп рахмет балалар. Маған көп нәрсе үйреттіңдер, сондықтан сендерге алғыс айтып, алтын күздің берген жемістерінен дәм таттырайын (жемістерін береді)

Ал, балалар, мен кетейін, әйтпесе мені анам іздеп қалар. Сау болыңдар. (кетеді)

Жүргізуші: Балалар күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханамыз дәнді дақылдарға, көкөністерге толы болады, бірақ осы байлыққа қол жеткізу үшін көп еңбек ету керек. Балалар бүгін біздің мерекеге кімдер келді? Сендер не істедіңдер? Балалардың жауаптары. Міне, осымен «Қош келдің Алтын күз» аты ереткілігіміз аяқталды. Сізdedі күз мерекесімен құттықтаймын, отбасыларыңызға бақыт, береке тілеймін.

ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

Г. Ж. БЕКЕНОВА

Бестамақ «Болашақ» балабақшасының тәрбиешісі Ақтөбе облысы, Алға ауданы

Мақсаты: Балаларға тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев және Қ.К.Тоқаев туралы мәлімет беру. Мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін, сөздік қорын дамыту. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына патриоттық сезім, Өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері:

Отаным менің кең – байтақ,
Жайнаған сансыз қаласы,
Ел – Отан біздің кең – байтақ,
Отанның біздер баласы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау.

Тосын сәт: «Томпақ»

Томпақ: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен сіздерге қонаққа келдім. Менің атым – Томпақ. Мен сендердің елдерің туралы білгім келеді.

Тәрбиеші: – Сәлеметсіз бе, Томпақ! Келгеніңіз қандай жақсы болды, бүгін бізде мереке, біздің еліміздің – президент күні.

Томпақ: – Мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәрбиеші: Рахмет, Томпақ біздің оқу қызметімізге қатысыңыз.

Томпақ: Енді менің сендерге қояр сұрақтарым бар.

– Балалар, Отаныңыз қалай аталады?

– Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы.

– Тұңғыш президентіңіз кім және президентіңіз туралы не білесіңдер?

– Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаев. Ал қазіргі таңда біздің президентіміз Қ.Тоқаев

1. Айзере: Халқы сенер ақылын елеп ұлдың,
Елінде де қашанда сенер ұлын.

Елбасысы болады да қазағының,
Еңкейтпеді жалауын ер елінің.

2. Бағдаулет: Елбасымыз жолдайды,

Халқы оны қолдайды,

Ешқашанда орынсыз

Шешімдері болмайды.

Елбасы елді қорғайды

Халық қамын ойлайды,

Осындай жақсы адамның,

Жақсылығы тарайды.

Тәуелсіздікті елге сыйлады,

Бейбітшілікті қалады,

Орындалып – арманы,

Халқымызда – ажарлы

Осының бәрі – әрине,

Елбасының – арқасы.

3. Фархат: Нұрсұлтандай атамыз,

Қазақ елін басқарған.

Атамыздай боламыз,

Ел тағдырын ойлаған.

Талай жылдар аңсаған,

Еркіндікті әперді.

Туған елді жерді сүйе,

Деп аманат етеді.

4. Жаннұр: Ауыр күнді артымызға тастауы,

Қиын сәтте қиындықтан қашпауы.

Тілім, дінім, ұлтым қайта көгерген,

Елбасымыз Нұрағанның бастауы.

– Өте жақсы балалар, Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?

– Қазақстан Республикасының рәміздері: ту, елтаңба, гимн.

Тудың авторы: Ш. Ниязбеков.

– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы: Мәлібаев және Уәлиханов.

– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнінің әнін жазған Ш. Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Ж. Нәжімеденов, Н.Ә. Назарбаев.

Д/О: «Өз рәміздерімізді тап»

Шарты: әр елдің рәміздерінің арасынан өз еліміздің рәміздерін табу.

Сергіту сәті: (Балалар бейне таспадағы балалармен бірге орындайды)

– Көрдің бе, Томпақ, біздің балалар өз елінің президенті, рәміздері жайлы барлығын біледі.

Ерасыл: Айнымайды аспаннан,

Біздің тудың бояуы,

Оны халық қашанда,

Биікке іліп қояды.

Жанерке: Елтаңбасы елімнің,

Неткен айбат, әдемі,

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Диана: Ана тілім – ұраным,

Ана тілім – құралым.

Ана тілім болмаса,

Болмас еді жыр, әнім.

– Еліміздің астанасы қай қала?

Балалар: Нұрсұлтан қаласы.

Самұрат: Болашаққа бастаған,

Шарықтайды асқақ ән.

Елордасы Отанның,

Мақтанышы – Астана! (слайд арқылы Астананы таныстыру.)

Ұлттық ойын: «Теңге алу»

Томпақ: – Рахмет, сіздерге балалар, мен қатты қуанып тұрмын, енді Қазақстан елі туралы мен өз ғаламшарымда айтатын боламын. Сау болыңыздар!

Балалар Томпақпен қоштасады.

Тәрбиеші: Егеменді ел болып, тәуелсіздіктің көк

байрағын көтерген сәт – Қазақстанның әр азаматы үшін қуаныш, тарихтың үлкен бетбұрысы болғаны анық. Осының бәрі – еліміздің тұңғыш президенті – Н.Ә. Назарбаевтың арқасында!

Ән: «Қазақстан»

ҮЙ ЖАНУАРЫ. ЖЫЛҚЫ

Э.У. БИМАСHEBA

МКҚК «Нұрлы болашақ» балабақшасы

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. «Жеті қазынаның бірі» жылқының ерекше қасиеттері, құрал саймандары (ер, үйінгі, таға, қамшы) олардың қажеттілігімен таныстыру. Балаларға үй жануарларын қастерлеуге, жылқыны күтіп, баптауға бейімдеу. Қамшы өру сияқты ұмытылған дәстүрлерді үйренуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: слайд, жылқының сайман құралдары т.б

Әдіс-тәсілдері: сөздік, көрнекілік, ойын, сұрақ-жауап

Мотивация-қозғаушылық

Балалар амандасады

Балалар қәне бүгінгі күнімізге сәттілік тілейік

Деніміз сау болсын

Аспанымыз ашық болсын

Ауамыз таза болсын

Еліміз тыныш болсын

Балалар сендерді үйде ата-әжелерің қалай еркелетеді?

Балалар: құлыншағым, ботақаным, құлыным, қозым, еркем т.б.

Сендерді ата-әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша. балалар осы сүйкімді жануарларды біз төрт түлік дейміз.

Балала төрт түлік мал деп қандай жануарларды айтамыз?

Қәне тақтаға қарайық

Слайд:

Сиыр - бұзау

Қой - қозы

Ешкі - лақ

Түйе - бота

Жылқы - тай

Бұлардың адамға пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жесек тамақ, кисек киім. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді

күтім жасайды.

Ендеше балалар осы жануарлардың жүрісін салып көрсетейік.

Сергіту сәті:

Тіктеп тіттей құлағын

Ботам былай жүреді

Сыртылдатып тұяғын

Бұзау былай жүреді

Алға созып мойнын

Ойнақтайды ботақан

Көкке қарай мұрынын

Шүйіреді бұзауқан.

Жарайсындар балалар, бүгін осы төрт түлік малдардың бірі-жылқымен тереңірек танысатын боламыз. Ол үшін біз ауылға саяхатқа барамыз. Жылқы туралы білгілерің келеді ме?

- Иә

Олай болса ауылға әндетіп, көңілденіп барайық

Ән: көңілді балдырған

Балалар міне, біз ауылға да келіп қалдық.

Ата жылқының құрал саймандарын тексеріп, қарап отырады.

Ата: саламатсындарма балалар. Қош келдіңдер

Балалар: сәлеметсіздерме

Ата біздің балалар жылқы туралы тереңірек білгісі келеді.

Жылқы-қазақ даласының екінші есімі. Жылқы киелі жануар болып саналады. Балалар мына алдымызда тұрған жылқының сайман құралдары (Таға, ер-тұрман, қамшысы, үзеңгі).

Үзеңгі-атқа мінгенде аяғын салып мініп, аттан түскенде аяғын салып түсетін маңызды ел әбзелдерінің бірі

Ер – дегеніміз аттың арқасына еріттеп мінітетін ағаш немесе темірден жасалатын құрал

Қамшы – ат үсті құралдарының бірі. Оның ең қатты тиген жерін тіліп түсетін түрін «дырау» деп атайды.

Олардың жасына қарай атаулары болады

1 жаста - құлын

2 жаста - жабағы

3 жаста - тай

4 жаста - байтал

5 жаста - бесті

Ата: Ал, балалар жылқы туралы өздерің не білесіңдер?

Біздің балалар жылқы туралы біраз мағтұматтарды біледі.

Тәрбиеші: балалар жылқының сүтінен қандай суысын жасалынады

Балалар: қымыз

Қымыз көптеген ауруларға ем (өкпе ауруларына ем)

Ал етіненен

Етінен қазы-қарта, жал-жая лайындалады

Балалар тағы да не білеміз жылқы туралы

Жылқы ластанған су ішпейді, ол тек таза су ішеді, шөп жейді.

Жылқыда өт болмайды. Ол күйіс қайтармайды.

Жылқыға жылан жоламайды

Ата: жылқыларды ата-бабаларымыз батырларымыз көлік ретінде де пайдаланған, қазір де пайдаланады.

Қазақтың халық жырларындағы батырлардың қайсысын алсақ та олардың тұлпарлары құр көлік емес, батырдың жан серігі, жебеушісі, құтқарушысы, өте қасиетті жануар ретінде суреттеледі.

Қобыланды Тайбурыл

Ер тарғын Тарлан

Алпамыс Байшұбар

Қабанбай Ақбоз ат

Қамбар Қарақасқа

Бөген Шұбар ат

Жарайсыңдар балалар. Мен қамшы өріп жатыр едім.

Ата олай болса біз сизге көмектесейік

Ойын: қамшы мен таға жасау. (М.Мантессори тәсілі арқылы)

Ата: балалар шөлдеп қалған боларсыңдар. Мына сусынан алып отырыңдар.

Қамшы мен таға жасап атаға береді.

Балалар сендер білім мен қоса өнерлерің де бар екен. Қандай әдемі өрілген.

Ата: олай болса жылқымен ойналатын ойындарың барма?

Ата біздің балалар қазақтың ұлттың ойындарының бірі болған қыз қуу ойынын көрсетеді.

Ойын: қыз қуу

Шарты: қыз бен жігіт атпен жауады бірінші жігіт қызды қуып жетіп бегінен сүю керек

Сосын қыз жігітті қуып жетіп қамшымен ұру керек

Жарайсыңдар балалар

Тәрбиеші: Балалар біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз болды

Ата: балаларым жолға шықпас бұрын дәмнен ауыз қымыз ішіп кетіңдер

Дастарханға отырады.

Тәрбиеші: ата біз дастарқаннан дәм тата отырып сізге жылқы туралы мақал – мәтел айта отырайық.

Жылқы туралы мақал-мәтел, нақыл сөздер:

Қ. Көркем: Жүйрік атқа-жел қамшы.

Ат шабады, құс ұшады

Бейбарыс: Арық атқа қамшы – ауыр

Жақсы ат-жанға серік

І. Көркем: Жылқы – ер қанаты

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар

Жылқы малдың – патшасы

Түйе малдың – қасқасы

Аянат: Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ

Жылқының сүті-шекер, еті-бал

К. Нурали: Ағайын тату болса-ат көп

Абысын тату болса– ас көп

Аттың көркі – құйрығы мен құлағы

Таудың көркі тасы мен бұлағы

Тиым сөздер:

Малды теппе, ақты төкпе

Малдың басынан ұрма

Малға теріс мінбе

Ал балалар біз балабақшаға қайтайық.

Ата: балалар сендер балабақша жылдам баруларың үшін мен сендерге бір-бір тұлпар сыйлаймын.

Қош сау болыңдар!

Ән: тұлпарым

Балалар балақшаға жетіп қалдық.

Тұлпар арқылы оқу қызметін қорытындылау

Балала біз қандай жануарлармен таныстық?

Біз қайда бардық?

Ол жерден нелерді көрдік

Балалар енді топкп баруымыз керек. Қонақтармыз қоштасамыз

Қош сау болыңыздар!



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР-ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Ж.Е. ГАБДУЛЛИНА
Бестамақ «Болашақ» балабақшасының
тәрбиешісі
Ақтөбе облысы, Алға ауданы

Мақсаты: Балалардың мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін кеңейту, рәміздерді құрметтеуге, қастерлеуге, рәміздердің әр элементтерін атауларын жатқа білуге тәрбиелеу.

1. Шаттық шеңбер

Қуан, шаттан, алақай
 Қуанатын күн келді
 Күліп шықты күн бүгін,
 Қайырлы таң!
 Қайырлы күн!

2. Қазақстан гимні орындалады.

3. Д/о: «Күннің шуағы»

Шарты: Балалар сұрақтарға жауап беріп күннің шуағын жинайды.

4. Рәміздер туралы бейнебаян тамашалайық.

Балалар, сендер өте зейінді, ақылды, әдемі, сұлу, дарынды, мейірімді балаларсыңдар. Мемлекеттік туымыз бірыңғай көгілдір түсті. Бұл түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанды елестетеді. Бұлтсыз ашық аспан әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштықпен жақсылықтың нышаны. Көк түс – Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын білдіреді.

Нұрға малынған алтын күн тыныштықпен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өсіп өркендеудің, өмірдің бейнесі. Қанатын жайған қыран құс – бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Күннің астындағы қалықтаған қыран елдің еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан дүниесінің кеңдігін жария етеді. Күн, қыран, ою-өрнек алтын түсті. Қазақстан Республикасы мемлекеттік туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

Елтаңба негізі – Шаңырақ ол елтаңбаның жүрегі. Шанырақ мемлекеттің түп – негізі отбасының бейнесі. Шаңырақ – күн шеңбері. Шаңырақ – киіз үйдің күнбесі. Көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгілігі, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың тәуелсіздікке ұмтылған құлшыныс бейнесі. Шаңырақ айналасындағы уықтарды тұлпардың қанаты қоршап тұр. Бесбұрышты жұлдыз «бағыңыз ашылып, жұлдызыңыз жарқырай берсің» деген асыл арқаны арқалап тұр. «Қазақстан» жазуы қазақ елінің айғағы.

Елтаңбаның авторлары – Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов.

Әнұран мәгінінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс табады. Сонымен қатар асыл мұрамыз – еліміздің кең байтақтығы, жер мен ел байлығы, біздің ұрпақтарымыздың болашағына айқын жол ашатыны көрініс тапқан. Ең бастысы-тәуелсіздігіміздің алтын дінгегі-ел бірлігі баса айтылған.

Әнұран 2006 жылы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының жаңа Әнұраны қабылданды. Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының Әнұраны деп жарияланды. Кезінде Жүмекен Нәжмиденов жазған ән сөзіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен кейбір түзетулер енгізілді.

Әнұран авторлары: Шәмші Қалдаяқов, Жүмекен Нәжмиденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

4. Рәміздер туралы тақпақтар білеміз бе?

– Ту, Елтаңба және Әнұран

1. Көк аспандай көкпеңбек

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен-тек

Елдің ашық қабығы. *Кәусар*

Ақниеті – алтын күн,

Асқақ арман-қыраны.

Жалауы бұл-халқымның

2. Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбәт, әдемі! *Ислам*

Тұнығындай көңілдің

Ортада-аспан әлемі.

Құт, береке, шаңырақ,

Орыналған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ. *Ақерке*

Екі жақтан көмкеркен

Асыл өлкем ерекше,

Қазақстан-мекенім!

Беп-белгілі емес пе,

Сенің ғажап екенің!

Биік болсын шоқтығың,

Атыңды айтам ән қылып. *Аяулым*

Желбіреді көк туың –

Төбемізде мәңгілік

Отан – жерім, Отан – суым,

Отан қуат нәр береді.

Отан – ұран, Отан – туым,

Отан мәңгі гүлденеді! *Аллаберген*

Сергіту сәті: Дөңгеленіп тұрайық

Керегіні құрайық

Шаңыраққа иіліп

Киіз үйді құрайық

Күтпеген сәт: Әже келеді. Амансыздарма балалар – Балалармен сендерге бос келмедім. Сендердің

білімдерінді тексеру үшін бірнеше тапсырмалар ала келдім. Олай болса «Шар жару» ойынын ойнайық. (Жарылған шарлардан тапсырмалар шығады)

1-тапсырма.

«Біз қай Республикада тұрамыз?»

2-тапсырма.

«Отан туралы мақал-мәтел»

1. Отаноттан да ыстық. *Рамазан*
2. Отансыз адам - ормансыз бұлбұл. *Нұрсұлтан*
3. Отан – елдің анасы. *Ақбота*

3-тапсырма.

«Қазақстан Республикасының мелекеттік рәміздері қандай?»

4-тапсырма.

«Қазақстан Республикасының мелекеттік рәміздері туралы қандай тақпақтар білесіңдер?»

– Жарайсындар, балалар! Төрт тапсырманы керемет орындадыңдар.

Балалар біз елімізді сүйемізқане бәріміз бірге қонақпен өз ыстық ықыласымызды Елордамыз Астана қаласына әрқашанда бейбітшілік көгершіндерді жапсырайық.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Қазақстан Республикасы туралы, Қазақстан Республикасының рәміздері туралы, мол мәлімет алды, оның қандай екендігін білді.

Нені игереді: Қазақстанда тұратын әр адамның, сол елдің азаматы екендігін ұғынады.

Нені біледі: Балалар, Қазақстан, туған жер туралы тақпақтар айтып, отанға деген сүйіспеншілігін арттырды

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

А.Б. ДОСОВА
«Болашақ» балабақшасының тәрбиеші
Алға ауданы, Бестамақ аулы

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен, соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын дұрыс атай білуге үйрету. Балаларда қазақ халқының тарихы мен дәстүріне тұрақты қызығушылық таныту; Адамгершілікке, тазалыққа, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқоршы болуға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу

Жылулық шеңбері

«Жылы сөз»

Шашы алтын, көзі-от,
Шыға ғой, Күн тезірек:
Шуақ берші, жылу берші
Менің алтын ұяма
Тағы-тағы, тағы да!
Менің асыл отаныма.

– Балалар қараңдаршы, менің қолымда түрлі-түсті ленталар бар. Балалар бір-бірден лентаны қолдарына ұстап, жоғарыға көтеріміз.

- Түрлі-түсті ленталардан не құрастырылды?
- Біз шаңырақты қайдан кездестіреміз?

Шаңырақ – бейбітшілік, қорғаныс және бірліктің символы, жайлы үйдің символы. Балалар мен сіздерді киіз үйдің ішіне шақырамын, жайғасып отырыңдар.

– Бір тамаша әңгіме тыңдағыларың келедіме?

Бұрынғы өткен заманда бір жас жігіт өз бақытын

табу үшін әлемді шарлап іздеуге шығады. Айлар, жылдар өз бақытын іздейді көптеген елдерді, қалалардан өтеді, өз бақытын еш жерден таба алмайды. Бір күндері еліне қайтпақшы болады, бірақ қайтып баратын жолды ұмытып қалады. Тастың үстіне отырып, басын төмен түсіріп жылап отырады. Бір сәтте жаңына бір қария кісі келеді.

- Неге жылап отырсың? Қайда тұрасың?
- Білмеймін өте алыста тұрамын.
- Елің қалай аталады?
- Білмеймін

– Мен саған көмектесе аламын, егер сен өз елінің халық әнін, салт-дәстүрін айтып берсең?

– Жігіт абыржып қалады, өз елі туралы ештеңе есіне түсіре алмайды, ойланып атаға өз сөмкесін ұсынады.

– Міне қараңыз бұл заттарды мен өзіммен үнемі жол бойы алып жүрдім.

– Балалар қараңдаршы, әдемі қоржында қай елдің заттары бар екен.

Бұл не?

- Қоржын
- Қоржын өрнек
- Торсық
- Тостаған
- Қасық
- Кесе т.б.

– Балалар қай елдің заттары екен? Біз барлығымыз жігітке Өз Отанын, салт-дәстүрін еске түсіруіне көмектесейік.

– Бұрын қазақтар көшпелі халықтар болған, бір жерден екінші жерге көшіп қонып жүрген. Қазақтар өте қонақжайлы халық болған.

Баспанасы – Киіз үй.

Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт-дәстүрді кім біледі?

Балалар айтып береді.

Біз бүгін салт-дәстүрмен танысамыз.

Тосын сәт: Қонаққа әже келеді.

Әже: – Сәлеметсіңдер ме балақандарым.

Балалар: амандасады.

Тәрбиеші: балалар бізге әжеміз салт-дәстүрлеріміздің бірі бесікке салуды көрсетіп береді.

– Балаларым, келіңдер мына бесіктің жанына отырыңдар. Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Мен сендерге Асылжан бөпені бесікке қалай бөлеу керек екенін көрсетемін. Сендер мұқият қарап отырыңдар. Бәрің де осы бесікте жатып, өскенсіңдер.

Әже: Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі, бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды.

Бесікті бала ұйықтағанда шошып-қорықпау үшін сірiңкемен аластаймын. (Бесікті аластайды)

«Алас-алас, пәледен алас,

Иесі келеді, пәледен қаш!

Алас-алас, пәледен алас

Көзі жаманның көзінен алас

Тілі жаманның тілінен алас,

Отсыз омыртқасынан алас»

– Балалар, қараңдаршы бесіктің де, төсеніштің де ортасы ойылып алып тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады.

Ал мынау шүмегі, осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі былғанбай таза болады.

Балалар бөпеміз түбегіне тышшын деп тыштыма ырымын жасап жіберейік.

Тәрбиеші: – Балалар, айтыңдаршы мынау қандай заттар?

– Мынау тарақ, айна.

– Иә, бұл айна мен тарақты кішкентай бойжеткен қызымыз «әдемі болсын» деп, ал мынау не?

– Иә, бұл пышақты бала шошымас үшін жастығының астына саламыз.

– Асылжанды әкел, бесігіне салайық (Бесікке салуды көрсетеді)

– Бөпеміздің ұйқысы тәтті болсын деп «Бесік жырын» айтайық:

Әлди, әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін

Байқұтанның құйрығын,

Жіпке тағып берейін

Әлди, әлди бөпешім,

Қозы жүні көкешім

Жұрт сүймесе, сүймесін

Өзім сүйген бөпешім.

– Бөпеміз ұйықтасын, бесікті тербетейін, ал сендер Асылжанға арнап тілектеріңді білдіріңдерші. Ол өскенде қандай болсын? (Балалар тілектерін білдіреді)

Балалар әжемізге өзіміздің білетін ырым-тиым сөздерімізді айтып берейікші.

Нанның қоқымын жесең – бай боласың.

Бөбек алақанын шапалақтаса – қонақ келеді.

Дастарқаны жалаң қолмен сүртпе – дастарханың жұтайды.

Кірдің суын баспа – ауруға шалдығасың.

* Қазақтар шашты жерге тастамайды – бас ауырады деп ырымдайды.

* Шашты далаға тастамайды, жерге көмеді. Себебі оны құс ұясына салса, иесі дертке шалдығады деп түсінеді.

* Тырнақ өсірмейді – астына шайтан ұялайды дейді.

«Үй сыртында қолағаш» ойыны Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді:

Үй сыртында қолағаш Желбау тартам, есік аш.

Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Ол – есік ашпағанның белгісі.

Ойын бастаушы:

Үй сыртында қолағаш Озам десең, ала қаш -деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамалмен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді. Екі баланың бұрын жеткені әлгі баланың орнына келіп тұра қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Әжеден бата сұрайық.

Әже: «Ас бергенге бас берсін,

Өмірі ұзақ жас берсін

Кетпес дәулет

Кең пейіл берсін

Ата-анасына мейірімді болсын

Қатарының алды болсын

Ырысты, нәсіпті болсын

Еліне елеулі, халқына қалаулы болсын Әумин!»

Тәрбиеші: – Әже батаңыз қабыл болсын! Ауырмай аман-есен жүре беріңіз.

ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ - ТІЛІНДЕ

Н.М. ЕРЖАНОВА
«Нұрлы болашақ» балабақшасы тәрбиеші
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп айтқан сөзінен бастағалы отырмын. Бала тәрбиесі – бүгінгі таңның өзекті мәселесі. «Жас бала дегеніміз- ұрығын жарып, жаңа көктеп келе жатқан жас шыбық, ал ұстаз болса жаңа күтуші болған», – деп орыс әдебиетінің сыншысы В. Белинский айтқандай, біздің, яғни ұстаздар қауымның, жас ұрпақ үшін тәрбие мен білім беру үлкен рөл атқарады.

Менің ізденіс тақырыбым «Балалардың жақсы әдет, мінез-құлықын, баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру». Осы тақырып бойынша ашық оқу қызметтер, жас тәрбиешілерге кеңестер оқып, ата-аналар арасында кеңестер беріп тұрамын. Тәрбиеші жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптастыра алатын, адамгершілік жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын оның түсіндіре алатын адам болуы керек.

Киіз технологиясы, баланың дұрыс дамып жетілуіне және ұлттық құндылықтарды танып өсуіне көмектеседі, Киіз деген ұмыт болған дәстүрлерді сақтау. Таныстыру барысында киізден жасалған төсенішке жеті қазына, жеті ата не жеті керемет сияқты құндылықтары іліп, оны ойын үлгісінде балаларға таныстыруға болатыны айтуға болады. Бұған қоса, балалармен асық арқылы да бала зердесін дамыту әдістерін көрсеттім. Яғни сергіту сәтінде асықты да пайдаландым. Жалпы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектепке дейінгі мекемелерде осындай бұрынғы ұмыт болғанд дәстүрлерді жаңғырту деп білем.

Енді мектепке дейінгі білім беретін мекемелерде де ұлттық материалымызды кеңінен қолдануға болады. Біз осы ашық іс әрекет барысында көз жеткіздік. Бүлдіршіндер таласа-тармаса киіз төсеніштерге жапсырмалар жапсырып жатты, жіп өткізіп ою өрнектреді салып, киіз технологиясын игерді. Ойнап отырып істеген әрекет тезірек қабылданады балалармен. Мысалы ертегілерді, бесік жырын барлығын осы бұйымдарды қолдана отырып, балаларға үйреткенде олар керемет нәрселер жасайды. Жаңа технологияны балалар қызыға, осы кілемшелерге қызыға отырып жіпті өткізеді. Киіз технологиясын қалыптастырып, жетілдіріп, күнделікті қолданысқа икемдеген. Оның ішінде текеметті әшекелеу үшін түрлі ою өрнектермен безендіруге болады. Балалар қызыға жасайды. Осы

арқылы балалардың моторикасын, ептілігін, дәлдігін, жылдамдығын және ой жүйріктігін дамытуға болады. Бұған қоса, әрине, бүлдіршін бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге үлес қосады. Біздің ата-бабамыздан келе жатқан ескіні жаңғырту, яғни, киіз технологиясын, өру технологиясы, тоқу технологиясын пайдалануға болады. Балалардың қолынан келетін нәрселерді көрсетіп жатырмыз. Жас баланың ой-сезім табиғаты-әлі тың, қуатты, мөлдір, таза әрі қабылдағыш. Сол себептен ұрпақтан ұрпаққа жеткен сайын құндылығы артып, рухани қазынамызға айналған бабалар даналығымен баланы ерте кезден бастап нәрлендіріп отыру біртұтас жүйеге айналса, бала бойында адамзатқа жат ықпалдарға берілмейтін және қарсы тұратын рухани иммунитет қалыптасатын болады. Осы дәстүрді жаңғыртуға «ДАНАЛЫҚ ӘЛППЕСІ» ықпал етеді деген үміттеміз. Балабақша ішінде өткізілген ашық оқу қызметінің үзіндісі.

Мақсаты: Халқымыздың қолөнер қазынасы – осы киіз туралы түсінік беру, білімдерін дамыту; Өнерге деген ынта – қабілетін арттыру; Балаларды ұлттық өнерді қастерлеуге, дәстүрді сақтауға тәрбиелеу.

Қазақтың сәндік қолданбалы өнері жайлы түсінік беру. Ұлттық тұтынатын бұйымдармен таныстыру арқылы әсемдік өнерін қастерлеуге үйрету. Халықтың көркем өнеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ою-өрнек туралы мақал- мәтелдер, такпақтар, жаңылтпаштар айтқызу арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Ұжымдық жұмысты бірлесіп жасай білуге, істеген жұмыстарын түсіне білуге тәрбиелеу. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту жағдайында вариативтік компоненттерді инновациялық тұрғыда ұйымдастыру» тақырыбындағы семинарда Данылық әлппесінен. «Әсем қала-Астанам» тақырыпта ашық оқу қызметін көрсеттім. Сонымен қатар балаларға қазақ елінің салт – дәстүрін насихаттау, ұлт жанды болашақ ұрпақ тәрбиелеу мақсатында 2017 жылы ересек топ балаларына «ДАНАЛЫҚ ӘЛППЕСІ» 36 сағаттық бағдарлама жазып дайындап балабақша ішінде жұмыс жүргізілді. Және де бала дүниедегі барлық затты білгісі келіп, оның сыр құпиясына үңілгісі келіп тұратын өте аңғал болып келеді.

«Педагог өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана педагог, оқуды ізденуді тоқтатысымен оның педагогтігі де жойылады» деген К.Д. Ушинскийдің сөзін еске түсіре қажет. Халқымыздың жыр-дастандарын, ән-күйлері мен аңыз-әңгімелерін, шешендік сөздері мен бата-тілектерін жаңаша негізде ұсынған бұл еңбек тың идеяларды тәуелсіз еліміздің жарқын болашағына қызмет еткізу орайында жасалған алғашқы қадам болып табылады.

Адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірбиесі ұрпақтан – ұрпаққа жетіп отырған. Ата – бабаларымыздың көрегендікпен айтып кеткен ұлағатты ой – пікірлерін, өсиет – өнегесін халық даналығының қайнар көзі деп білеміз. Халық даналығы нақыл сөз, мақал – мәтел, шешендік сөз үлгілері және салт – дәстүрлерден көрінеді. Оларда айтылған зерделі ақыл, тапқыр ой, ұтқыр шешім мен тобықтай түйін рухани тағылым ретіндегі ұлттық игілік болып табылады. Халық даналығы атадан балаға мұра болып қалатын ізгілікті іс-әрекеттің

де тәлімді үлгісі. Болашақ ұрпағына өшпес мұра қалдырған, зиялы, ақылгөй адамды данышпан дейді. Ата-ана жүрегінің лүпілін сезе біл, олардың жанарынан көңіл хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш сәулесін көре біл. Ата – ананың көзінен оның жан дүниесін көре білуге жастайыңнан үйрен. Өзгелерге жақсылық жасау арқылы біз ең алдымен өзімізге көмек көрсетеміз. Барлық адамдармен байланыстарыңды сүйіспеншілікке, сыйластыққа негізде. Алдымен ізгі ниеттерге, ал содан соң даналыққа үйрен, өйткені алғашқысыз соңғысына үйрену қиын.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

М.Е. ЕСЕНГЕЛДИЕВА
№1 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы

Мырзамұқан: Армысыздар, халайық,
Бармысыздар, халайық
Наурыз тойын жұп жазбай,
Жылды қарсы алайық!
Жүргізуші: Уа, ағайын халайық!
Мұнда назар салайық,
Мерекесі халықтың
Наурыз тойын тойлайық
Мырзамұқан: Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Жүргізуші: Наурыз бәрімізге бақ береке әкелсін!
Екеуі біріге: Наурыз құтты болсын!
Мырзамұқан: Біздің қыздарымыздың орндауында
«Шашу» биін қарсы алыңыздар!
Жүргізуші: Тақпақтарын айтуға ортаға шығады.
Еркеназ: Құтты болсын, Наурыз,
Үйге ат ізін салыңыз.
Дастарханда барымыз,
Құтты болсын, Наурыз!
Сарқылмасын сары уыз,
Кенелсін көкөніске,
Гүлдеп бакша бауымыз.
Айару Марат: Армысың ағайын,
Бармысың ағайын.
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын.
Айша: Жыл басы Наурыз мереке,
Ақ нұрға әлем боянды.
Наурыз тойы мереке,
Тіршілік жаңа оянды.
Мариям: Қош келдің, Наурызым ардақты,
Халқым саған бар үмітін арнапты.
Жылда осылай келе бергін жасарып,
Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.
Ұлжан: Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алса,
Ол жылы ақ жол болар.
Кәусар: Келді Наурыз жар салып,
Би билейік ән салып.
Жылда келсін Ұлыс күн,
Тұрайық есен қарсы алып.
Ақбота: Ата бабам тойлаған,
Наурызым, армысың.
Қызығына тоймаған,
Дархан дала қарлы шың.
Алма: Ой, халайық, халайық,
Әсем әнге салайық.
Наурыз тойын көнілді,
Бірге қарсы алайық.
Ән: «Наурыз тойы»
Салт-дәстүрден көрініс: «Тұсау кесеу» рәсімін Аян әжесі көрсетеді.
Жүргізуші: Тақпақтар:
Көркем: Құтты болсын Наурыз!
Жалқаулық қас жауымыз.
Дала толып егіске,
Малға толсын тауымыз
Құтты болсын Наурыз!
Қалдырмасын қауіп із.
Бейбітшілік жолында,
Болмасын еш жауымыз.
Рамина: Кел, балалар, ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық
Баянды боп мереке,
Қыр гүліндей жайнайық.
Амина: Күттіріп келген жыл басы,
Бізбенен бірге жырлашы,
Дастарханға елімнің
Береке ырыс сыйлашы.
Мұслим: Осыншама жақсылық,
Алып келген Наурызым.

Төрлет бізге нұр берген,
 Шуақ шашып ақ жүзін.
Тамерлан: Наурыз шаттық әніміз,
 Салтанатты сәніміз.
 Ән саламыз бәріміз,
 Би билейміз бәріміз.
Аян: Ей, достым, тындашы, тындашы,
 Бұл күні күй тартып жырлашы.
 Қанекей, билеші, тұрмашы
 Наурыз ұлы той, Жыл басы.
Жандос: Илесіп Наурызбен көктем жетсін
 Көңілін үлкен кіші, көкке жетсін,
 Еңсесі көтеріліп, ер азамат,
 Ескі жылмен реніш, өкпең кетсін.
Берікқызы Айару: Сәнді көктем нұрымен,
 Наурыз тойы жырымен.
 Көңіл гүлдей жайнасын,
 Наурыз тойы тойлансын.
Ойын: «Тенге алу»
Айтыс: Ақниет пен Әдемі
Ақниет: Ата бабам дәстүрін,
 Үйренуден қашпаймыз.
 «Айтыс» десе сәнденіп,
 Қыздар іздей бастаймыз.
Әдемі: Біржан болып сен келсең,
 Ақын Сараң мен болам,
 Сәйгүлік болып сен шапсаң,
 Аққу құсың мен болам.
Ақниет: Біздің топтың ұлдары,
 Шеттерінен ақылды ақ.
 Жұмбақ, тақпақ бұл тойға,
 Айтып берер тақылдап.
Әдемі: Үй жабдығын бұл тойға,
 Біздің қыздар сәнделді.
 Қонақ күтіп, ән салды,
 Ұлдарынан кем бе еді.
Ақниет: Түрлендіріп қамшы өрсем,
 Қыздарын таң қалады.
 Күмбірлетіп күй шертсем,
 Мұнда думан болады.
Әдемі: Мақтандын ғой жігітім,
 Өнерінді көрейік,
 Көрсет сәнді қамшыңды,
 Біздер баға берейік.
Ақниет: Тойға барам деген соң,
 Домбыра ұстап жетіп ем.
 Шашақталған қамшымды,
 Үйге тастап кетіп ем.
Әдемі: Қалып қойса қамшыңыз,
 Тағы тойға келерсіз.
 Сол қамшыны мына бізге,
 Сонда сыйға берерсіз.
Ақниет пен Әдемі: Қоштасайық халықпен,
 Ақындарын пір тұтқан.
 Сөз өнерін шөлдегенде,

Рахаттана бір жұтқан.
 Көженің жасалу жолдарынан қысқаша әңгімелеп,
 беру. Әжелерге сөз кезегі беріледі.
Жүргізуші: Ер балалардың орындауында «Тұлпарым» биі
Тақпақтар: Айым: Құрт бауырсақ шашылып,
 Наурыз тойы ашылсын,
 Бір бірімен мына жұрт,
 Көрімдігін асырсын.
Арайлым: Қарды ерітіп жылғасы,
 Наурыз келді жыл басы,
 Шуақ төкті жарық күн,
 Мейрамында халықтың.
Айзере: Мал төлдеп, жұрт аққа кенелер,
 Бәйшешек гүлдерді тере бер,
 Бөлініп шуаққа айнала,
 Бұл күні күн мен түн теңелер.
Аяулым: Бәйшешек гүл ашады,
 Мұздар сайға қашады.
 Суға толып өзен, көл,
 Кемерінен асады.
Әділет: Наурыз тойын әдемі,
 Әжем еске түсірді,
 Біздерге арнап әдейі,
 Наурыз көже пісірді
Азаматқызы Айару: Ашылды да кебеже,
 Дәм әзірлеу басталды.
 Әжем наурыз көжеге,
 Жеті түрлі ас салды.
 Арпа, бидай, тары бар,
 Қатық, малта, тағы бар.
 Ішілетін, жейтінің,
 Бұл көжеде бәрі бар.
Диана: Бидай, күріш, тары бар,
 Бар сүт, ет пен шұжығы.
 Ащы құрты тағы бар,
 Көже елдің ырзығы.
 Бата беріп атамыз,
 Бата беріп әжеміз.
 Тәтті болып жасалған,
 Көжеден дәм татамыз.
Ойын: «Қыз қуу»
Ән «Әже»
Бата: Қол жиналып баршанын,
 Теңіз толсын тамшыдан.
 Құт, береке кетпесін,
 Диқан менен малшыдан,
 Бақыт ашып қақпасын,
 Мәңгі бақи жаппасын.
 Пәле жала қазақты,
 Издесе де таппасын.
 Өркендей берсін жеріміз.
 Батыр туған ерлермен,
 Көркейе түссін еліміз, Аумин!

МАТЕМАТИКА ПАТШАЛЫҒЫ

Т.А. ЖАҚСЫЛЫҚ
«Кел, балалар» балабақшасының тәрбиешісі
Ақтөбе қаласы

Мақсаты:

Білімділік: 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы алған білімдерін жинақтау, қорытындылау. 5 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды, сандарды заттармен сәйкестендіре білуді пысықтау. Геометриялық пішіндерді ажыратып дұрыс атап айта білу. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін атай білуді бекіту.

Дамытушылық: Логикалық тапсырмаларды орындату арқылы балалардың тілін ой өрісін, ойлау қабілетін, математикалық тілін дамыту, пәнге деген қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапсырмаларды берілген бағыт бойынша түсініп орындау қабілеттерін арттыру. Қанша еді? Қаншасы қалды? - сұрақтарының дұрыс жауабын бере білуді пысықтау.

Тәрбиелік: Издеп-паздыққа өз ойын жеткізе білуге, өздігінен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Үштұғырлылық: Сәлеметсіздер ме, Здравствуйте, Hello. Көктем-весна-spring: Бір-один-one, екі-два-two, үш-три-tree, төрт-четыре-four, бес-пять-five.

Мотивациялық қозғаушы: Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалар байқайсындар ма бүгін тобымызда бір жылулық бар. Қонақтар келіпті.

Біздер жақсы баламыз

Өсті ақыл санамыз

Қонақтармен ең алғаш

Амандасып аламыз

Сәлеметсіздер ме! Здравствуйте, Hello

Ұйымдастырушылық-ізденіс:

Тәрбиеші: Балалар неше жыл мезгілі бар?

Балалар: 4 жыл мезгілі бар.

Тәрбиеші: Кім мезгілдерді атап береді?

Балалар: Қыс, көктем, жаз, күз.

Тәрбиеші: Қазір қай мезгілі?

Балалар: Қазір көктем мезгілі.

Тәрбиеші: Көктемнің қай айы?

Балалар: Қазір сәуір айы.

Тәрбиеші: Көктем мезгілінің табиғат ерекшеліктері қандай?

Балалар: Көктемде қар ериді, күн жылынады, ағаштар бүршік жарады, құстар жылы жақтан ұшып келеді.

Тәрбиеші: Көктем туралы тақпақтар білесіңдер ме?

Балалар: тақпақтар айтады.

Тәрбиеші: – Балалар мен танертең балабақшаға

келе жатқанда алдымнан пошташы апай шықты. Маған бір хат берді. Оқып көрейік ие кімнен екен

Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен Математика әлемінде тұратын ақылды ханшайыммын. Мен сендерді тапқыр, ақылды балалар деп естідім. Сендермен танысқым келеді. Балалар сендер саяхатқа ақылды Ханшайымға барғыларың келеді ме?

– Қазір біз математика еліне саяхатқа аттанамыз. Саяхатқа немен баруға болады?

Балалар: автобуспен, машинамен, пойызбен т.б.

Тәрбиеші: Бүгін ауа-райы тамаша екен. Ал мен сендерге жаяу серуендеп баруды ұсынамыз. Олай болса жолға шығайық.

Тәрбиеші: Мында ұзындықтары екі түрлі жолдар жатыр?

Балалар: Ұзын және жіңішке.

Тәрбиеші: Екіншісі қандай жол?

Балалар: Қысқа және жалпақ.

Тәрбиеші: Балалар біз ақылды Ханшайымға тез жету үшін қандай жолды тандайық?

Балалар: Қысқа жолды.

«Санау» әні ойналады. Балалар жолға шығады.

1 аялдама «Геометриялық пішіндер».

– О, балалар, біз бір аялдамаға тап болдық. Біз ол аялдаманың атауын білу үшін жұмбақтар шешуіміз керек екен.

Допқа ізі ұқсайды

Ерекше бір пішін бар

Атын оның

Кім табар? (*Шеңбер*)

Төрт бұрышы бар

Төрт қабырғасы бар

Бұл қай пішін

Кімнің есінде бар? (*Төртбұрыш*)

Таба алар ма екенсіңдер

Атына сай балалар

Үш бұрышы, үш жағы бар

Ол пішінді кім табар? (*Ұшбұрыш*)

Тәрбиеші: – Енді таптық па балалар аялдаманың атауын?

Балалар: Иә геометриялық пішіндер.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар. Пішіндер туралы тақпақтар білесіңдер ме?

Балалар осы пішіндер сендерге көптеген заттар құрауға қолдануға болатынын айтады. Кәне сендер өз білімдеріңді, ептіліктеріңді көрсете қойыңдар.

Ойын «Ажырата біл».

Мақсаты: тәулік бөліктерін ажырата білу, бай-кампаздыққа тәрбиелеу.

Шарты: Таратылған суреттер бойынша тәуліктің белгісіне сәйкес орындарын табу.

Біз ақылды баламыз
Күн тәртібін білеміз
Суретіне қарап ап
Орнымызды табамыз.

Жақсы балалар. Саяхатымызды әрі жалғастырамыз. Ой балалар біз суға тап болдық. Ааа қарандар балалар мында көпір бар екен.

Көпірден өту тустерді атап.

2-аялдама «Сандар» (слайд)

Балалар ақылды Ханшайым жұмыстарымен сапарға кеткен кезде сандары орындарын шатастырып, шашылып қалыпты.

Кәне біз орындарын табуға көмектесейік. (теледидардан тапсырмалар орындау)

Балалар кім санамақтар айтып береді?

Жақсы. Балалар Ханшайым мында тағы тапсырма қалдырыпты. Көрейік.

3-Демалу аялдмасы. Сергіту сәті.

Аяқтарды топылдат
Алақанды сартылдат
Оңға бір, солға бір
Бұрыламыз оңай ақ
Басымызды шайқаймыз
Қолымызды бұлғаймыз
Оңға бір, солға бір
Бұрыламыз оңай ақ.
Орнымызда секіріп
Оңға бір, солға бір
Бұрыламыз оңай ақ.

4-«Есепте» аялдмасы (логикалық тапсырмалар шешу)

1. Көгалда 3-мысық ойнап жүрді. Біреуі демалғысы келді. Көгалда неше мысық қалды?

2. Қорапшада 3-қоян демалып жатты. Оларға тағы 1 қоян келіп қосылды. Барлығы неше қоян болды?

3. Ағашта 5-жапырақ өсіп тұрды. Оның 2-уі желге ұшып жерге түсті. Ағашта қанша жапырақ қалды?

4. Бақта 4-балапан серуендеп жүрді. Бір балапан суға түскісі келді. Бақта серуендеуге неше балапан қалды?

5. Жапырақта 3-бақа дем алып отырды. Оның біреуі суға түскісі келді. Жапырақта неше бақа қалды?

6. Жерде 4-қызыл 1 сары алма жатты. 1 қызыл алманы кірпі алып жегісі келді. Жерде қанша алма қалды?

5-«Тапқырлар» аялдмасы. Сурет бойынша тапсырма. (жеке жұмыс)

Тамаша балалар. Сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.

6-«Білгіштер» аялдмасы «Ойын: «Досыңа көмектес»

Мақсаты: математикалық ұғымдардың атауларын атай білулерін бекіту.

Шарты: Тәрбиешінің бағыты бойынша заттарды жинап орналастыру.

Мысалы: үстелдің үстіне алманы қой.

Балалар одан ары жүреді. Міне балалар біз ақылды Ханшайымға да жеттік. (балаларды ақылды Ханшайым қарсы алады)

Балалар: – Сәлеметсің бе, ақылды Ханшайым!

Ханшайым: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Сендер мені қалай таптыңдар? Мен өте қуаныштымын. Ал мен сендермен бір ойын ойнағым келеді. Сендердің тағы да тапқыр әрі жылдам екендеріңді көргім келеді.

Ойын «Тамшылар жинау»

Мақсаты: Сандарды заттармен сәйкестендіре білуін бекіту, жылдамыққа тәрбиелеу.

Шарты: Тамшыларды белгіленген суреттер бойынша шелекке сандармен сәйкестендіріп жинау.

Ақылды Ханшайым: Тамаша балалар сендерге ризамын. Сендер өте ақылды, епті, жылдам, тапқыр балалар екенсіңдер. Сендердің балалабақшаға қайтатын уақыттарыңда келді. Сендердің келгендеріңе, танысқанымға өте қуаныштымын. Сау болыңдар! Сендерді тағы да күтемін. Балалар барған жолдарымен баяу әуенмен топқа оралады.

Рефлексиялық-түзетушілік:

Тәрбиеші: балалар бізді кім қонаққа шақырды?

Қандай аялдмаларға тоқталдық?

Аялдмалардың қандай тапсырмаларын орындай жүрдік.

«Табыс ағашына» шақырады.

Балалар көңіл-күйлерін оқу іс-әрекетінен алған әсерлерін ағашқа әр белгідегі жапырақтарды ілу арқылы білдіреді.



ҮЙ ЖАНУАРЫ - ҚОЯН

Р.Б. ЖАНАБАЕВА
«Нұрлы болашақ» балабақшасының
тәрбиешісі

Мақсаты: Балаларды қыс мезгіліндегі табиғат өзгерістері, үй жануарлары туралы білімдерін жинақтап, олардың пайдасымаңыз, туралы білімдерін пысықтау. Үй жануары қоянмен таныстыру, үй қоянының ерекшелігін ойын-тапсырмалар арқылы таныстыру. Қоянға байланысты тақпақтар айтқызу. Сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге, ұлттық тәрбие негізін, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру қарастырылады.

Шаттық шеңбер.

Ерте тұрып күнде мен.

Тереземді ашамын,

Сәлем деймін күнге мен,

Шаттық әнге саламын.

Қайырлы таң анашым, қайырлы таң әкешім,

Бізді асыға күтетін.

Қайырлы таң тәрбиешім.

Бүгінгі күн ерекше, қайырлы таң бәріңізге!

Жарайсыңдар!

Балалар, жылдың қазір жылдың қай мезгілі?

– Қыс мезгілі.

Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?

– Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз катады.

Қыс мезгілінде қалай киінеміз? Жылы киінеміз.

Қыс мезгілінде неше ай болады? Үш ай болады. желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Балалар дыбыстық жаттығу жасайық.

Боран қалай ұйытқиды? у-у-у-у-уу-у-у-у-у-у-у

Күрткік қар қалай сықырлайды? қырт-қырт-қырт-қырт.

Ал балалар қол тонғанда ай-ай-ай-ой-ой-уф-уф деймізбе?

Жұмбақ шешу.

Ұзын құлақты, жылдам аяқты,

Сәбізді жақсы көреді, ол не? (Қоян)

Балалар бүгін біздер үй қоянымен танысуға ауылда тұратын әженің үйіне қонаққа барамызба? Ия

Олай болса паравозбен барайық.

Әженің ауылынада жеттік. Балалар әжеміз көрінбейді ғой. Балалар жүріңдер үй жануарларының дауыстары естіліп жатыр, мүмкін сонда шығар. Әже шығады. Әжемен амандасады.

Сәлеметсізбе!

Сәлеметсіздерме балалар. Әже үй жануарларын көрсетеді, және олардың адамға тигізер пайдасын

айтады. Сұрақ-жауап арқылы білгендерін сұрайды. Балалар үй жануарлары туралы тақпақтарын айтты.

Әмина: Шөре – шөре лағым,

тентек болма шырағым,

секеңдеме демінді ал,

селтендемей құлағың.

Нұрәли: Құлын-құлын құлыншақ,

Желкілейді тұлымшақ,

Маңдайында жұлдызы,

Құйрығында құндызы.

Аружан: Кіп кішкене момақан,

Қошақанды ұнатам,

Сүйеді апам «қозым» деп,

Қошақаным қозым деп.

Қ/О: «Шырша, бүршік, қоян»

Үй қоянымен таныстырады.

– Балалар, қараңдаршы міне керемет!

– Балалар, ол қайда тұр?

– Торда тұр.

– Қоян жалғыз ба?

– Қоян көжегімен.

– Енді екеуіне ат қояйықшы. Ана қоянға не деп ат қоямыз?

– Мамық деп атайық.

– Ал көжегін қалай атаймыз?

– Үлпілдек.

– Олар ат қойғанымызға қуанған сияқты. Енді қоянға назар аударайық. Қояндар үй қояны және дала қояны болып екіге бөлінеді. Бұл үй қояны, түсі - күлгін. Көжегінің түсі қара.

– Күлгін. Үй қояндары қыста түсін өзгертпейді.

– Қоянның терісі жұқа, жүні жұмсақ мамықтай болады. Көзіне қарайықшы, қандай пішінге ұқсайды?

– Дөңгелекке, сопақшаға ұқсайды.

– Ал, енді құлағына қарайықшы, қоянның құлағы тік ұзынша болып келеді екен. Ол қорыққан кезде құлақтарын төмен қарай салбыратып, бүрісіп отыра қалады. Балалар, байқадыңдар ма, қоянның тұмсығының астында жіп сияқты мұртшалары бар екен, бұл мұртшалар иісті ажыратып сезеді. Қоянның 4 аяғы болады. Алдыңғы 2 аяғы қысқалау, ал артқы 2 аяғы сәл ұзындау. Кішкене ғана құйрығы болады. Қоян қорқақ, өте үркек жануар. Сондықтан да, көбіне ертегілерде қоянды «қорқақ», «ұзынқұлақ», «қыликөз» деп атайды. Ал, енді, қасындағы үлпілдекке қарайықшы. Мамыққа ұқсайды ма?

– Ұқсайды.

– Тек үлпілдек кішкентай екен. (Салыстыру)

– Қоян қандай көкөністі жақсы көретінін білесіңдер ме?

– Қоян сәбізді жақсы көреді.

Балалар сәбіздің түсі қандай?

– Сарғыш қызыл.

– Ал, пішіні ше?

– Сопақшаға ұқсайды. Қояндардың қарны ашып қалмас үшін не істеуіміз керек? Қане балалар өз қолымызбен тамақтандырайық. Балалар сәбізде дәрумендер көп. Осы сәбіздерді қояндар көп жесе мықты, үлкен болып өседі екен.

– Қоян су ішеді, суды аздан жиі-жиі ішеді

– Жем береміз, су береміз.

– Дұрыс айтасындар, сонымен бірге түрлі шөптермен, ағаштың қабығымен, бұтағымен қоректенеді. Балалар қояндардың шөптері бітіп қалыпты, қане шөп салып берейік. Триз арқылы.

... Балалар, қояндар сүйкімді, мейрімді екенін кинодан, мультфильмнен білеміз.

Балалар бізге қояндар риза болған сияқты. Балалар қарандаршы әженің қояндары аз екен ендеше көптеген қоян жасап беріп кетейік.

Матадан қоян жасау. Балалар қоян туралы тақпақ блемізбе?

Көркем: Аққоян-ау, ақ қоян,

Кетпе деймін қасымнан,

Барма сірә мұндай-ақ,

Өз өзінен қорқатын.

Салтанат: Аққоян-ау, ақ қоян,

Үркек қоян, сақ қоян

Қаша берсең орманға,

Қорқағымдеп ат қоям.

Жанайым: Қоян секең қағады,

Сәбізді эздеп табады,

Үйшігіне барады,

Ауқаттанып алады.

Сергіту жаттығуы.

Балалар, бәріміз тұрып қояндар сияқты іс-қимыл жасайықшы.

Д/О: Қояндарға сәбіз сыйлап кетейік, кім шапшаң жинайды? бірақта тапсырмалары бар пішіндеріне қарай жинау.

Әже: Балалар көп-көп рахмет!

Меніңде сендерге дайындаған алмаларым бар, балабақшаларыңызға барғасын жерсіндер. Әже сізге көп-көп рахмет! Біз қоян туралы көп мағлұмат алдық. Енді балабақшамызға қайтайық. Сауболыңыз!

Паравозға отырып балабақшаға оралады.

Қорытындылау.

Балалар біз кімге қонаққа бардық?

Балалардың жауабы.

Әжеден қандай үй жануарлар көрдік?

Балалардың жауабы.

Оның ішінен қандай жануармен таныстық?

Балалардың жауабы.

Ол немен қоректенеді?

Балалардың жауабы.

Әжеге біз қандай жануар жасап бердік?

Қоян

Балалар олай болса әжеден көрген қоянымызды кұрастырайық.

Жарайсындар балалар!

Әжеден көптеген мағұлмат алдық. Қане олай болса қонақтармен қоштасайық.

Қане барлығымыз тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық,

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болайық.

Сау болыңыздар!

СӘБІЗ-ДӘРУМЕН ҒОЙ НАҒЫЗ!

А.У. ЖУБАТОВА

**Бестамакский д\с «Болашак» воспитатель
Актюбинская область, Алгинский район**

ЦЕЛЬ: Учить различать виды транспорта. Расширять знания детей о транспорте и профессиях связанных с транспортом. Развивать речь, мышление, память. Закрепить знания основных правил дорожного движения. Воспитывать дружеские отношения, желание помочь в беде.

ХОД ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.

Утренний круг: «Собрались все дети в круг,

Ты мой друг и я твой друг.

Дружно за руки возьмемся

И друг другу улыбнемся»

Сюрпризный момент:

Ребята, я сегодня получила звуковое письмо. Вы хотите узнать от кого оно, тогда давайте послушаем. (2слайд)

Аудио письмо:

«Здравствуйте, ребята! Мы слышали, что вы много знаете, и решили обратиться к вам за помощью. Мы собираемся отправиться в кругосветное путешествие вокруг земного шара, а вот на чём можно путешествовать, мы не знаем. Помогите, пожалуйста! Ваши друзья Смешарики.»

Ребята, вы готовы помочь Смешарикам? А наш рассказ будет передаваться для Смешариков с помощью интернета и программы СКАЙП, но сначала сделаем

Упражнения для глаз:

Посмотрим глазками на верх, вниз, бабочку, направо, налево и сделали бабочку

Начнём наш рассказ о транспорте со звукоподражания

Игра: «Звуки транспорта» (Видео просмотр и звукоподражание, проговаривание звуков)

Смотрите внимательно на экран и повторяйте (слайд 3)

Продолжим загадками (слайд 4):

1. Крылатый, но не птица, *Амелия*
Летает в небесах.

В мгновение может скрыться
В пушистых облаках (*Самолет*)

